# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
# БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**
**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**«Бекітемін»**
**Академия бастығының**
**оқу ісі жөніндегі**
**орынбасары**
**з.ғ.д., профессор**
**полиция полковнигі**
**_________З.С. Тоқыбаев**

**2016 ж. «_____»__________**

**GPPRK 3210 «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы»**
**пәні бойынша**
**жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

**5В030300 – құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша**

**Оқыту нысаны: күндізгі**
**Курс: 2**
**Семестр: 3**
**Кредит саны: 2 (90 сағат)**
**Дәріс: 15**
**Семинарлық сабақ: 15**
**Практикалық сабақ:**
**ОКӨЖ: 15**
**КӨЖ: 45**
**Емтихан: 41**

**Қарағанды - 2016 жыл**

3.1. Негізгі ақпарат:

3

## 3.1. Негізгі ақпарат:

| | |
|---|---|
| 1.Шифр және мамандық атауы | **6М030300 – «Құқық қорғау қызметі»** |
| 2. Курс, семестр | 2 курс, 3 семестр |
| 3. Пән циклі | Таңдау компоненті . EPRK 2208 |
| 4. Кредит саны | 2 |
| 5. Сабақ өткізілетін орын | Оқу аудиториясы, дәріс залы |
| 6. Дәріскер (**Ф.И.О., должность, ученая степень, др. контактная информация**) | ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы полиция аға лейтенанты заң ғылымдарының магистрі А.Ғ. Ахашев.<br>Жұмыс телефон: 30-33-80 |
| **7. Преподаватели, ведущие остальные виды занятий (Ф.И.О., должность, ученая степень, др. контактная информация)** | - « - |

**3.2. Пререквизиттары:**

«Қазақстан Республикасы экологиялық құқық» пәнін меңгерудің алдында «Мемлекет және құқық теориясы», «Азаматтық құқық», «Қылмыстық құқық», «Конституциялық құқық», «Әкімшілік құқық» және «Еңбек құқығы» курстарын меңгеру қажет.

**3.3. Постреквизиттары:** «Қазақстан Республикасы экологиялық **құқықты** қамтамасыз етудің проблемалары» тәжірибеде заңнама нормаларын қолдануға байланысты іс жүргізушілік циклдың пәндерін одан әрі меңгеру үшін база болып табылады.

**3.4. Пәннің қысқаша мазмұны:**

ҚР ІІМ Жоғарғы оқу орындары жүйесіндегі оқу жоспарына сәйкес экологиялық құқық пәні оқытылатын пәндердің бірі ретінде қарастырылған. Табиғатты тиімді пайдаланудағы қоршаған табиғи ортаны қорғауды мелекет **және жеке тұлға немес заңды тұлғалардың экологиялық құқықтық қатынастардағы қоғамдық реттелуі пәнді оқытудың аталған курсы бойынша нормалары болып табылады.**

Аталған пәнді оқытудың негізінен екі мақсаты бар: Бірінші табиғи қоршаған ортаны қорғаудағы кәсіби білім дайындығы, басқада тапсырмалардың тәжірибелік шешімі, ал екіншіден экологиялық құқықтық тәрбие.

Экологиялық құқықты оқытудың мақсаты жоғары білікті мамандарды

даярлау, **табиғи қоршаған ортаны табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды игеруге үйрету.**

Қысқаша мазмұны (Тақырыптарды қарастырудағы негізгі сұрақтары):

Тақырып № 1-2. Экологиялық құқық-құқық саласы ретінде.

Тақырып № 3. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарына меншік құқығы.

Тақырып № 4. Қазақстан Республикасы табиғатты пайдалану құқығы.

Тақырып №5.Қоршаған табиғи ортаны және табиғатты пайдаланудың механизімі.

Тақырып № 6. ҚР ІІО Экологиялық қызметі.

Тақырып № 7. ҚР Экологиялық жауапкершілігі.

Тақырып № 8. Жерді пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.

Тақырып№ 9. Жер қойнауын пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.

Тақырып № 10. Суды пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.

Тақырып № 11. Орманды қорғау және пайдаланудың құқықтық режимі.

Тақырып № 12. Жануарлар әлемін қорғау және пайдаланудың құқықтық режимі.

Тақырып № 13, 16. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау. Экологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық режимі.

Тақырып № 14. Ерекше қорғалатын аумақтардың құқықтық режимі.

### 3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

| № ЖОБ тақырыптары | Жұмыс түрлері | Мазмұны мен мақсаты | Ұсынылатын әдебиеттерге сілтеме жасау | Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға сәйкес) | Балл (рейтинг шкалаға сәйкес | Есеп беру нысаны | Тапсыру мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1-2 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты-теориялық сабақты бекіту Тапсырмалары: 1.Тақырыпқа қатысты басты әдебиеттерді игеру. 2. Қосымша әдебиеттер мен танысу. 3.Алда болатын семинар сұрақтарына | 1, 4-10, 27, 97-107 | Сұрау Рефераттар Тестілеу | 1-100 | Сұрау Реферат Конспект | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қысқаша дәрістерді конспектілеп дайындалу | | | | | |
| | ТОӨЖ-на дайындығы | Мақсаты-Есепті шешкенде теориялық материалдарды шешуге қолдануды үйрену Есептердің шешімі | 1-10, 24-25 | Сұрау | 1-100 | Есептер-дің жазбаша жауабы | |
| 3 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты-теориялық материалдарды бекіту Тапсырма: 1.Тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру. 2.Қосымша әдебиеттер мен танысу. 3.дебатқа дайындық | 1-10, 16, 27, 97-105, 108 | Дебаттар | 1-100 | Сарапшы хаттама | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты-Іскерлік ойын барысында нормативті актілер теориялық материалдарды игеруде қолдану Тапсырма: Іскерлік ойынға дайындық | 1-10, 24-25 | Case-study қолданудағы іскерлік ойын | 1-100 | Кейс жауаптары | |
| 4 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты теориялық материалдарды бекіту Тапсырма: 1.Тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру. 2. Қосымша әдебиеттер мен танысу. 3.Алдын ала болатын семинар сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау. | 1, 4-10, 27, 97-105 | Рефераттар Тестер сұрау | 1-100 | Рефераттар мен Конспектілердің жауабы | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – есептерді шешу барысында экологиялық | 1-10, 24-25 | сұрау | 1-100 | есептің жазбаша жауабы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | заңнамалардың қолданылуын игеру: есептердің шешімі | | | | | |
| 5 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту.<br>есептер:<br>1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру.<br>2.Қосымша әдебиеттер мен танысу.<br>3.Пресс-конференцияға дайындалу | 1, 4-10, 14-15, 27-38, 97-107, | Сұрақтар | 1-100 | Жауабы | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты - есептерді шешу барысында нормативті актілерді қолдануды игеру: есептердің шешімі | 1-10, 24-38 | сұрау | 1-100 | Жауап есептер-дің жазбаша шешімі | |
| 6 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту:<br>1.Тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру.<br>2. Қосымша әдебиеттермен танысу.<br>3.Ғылыми президанция мен жобаларына дайындық | 12-14, 24, 37-43, 97-102, 109-111 | Ғылыми проектердің сұрақтарын қорғау | 1-100 | Ғылыми презентациялар-дың жауап-тары | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – Есептерді шешу барысында нормативті актілерді қолдануды үйрену Тапсырма: есептердің шешімі | 1-10, 12-14, 24-25, 37-46 | Сұрау | 1-100 | Сұрақтардың жазбаша жауабы | |
| | | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту Тапсырма:<br>1. Тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру. | 12-14, 24, 37-43, 97-102, 109-111 | дөңгелек үстел сұрақтары | 1-100 | жауабы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2.Қосымша әдебиеттер мен таныс<br>3. дөңгелек үстелге дайындық | | | | | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты-Іскерлік ойында нормативті актілерді қолдануды үйрену.<br>Тапсырма: іскерлік ойынға даындық | 1, 4, 9, 12, 24, 25, 38, 44-46, 87 | Іскерлік ойын | 1-100 | Жағыдайды шешу жауабы | |
| 7 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – теориялық білімді бекіту.<br>Тапсырма:<br>1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттер мен танысу .<br>2.Қосымша әдебиеттер мен таныстыру.<br>3. Алдын ала болатын семинар сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау. . | 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131 | Сұрау Реферат Тестілеу | 1-100 | Конспект Жауап-тары | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – тапсырмаларды шешу барысынды нормативті актілерді қолдануды игеру: тапсырмалардың шешімі | 1-10, 24-26, 44-49, 84-89 | Сұрау | 1-100 | тапсырмалардың жазбаша жауабы | |
| | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – теориялық материалдарды бекіту.<br>тапсырма:<br>1. негізгі әдебиеттерді игеру.<br>2. қосымша әдебиеттер мен танысу.<br>3. дөңгелек үстелге дайындық | 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131 | Дөңгелек үстел сұрақ-тары | 1-100 | Жауабы | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – іскерлік ойын барысында нормативті құқықтық актілерді игеру. | 1, 4, 9-12, 24, 25, 38, 44, 46, 85, 86, 88 | Іскерлік ойын | 1-100 | тапсырмалардың шешімі жауабы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тапсырма: іскерлік ойынға дайындығы | | | | | |
| 8 | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту. тапсырма: 1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру. 2. қосымша әдебиеттер мен танысу. 3.дебатқа дайындық | 1-5, 16, 47-58, 97-100, 103-105, 108, 115, 116, 121-129 | Дебат | 1-100 | Сарапшының хаттама-сы | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | мақсаты – іскерлік ойын барысында нормативті құқықтық актілерді игеру. Тапсырма: іскерлік ойынға дайындық | 1-5, 16, 24-25, 47-58 | Case-study қолданудағы іскерлік ойын | 1-100 | кейс шешімі жауап-тары | |
| 9 | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру. 2. қосымша әдебиеттер мен танысу. 3.Алдын ала болатын семинар сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау. | 1, 4, 6, 24-25, 28-30, 32, 59-62, 97-100, 103-105, 130 | Сұрау Реферат Тестілеу | 1-100 | Реферат Конспектілердің жауабы | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту. іскерлік ойын барысында нормативті актілерді қолдана білуді игеру. тапсырма: іскерлік ойынға дайындалу | 1, 4, 6, 24-25, 28-30, 32, 59-62 | Case-study қолданудағы іскерлік ойын | 1-100 | кейс шешімі мен жауабы | |
| 10 | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: | 1, 4, 7, 33, 63-73, 97-100, 103-105, 116, | Сұрақтары | 1-100 | жауаптары | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру..<br>2. қосымша әдебиеттер мен танысу.<br>3.Пресс-конференцияға дайындық | 131 | | | | |
| | ТӨЖ-на дайындық | Мақсаты – тапсырмаларды шешу барысында нормативті құқықты актілерді игеру тапсырма: тапсырмалардың шешімі | 1, 4, 7, 33, 63-73 | Сұрау | 1-100 | тапсырмалардың жазбаша жауабы | |
| 11 | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту.<br>Тапсырма:<br>1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру.<br>2. қосымша әдебиеттер мен танысу..<br>3. Алдын ала болатын семинар сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау. | 1, 4, 8, 22, 24-25, 34, 75-84, 97-100, 103-105, 118 | Сұрау<br>Реферат<br>Тестілеу | 1-100 | Реферат Конспектілердің жауабы | |
| | ТӨЖ-на дайындық | Мақсаты – тапсырмаларды шешу барысында нормативті құқықты актілерді игеру<br>Тапсырма:іскерлік ойынға дайындық | 1, 4, 8, 22, 24-25, 34, 75-84 | Деловая игра | 1-100 | тапсырмалардың шешімі жауабы | |
| 12 | Семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту.<br>Тапсырма:<br>1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру..<br>2. қосымша әдебиеттер мен танысу..<br>3. Алдын ала болатын семинар | 1, 4, 9, 24-25, 34-35, 44-46, 83, 85-89, 97-105, 114 | Ғылыми проектердің сұрақтарын қорғау | 1-100 | Ғылыми презентация жобаларына жауабы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау.. | | | | | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – тапсырмаларды шешу барысында нормативті құқықты актілерді игеру Тапсырма:іскерлік ойынға дайындық | 1, 4, 9, 24-25, 34-35, 44-46, 83, 85-86, 88-89 | Іскерлік ойын | 1-100 | тапсырмалардың шешімі жауабы | |
| 13,16 | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру.. 2. қосымша әдебиеттер мен танысу.. 3. Алдын ала болатын семинар сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау... | 1, 4, 22, 23, 24-25, 62, 97-100, 103-105 | Сұрау Реферат Тестілеу | 1-100 | Реферат Конспект жауаптары | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – тапсырмаларды шешу барысында нормативті құқықты актілерді игеру | 1, 4, 22, 23, 24-25, 62 | Сұрау | 1-100 | тапсырмалардың жазбаша жауабы | |
| 14 | семинарлық сабаққа дайындық | Мақсаты – Теориялық материалдарды бекіту. Тапсырма: 1. тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді игеру.. 2. қосымша әдебиеттер мен танысу.. 3. Алдын ала болатын семинар сұрақтарына қысқаша дәріс және конспект дайындау. Викторинаға дайындық. | 1, 4, 5, 10, 24-25, 44-46, 90, 97-100, 102-105, 114 | Викторина Сұрақтары | 1-100 | Жауап-тары | |
| | ТОӨЖ-на дайындық | Мақсаты – тапсырмаларды | 1-4, 5, 10, 24-25, 44- | Іскерлік | 1-100 | Тапсырмала | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шешу барысында нормативті құқықты актілерді игеру | 46, 90, 97-100, 102-105, 114 | ойын | | рдың шешімі жауабы | |

### 3.6. Курс саясаты:

Тыңдаушыларға қойылатын талаптар:

- сабаққа қатысу;
- ТОӨЖ және ТӨЖ, рейтингтер бойынша тапсырмаларды орындау, семинар сабақтарына жүйелі түрде дайындалу;
- сабақтарда белсенділік таныту;
- тапсырмаларды уақытында орындау;
- пәнді, курстың жекелеген тақырыптарын зерделеуде бастамашылық таныту.
- сабақтан кешігу және кетіп қалуға жол берілмейді:
- сабақ барысында ұялы телефонды қолданбау;

### 3.7. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

| №№ п/п | Автор, атауы | Жылы басылымы орны |
|---|---|---|
| 1. Нормативтік құқықтық актілер | | |
| 1. | ҚР Конституциясы | 30 тамыз 1995 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 2. | ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) | 27 желтоқсан 1994 жыл. //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 3. | ҚР Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) | 1 шілде 1999 жыл. //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 4. | ҚР Экологиялық кодексі | 9 қаңтар 2007 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 5. | ҚР Жер кодексі | 20 маусым 2003 жыл//Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 6. | ҚР «Жер қойнауы жер қойнауын пайдалану туралы» заңы | 24 маусым 2010 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 7. | ҚР Су кодексі | 9 шілде 2003 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | ҚР Орман кодексі | 8 шілде 2003 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 9. | ҚР «Жануарлар әлемін пайдалану және өсімін молайту туралы» заңы | 9 шілде 2004 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 10. | ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы | 7 шілде 2006 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 11. | ҚР «Құқыққорғау қызметі туралы» заңы | 6 қаңтар 2011 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 12. | ҚР «IIО туралы» заңы | 23 сәуір 2014 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 13. | ҚР «Күзет қызметі туралы» заңы | Казақстан 19 қазан 2000 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 14. | ҚР «мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» заңы | 6 қаңтар 2011 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 15. | ҚР «Кеден ісі жөніндегі кодексі» (Кеден кодексі) | 30 маусым 2010 жыл |
| 16. | ҚР «Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік қайта тіркеу» туралы заңы | 26 шілде 2007 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 17. | ҚР «ұлттық қаупсіздік» туралы заңы | 6 қаңтар 2012 жыл |
| 18. | ҚР «халықтың радиоциялық қаупсіздіктен қорғау» туралы заңы | 23 сәуір 1998 жыл |
| 19. | ҚР «атом энергиясын қолдану туралы» заңы | 14 сәуір 1997 жыл |
| 20. | «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 62 бұйрығы |
| 21. | "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 |

| | | |
|---|---|---|
| | және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы | жылғы 7 қазандағы № 42 бұйрығы. |
| 22. | Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 97 |
| 23. | Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 17 қазандағы № 91 бұйрығы. |
| 24. | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереже; | 22 маусым 2005 ж. //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» |
| 25. | Экологиялық құқық бұзушылықтарға қарысы күреске қатысу жөніндегі Ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулық | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы «10» мамыр №201 бұйрығымен бекітілген //Ақпараттық жүйе «Әділет» |
| 26. | Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын жариялау туралы | 28 қазан 2013 жыл // Ақпараттық жүйе «Әділет» |
| 27. | Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы № 282 бұйрығы | 2010 жылғы 23 маусымдағы// Ақпараттық жүйе «Әділет» |
| 28. | ҚР ІІМ бұйрық № 73 «ҚР арнаулы күзет қызмет ІІБтің арнаулы әскери ісіне лайықталған қорғау бөлімшелерін қызметтің ұйымының | 15 наурыз 2006 ж. //Ақпаратты құқықтық жүйе «Әділет» |

| | | |
|---|---|---|
| | ережелерін бекіту туралы» | |
| 29. | «Қазақстанның Ішкі істер министрлігі Тапсырыс экологиялық құқық бұзушылықтың алдын алу және қарсы күрес мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл ережесін бекіту туралы» № 33 бұйрық | 27 қаңтар 2010 ж. // Ақпаратты құқықтық жүйе «Әділет» |
| 30. | Атырау облысының Ішкі істер департаментінің бастығының «Балық қорларына қылмысты сұғу қарсы күрес бөлімінің бекіту туралы» №353 бұйрығы | 30 мамыр 2009 ж. // Ақпаратты құқықтық жүйе «Әділет» |
| 31. | Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту туралы | 2001 жылғы 4 қыркүйек // Ақпаратты құқықтық жүйе «Әділет» |
| 32. | Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы | 2007 жылғы 31 мамыр// Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет» |
| 33. | Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы | 2004 жылғы 18 маусымдағы // Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет» |
| 34. | Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы президенттің жарлығы | 30 мамыр 2013 жыл // Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет» |
| 2. Негізгі әдебиеттер | | |
| 1. | Аубакирова Г.А. Гражданское право (Общая часть). Курс лекций | Караганда, 2010. |
| 2. | Аубакирова Г.А. Гражданское право (Особенная часть). Курс лекций. | Караганда, 2010. |
| 3. | Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. | Караганда: Арко, 2009. |
| 4. | Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Общая | Караганда: КА МВД РК, 2013. |

| | | |
|---|---|---|
| | часть. Электронное пособие | |
| 5. | Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Особенная часть. Электронное пособие | Караганда: КА МВД РК, 2014. |
| 6. | Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. | Караганда: КА МВД РК, 2015. |
| 7. | Бекишева С.Д. Экологическая деятельность правоохранительных органов Республики Казахстан | Караганда: Арко, 2001. |
| 8. | Бекишева С.Д. Экологическая деятельность органов внутренних дел Республики Казахстан | Караганда: Арко, 2002. |
| 9. | Жайлин Г.А. Гражданское право. Том 1. | Алматы, 2003. |
| 10. | Жайлин Г.А. Гражданское право. Том 2. | Алматы, 2003. |
| 11. | Гражданское право. Том 1- Учебник для вузов (академический курс) /Под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. | Алматы, 2000. |
| 3. Қосымша әдебиеттер | | |
| 12. | Абрамов В.А. Правовые и организационные основы деятельности вневедомственной охраны при органах внутренних дел: автореф. дисс. канд. юрид. наук. | Москва., 2001. |
| 13. | Адельшин Р.Н. Договор поставки с участием органов внутренних дел: по законодательству России и Казахстана: автореф. дисс. канд. юрид. наук. | Казань, 2002. |
| 14. | Волкогон А.В. Общество с ограниченной ответственностью: правовое положение и роль органов внутренних дел в обеспечении его деятельности: Автореф. дис. … канд. юрид. наук. | СПб, 2003. |
| 15. | Воробьев А.И. Организация и правовые основы деятельности подразделений вневедомственной охраны при органах внутренних дел | Псков, 2011. |

| | | |
|---|---|---|
| | Российской Федерации по обеспечению охраны имущества физических лиц: автореф. дисс. канд. юрид. наук. | |
| 16. | Кокорин И.С. Гражданско-правовая ответственность за вред, причиненный применением физической силы, специальных средств и оружия сотрудниками органов внутренних дел: Автореф. дис. … канд. юрид. наук. | СПб, 2006. |
| 17. | Косицин И.А. Правовые и организационные основы охраны особо важных объектов подразделениями вневедомственной охраны при органах внутренних дел: автореф. дисс. канд. юрид. наук. | Омск, 2001. |
| 18. | Кулматов Т.Ш. Недействительность сделки по гражданскому праву и правовые средства органов внутренних дел по их предотвращению: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. | М., 1996. |
| 19. | Плюта А.В. Право оперативного управления в учреждениях органов внутренних дел: Автореф. дис. … канд. юрид. наук. | СПб, 2005. |
| 20. | Рубанов С.А. Договор найма служебного жилого помещения с участием подразделений органов внутренних дел и их сотрудников: Автореф. дис. … канд. юрид. наук. | СПб, 2007. |
| 21. | Ручкин О.Ю. Организационно-правовые аспекты участия органов внутренних дел Российской Федерации в договорных обязательствах: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. | Москва, 1997. |
| 22. | 23.Толчёнова Ю.В. Уголовная ответственность за нарушение авторских и смежных прав: | М., 2010. |

| | | |
|---|---|---|
| | Автореф. дис. … канд. юрид. наук. | |
| 24. | Шелайкин Р.С. Гражданско-правовые обязательства, обеспечивающие выполнение отдельных специфических задач ОВД: автореф. дисс. канд. юрид. наук. | СПб, 2006. |
| 25. | Галанов А.С. Административно-правовые меры обеспечения экологической безопасности, применяемые милицией: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. | М., 2001. |
| 26. | Ежов Ю.А. Административно-правовая деятельность экологической милиции: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. | М., 2002. |
| 27. | Лапина М.А. Теоретические и организационно-правовые основы реализации экологической функции государства органами внутренних дел: Автореф. дисс. докт. юрид. наук. | М., 2002. |
| 28. | Борчашвили И.Ш. Причины экологических преступлений. | Караганда: КВШ ГСК РК, 1997. |
| 29. | Борчашвили И.Ш. Экологические преступления: понятие и квалификация. | Караганда: КВШ МВД РК, 1995. |
| 30. | Иманбаев С.М. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика незаконных охоты и добычи водных животных и растений. | Караганда: КВШ КНБ РК, 1998. |
| 31. | Кабдуев А.Е. Уголовно-правовая охрана земельных отношении в Республике Казахстан: Дисс. канд. юрид. наук. | Караганда, 2004. |
| 32. | Куставлетов С.М. Уголовно-правовая характеристика загрязнения, засорения и истощения вод, загрязнения атмосферы и порчи земли. | Караганда: КЮИ МВД РК, 2000. |

| | | |
|---|---|---|
| 33. | Плешаков А.М. Экологические преступления: концепция и система понятий. | //Государство и право. - 1993. - № 8. |
| 34. | Сейтхожин Б.У. Ответственность за незаконную порубку деревьев и кустарников по законодательству Республики Казахстан. | Караганда: Карагандинский юридический институт, 2000. |
| 35. | Умирбаева З.А. Нарушение экологических требований при производстве и использовании экологически потенциально опасных химических, радиоактивных, и биологических веществ: социально и уголовно-правовые аспекты: Дисс. канд. юрид. наук. | Караганда, 2002. |
| 4. Интернет қайнар көздері. | | |
| . | Сокова З.К. Гражданско-правовой договор в сфере функционирования органов внутренних дел | hse.ru›data/2012/07/18/1257567388 |


## 3.8. Сабақтар жосапары

**Тақырып № 1-2. Экологиялық құқық құқық саласы ретінде**

**Сабақ 1** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1.Экологиялық құқық құқық саласы ретінде.
2.Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасы.
2.Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне экологиялық құқықты оқытудың маңызы.

**Дәрістер тезисы:**

1. Болашақ ұрпақ алдында шешімін таппаған елеулі экологиялық проблемалар бар, бұл проблемалар әр түрлі жолдармен шешілуі мүмкін. Аталған проблемаларды шешу үшін заңгерлердің құқықтық әдістері. Ол басқаларынан экологиялық – арнайы құқықтық нормалар, оларға бекітілген шаруашылық және өзге қызметтерге қойылатын экологиялық талаптар, экологиялық құқық бұзушылықтардың заңды жауапкершілік шаралары және

т.б. жататын ерекше құралдармен ерекшеленеді. Көрсетілген нормалар өз жиынтығында экологиялық құқықты құрайды.

Қазіргі экологиялық құқықты құқықтық реттеу пәні ретінде келесі қатынастар шығады:

- жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша;
- қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша (табиғатты қорғау қатынастары);
- табиғат ресурстарын тиімді қолдану бойынша (табиғи ресурстық қатынастар);
- табиғи ресурстардың меншіктік қатынастары;
- экологиялық басқару бойынша қатынастар;
- экологиялық жауапкершілікті жүзеге асыру бойынша қатынастар.

Оларды талдап қорыта келе қоғамдық экологиялық қатынастар ретінде белгілеуге болады.

Қоғамдық экологиялық қатынастар – экологиялық құқықтар мен заңды мүдделерді не экологиялық міндеттерді жүзеге асыру жөнінде туындайтын субъектілер арасындағы қоғамдық өзара байланыс.

Табиғи құбылыстармен байланысты барлық қатынастар экологиялық болып табылмайды, тек қатынас мәні келесі үш белгілерге ие болатындар ғана жатады:

шығу тегінің табиғи көзі, яғни аталған мән жасанды құрылмаған, ол керісінше табиғи жолмен қалыптасқан. Осының салдарынан экологиялық қатынастардың мәнінің оны тауарлық-материалдық құндылықтарынан ерекшелейтін құны болмайды;

қоршаған табиғи ортамен өзара байланыспен, яғни аталған мән табиғи экожүйе құрамында жұмыс істейді. Экологиялық болып табылмайды, мысалы, өмір сүрудің табиғи ортасынан алынған жабайы жануарлар мен құстарды ұстау бойынша қатынастар, өндірісте және тұрмыста суды, газ бен басқа пайдалы қазбаларды пайдалану бойынша қатынастар. Бұл қатынастар құқықтың өзге салаларының нормаларымен реттеледі;

аталған мән қоршаған табиғи ортаның сапасын қамтамасыз етуге, тіршілікпен қамтамасыз ету қызметін орындауға және сол арқылы қоғам үшін құндылықтарды көрсетуге қабылеттілігімен қорытындыланатын әлеуметтік-экологиялық құндылықтармен. Экологиялық құқықпен табиғат құбылыстары, қоршаған табиғи ортаның сапасын қамтамасыз ету міндеті мен қоғам мүдделеріне қайшы тұратын апатты күштер қорғалмайды (мысалы, топырақтың азуы, селдер, су тасқындары, шөлдену және т.б.).

Экологиялық құқық құқық саласы ретінде құқықтық реттеу әдісімен сипатталады.

Экологиялық қатынастарды құқықтық реттеу әдісі құқықтық реттеулердің жариялық-құқықтық және жеке меншік-құқықтық әдістерінің

үйлесуін көрсетеді.

«Экологиялық құқық» саласын құқықтық реттеу мәні мен әдісін біле отырып, келесі анықтаманы тұжырымдауға болады.

Экологиялық құқық – бұл экологиялық құқықтар мен заңды мүдделерді не экологиялық міндеттерді жүзеге асыру бойынша туындайтын қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

2. Құқықтың жеке саласындағы экологиялық құқықты шығару үшін маңызды жағдай тек құқықтық реттеудің ерекше мәнінің болуы емес, сонымен бірге экологиялық құқық көздерінің дамыған жүйесінің болуы болып табылады.

Экологиялық құқық көздері нені құрайды және олар қалай экологиялық заңмен өзара қатынаста болады?

Құқық көздері деп құқықты білдірудің сыртқы түрі түсіндіріледі. Құқық көздері нормативтік акт, құқықтық ғұрып, сот прецеденті, нормативтік шарт, ғылыми-құқықтық доктрина болып табылады. Әрине, аталғандардың барлығы Қазақстан Республикасының экологиялық құқық көздеріне жатпайды. Біздің мемлекетте құқық көздері ретінде нормативтік акт, құқықтық ғұрып, шарт танылады.

Экологиялық құқық көздерінің келесі ұғымын беруге болады – бұл қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейтін нормаларды көрсетудің сыртқы нысаны.

Экологиялық заңнама деп белгіленген тәртіпте қабылданған және қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы түсіндіріледі.

Экологиялық заңнама жүйесіне кіретін экологиялық құқықтың негізгі көздері болып табылады:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су ресурсы;
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексі;
- «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы;
- «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы;
- «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі Заңы;
- «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңы;

- «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңы;

- «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы.

Аталған заңдардан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, министрліктер мен ведомстволардың бұйрықтары сияқты заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің орасан зор саны болады.

«Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы Жарлығының ерекше маңызы болады.

3. Қоршаған табиғат ортасын қорғау облысындағы ҚР ішкі істер органдарының міндеттері болып табылады: экологиялық құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды анықтау, алдын алу және ашу, табиғи объектілерді қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өзге мемлекеттік органдармен карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларын бірлесіп өткізуге қатысу, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде браконьерлікпен күресуде табиғатты қорғау органдарына көмектесу.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі жаңа Заңындағы 6-бап, 2-бөлім, 15-тармағында ішкі істер органдарының карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларын өткізуге қатысу құқығы белгіленген. Бұл аталған заңның кемшілігі болып табылады, себебі алдыңғы заңда 1995 жылдың 21 желтоқсанында мұндай өкілеттік міндет сияқты бекітілген.

Экологиялық білім ішкі істер органдары бөлімшелерінің басым қызметінде қажет. Мысалы, жол-патруль полициясының қызметкерлеріне «ластаушы заттардың шекті берілген шығарындыларының нормативтері», «ластаушы заттардың шекті жол берілген шығарындылары мен төгінділерінің нормативтері» немесе «атомосфералық ауаның ластануы» сияқты ұғымдарды анықтауы қажет.

Болашақ тергеушілерге, анықтаушылар мен жедел қызметкерлерге жануарлар дүниесі, су, орман деп ненің түсіндірілетінін, «аң аңлау» дегеніміз не, ластану бітелуден немесе ерекшеленетінін білу қажет, себебі олармен «Суларды ластау, бітеу және сарқу» 328-бабы, «Заңсыз аңшылық» 337-бабы, «Ормандарды жою және бүлдіру» 341-бабы бойынша және басқа баптардың тұтас қатары бойынша қылмыстар қарастырылады.

Қазірде табиғатты қорғау бөлімдерінің, балық қорларына қылмыстық қол сұғушылықтармен күресу жөніндегі бөлімдердің, жол-патруль

қызметінің қызметкерлерінің экологиялық білімдерінің жетіспеушілігіне шағымданады. ҚР Қылмыстық кодексі де, не ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы Кодексі жоғарыда көрсетілген экологиялық терминдердің түсініктемесін бермейді – мұның барлығын экологиялық құқық нормаларында ғана табуға болады.

Сонымен, таңдау тыңдаушыларда қалады: не экологиялық нормалардың сауатсыз бұзушылары болып қалу, не қалыптасуында Экологиялық құқық маңызды рөл ойнайтын экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында белсенді өмірлік ұстаныммен айналысатын кәсіби болу.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1, 4-10, 27, 97-105

**Сабақ 2** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

1. Экологиялық құқық құқық саласы ретінде.
2. Экологиялық қатынас. Экологиялық құқықтық қатынас.
3. Экологиялық құқық қағидалары.
4. Экологиялық құқық қайнар көздерінің экологиялық заңнамамен ара-қатынасы.

**Тапсырмалар және оларды орындау үшін ұсынылған әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқып үйрену.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін даярлау және алдағы семинар сұрақтарына қысқаша жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: экологиялық құқық құқық саласы ретінде, ғылым және оқу пәні ретінде түсінігі; пән, әдіс және экологиялық құқық жүйесі.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында экологиялық қатынастың және экологиялық құқықтық қатынастың түсінігі мен мазмұнын қарастыру, экологиялық құқықтық қатынастың объектісін және субъектілерін сипаттау.
6. Үшінші сұрақты дайындау барысында экологиялық құқықтың қағидаларының мәнін ашу, қағидалардың классификацияларын қарастыру.
7. Төртінші сұрақты дайындау барысында экологиялық құқық және экологиялық заңнама қайнар көздерінің қатынасын қарастыру.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1, 4-10, 27, 97-105

**Сабақ 3** **ТӨӨЖ - 1 сағат**

**Тапсырмалар:**

**1-есеп.**

Аталған қатынастардың ішінде қайсысы экологиялық құқықпен реттелетінін көрсетіңіз және неліктен?

1. Автобус жүргізушісі жолға аяқ астынан шыға келген тауықты басып кетті.

2. IIO аудандық бөліміне арам шөп плантациясын іздеуді жүргізетін белгісіз топтардың орман алқаптарында пайда болуы туралы ақпарат түсті.

3. Бау-бақша серіктестігінің мүшесі тиісті рұқсатсыз құдықты қазды.

4. Азамат Самураев «Арай» ауыл шаруашылық кәсіпорыны тоғанынан балық аулады және оны базарда сатты.

**2-есеп.**

Аталған қатынастардың ішінде қайсысы экологиялық құқықпен реттелді және неліктен:

1. Ауыл шаруашылық кәсіпорынындағы мүшелікпен байланысты берілген жер учаскесін қазып, азамат Емелин қойма тапты.

2. Полиция қызметкерлерімен адасқан малды табылып, оның иесі анықталғанға дейін жақын маңдағы шаруа қожалық фермасына беріледі.

3. Ибраевтар отбасы өз еркімен шағын бау-бақша жасаған және оны аскөк, ақжелкен, қияр тұқымдарын сепкен электр беретін құрылғылар желісімен жердің пайдаланылмаған учаскесінде егіп өсіруді шешеді.

**3-есеп.**

Оңтүстік-Қазақстан облысыың аудандық сотының қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы істерді қарау кезінде келесідей мәселелерді шешумен қиындықтарды бастан кешті:

- Қазақстан Республикасының ҚК қандай баптары бойынша, егер бұл ретте мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделермен едәуір зиян келтірілсе және біруақытта судың ластануы немесе бітелуі немесе атмосфералық ауаның ластануы өтсе, билікті немесе қызметтік жағдайын асыра пайдалану, немқұрайлылық не басқа лауазымдық қылмыстарды жасау нәтижесінде тазалаушы құрылғыларсыз және жабдықтарсыз жаңа және қайта салынатын объектілерді пайдалануға енгізуде көрінетін әрекетті анықтау қажет?

- су тоғандары мен атмосфералық ауаны ластау деп (заң тұрғысынан) не түсіндіріледі?

- заттардың тастандыларын (шығарындыларын) қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп анықтаған кезде қандай заң критерийлері болады?

- экологиялық қылмыс деп не түсіндіріледі?

Қандай нормативтік актілерде, сот тәжірибесінде аталған мәселе бойынша түсініктемелер табуға болады?

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Пленумының қаулысы экологиялық құқық көзі болып табылады ма?

**4-есеп.**

«Химпром» ӨБ бас инженерінің қылмыстық ісін аудандық сотпен қарау кезінде адамдардың денсаулығы үшін зиянды шекті шоғырланулардан жоғары заттармен өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағын ластауды қалай анықтау керек: қоршаған табиғи ортаны қорғау ережесін бұзылуы қандай немесе еңбекті қорғау ережесінің бұзылуы қандай екендігі туралы сұрақ туындады?

Аталған сұрақ бойынша түсініктеме қандай болуы тиіс?

Ауа, су және топырақ қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнама көмегімен қорғалған кезде заң белгілері қандай?

**5-есеп.**

Азамат Абаев Алматы хайуанаттар бағы аумағында аққуды ұстап алып, өлген құстың етін шығару әрекеті кезінде хайуанаттар бағының күзетімен ұсталынды.

Азамат Абаев әрекеттеріне құқықтық саралау беріңіз. Абаевпен жасалған экологиялық құқық бұзушылық болып табылады ма?

**6-есеп.**

Нормативтік актілердің (төменде аталғандардың) қайсысы экологиялық заңнаманы құрайды:

- «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Ветеринарлық Жарғы;
- ҚР Экологиялық кодексі;
- «Ара шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Өсімдіктердің карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

**7-есеп.**

Азаматтар тобы бұрын демалыс, туризм және әуесқойлық балық аулау үшін пайдаланылған, жергілікті әкімшіліктен жалға алынған көлде тауарлық балықты өсіру үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрады. Серіктестік балық шаруашылығы қағидасын бұзушыны ұстағаннан кейін жеке балық күзетін ұйымдастырды, аталған құқық бұзушылықты экологиялық ретінде анықтап, материалдарды бағалама бойынша шығынды өндіру үшін сотқа бағыттады.

Прокурор олар жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы заңнамаға қайшы келмейтінін байқап, серіктестіктің бұл әрекеттеріне қарсы шықты.

Аталған жағдайда құқық бұзушылық экологиялық болып табылады ма?

Бұзушының әрекетін қалай анықтауға қажет?

**Тапсырмалар және оларды орындау үшін ұсынылған әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды бағасын беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды.

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді.Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын талдау жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай талдау экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары

қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-25

**Тыңдаушылардың өздік жұмысы – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырма:**

1) Глоссарий құру: экологиялық құқық саласы, пәні, әдісі, экологиялық құқық жүйесі.

2) ҚР Экологиялық кодексінің 1 б. конспект жасаңдар.

3 Көрсетілген кодекстегі өзгертілген және толықтырылған жерін сипаттаңдар.

4) Сызба түрінде бейнелеу: «Экологиялық құқық пәні».

5) Ұсынылған тақырыптардың біреуіне реферат дайындау:

1. Қоғам мен табиғат қатынасының нысаны және олардың заманауи кезеңде дамуы.

2. Экологиялық тұжырымдаманың түсінігі мен болмысы.

3. Мемлекет және құқықтың экологиялық шешімі.

4. Қазақстан Республикасындағы экологиялық дағдарыс: түсінігі, себептері, көрсету нысандары, өзара қарым-қатынас жолдары.

5.Қазақстан Республикасындағы экологиялық заңнаманың дамуындағы мәселелер.

6. Экологиялық құқықтың қалыптасуы мен дамуы.

7. Мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқығының түсінігі мен түрлері.

**Өзін-өзі бақылаудың мәліметтері:**

Өзін-өзі бақылау үшін сұрақтарға жауап беру:

- экологиялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастың ортасы;
- құқықтық жүйедегі экологиялық құқыққа заманауи көзқарастар;
-«Экологиялық құқық көздері» және «экологиялық заңнама» түсініктерінің қатынасы.

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді танып білуден бастау керек. Түсініктің, пәннің, әдістің, жүйенің, қағидалардың, экологиялық құқықтың зерттелуіне көңіл бөлу.Зерттеу барысында мемлекет және құқық теориясы курсының жалпы теорялық сұрақтарын қолдану қажет. Экологиялық құқықтың өзге құқық салаларынан басты өзгешеліктерін талдап шығу.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 27, 97-105

**№ 3 - тақырып. Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстарға меншіктік құқығы**

**4-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстарға меншік құқығының ұғымы және мазмұны .
2. Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстарға меншік құқығының түрлері.
3. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғауы.

**Дәріс тезистері:**

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 6-бабына сәйкес «жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін». Табиғи ресурстар Қазақстан Республикасының егемендігінің материалдық негізін құрайды, сондықтан мемлекет меншіктік қатынастарын құқықтық реттеуге көп мән береді.

Табиғат ресурстарына меншіктік құқығын заң аспектісінде екі сапада қарастыруға болады: құқықтық институт ретінде және меншіктік құқығының жиынтығы, яғни объективті құқық ретінде және субъективті құқық ретінде.

Объективті мағынада табиғат ресурстарына меншіктік құқығы – бұл табиғат ресурстарын иелену, пайдалану және басқару бойынша қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Субъективті мағынадағы табиғат ресурстарына меншіктік құқығы деп табиғат ресурстарын иелену, пайдалану және басқару бойынша нақты меншік иесінің құқықтарының жиынтығы түсіндіріледі.

Меншіктік құқық объектілері болып жер, жер қойнауы, су, өсімдік және жануарлар әлемі табылады.

Меншіктік құқығының объектілері ретінде табиғат ресурстарын сипаттайтын негізгі белгілер болып табылады:

1. Затқа айналушылық. Бұл белгі бойынша меншіктік құқығының объектілері атмосфералық ауа, климаттық ресурстар, күн энергиясы болып табылмайды, себебі өзінің объективтік сапасы бойынша олар беру және меншіктікке айналу заты бола алмайды.

2. Қоршаған табиғат ортасынан ажырамаушылық. Егер табиғат ресурстарының бөлінуі (мысалы, ормандағы ағаштарды кесу) өтсе, табиғат ресурстарына меншіктік жағдайы (аталған жағдайда өсімдіктер дүниесіне) тоқтатылса, тауарлық-материалдық құндылықтарға (ағаштарға) меншіктік құқығы туындайды.

3. Құнның болмауы. Қоғамдық қажетті адам еңбегі шығындарының жиынтығы ретінде құнның болмауы – табиғи объектілердің табиғи, эволюциялық шығуының нәтижесі. Шындығында, бұл фактор жердің ақшалай бағасын, барлық табиғатты пайдаланудың ақылылығын шешпейді.

Табиғат ресурстарына меншіктік құқығының субъектілері мемлекет, жеке және заңды тұлғалар, шаруа (фермер) қожалықтары болып табылады.

Табиғат ресурстарына меншіктік құқықтық мазмұны үш құқықты құрайды: иелену құқығы, пайдалану құқығы, басқару құқығы.

Иелену құқығы – табиғат ресурстарын нақты иеленуді жүзеге асырудың заңды қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Пайдалану құқығы – табиғат ресурстарынан пайдалы табиғи қасиеттерді оларды тұтыну барысында алудың, не жемістерін, төлдерін өсіру табысы түрінде және өзге нысандарда табиғат ресурстарын қолданудан пайда алудың заңды қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Себебі, жер телімін жалға беруші жалға алу төлемін жалға алушыдан алады.

Басқару құқығы – табиғат ресурстарының заңды тағдырын анықтаудың заңды қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Заңды тағдыры заң актілерінің, мысалы, сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту мәмілелерінің табиғат ресурстарына қатысты жасау жолымен анықталады. Мемлекет табиғат ресурстарының мақсатты пайдаланылуын өзгерте алады, пайдалану мен қорғаудың ерекше құқықтық режимін анықтай алады.

2. Табиғат ресурстарына меншіктік құқық субъектілерінің тәуелділігі екі түрге бөлінеді: табиғат ресурстарына жеке меншік құқығы және табиғат

ресурстарына мемлекеттік меншік құқығы. Жеке меншік құқығына тек жер ғана конституциялық бекітілген.

ҚР Жер кодексінің 12-бабының 32-тармағына сәйкес жерге жеке меншік құқығы азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі жер учаскесін осы Заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы болып табылады.

Табиғат ресурстарына мемлекеттік меншік құқығын объективті және субъективті мағынада қарастыруға болады.

Объективті құқық ретінде табиғат ресурстарына мемлекеттік меншік құқығы – бұл мемлекетке табиғат ресурстарының тиесілігін бекітетін, сондай-ақ олармен иеленуді, пайдалану мен басқаруды реттейтін және меншік иесінің құқығын қорғау және күзету шараларының жиынтығын қарастыратын құқықтық нормалардың жиынтығы.

Субъективті табиғат ресурстарына мемлекеттік меншік құқығы – бұл табиғат ресурстарын біреуден иеленуге, пайдалануға және басқаруға тәуелсіз және өз қарауынша мемлекеттік мүмкіндігі.

Табиғат ресурстарына мемлекеттік меншік құқығының объектілері болып жер, жер қойнауы, су, өсімдік және жануарлар әлемі және өзге табиғат ресурстары табылады. Мемлекет меншігінде табылатын табиғат ресурстары табиғат ресурстарының бірыңғай мемлекеттік қорларын түзеді.

Табиғат ресурстарына мемлекеттік меншік құқығының субъектісі Қазақстан Республикасы болып табылады. Мемлекет атынан мемлекеттік меншікті басқарады, оны пайдалану бойынша ҚР Үкіметінің шараларын әзірлейді және жүзеге асырады.

3. Табиғат ресурстарына меншік құқығын қорғау деп мемлекетте белгіленген табиғат ресурстарына меншіктік құқығын сатып алу және тоқтату тәртібі мен табиғат ресурстарына меншік иесі ретінде мемлекет пен өзге тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған қызмет түсіндіріледі.

Табиғат байлықтарына меншік құқығының мүмкін бұзушылықтарының негізгі түрлері ҚР Қылмыстық кодексінде, ӘҚБК, ҚР Азаматтық кодексінде айтылған. Оларға жерді заңсыз сатып алу-сату немесе жер телімдерін өз бетімен алу; жер қойнауын өз еркімен пайдалану; су объектілерін өз бетімен тартып алу; өз бетімен суды пайдалану; суды пайдалану, орман пайдалану құқығына, жануарлар дүниесінің объектілерін пайдалану құқығына өз бетімен жол беру және т.б. сияқты заңға қайшы мәмілелер жатады.

Табиғат ресурстарына меншіктік құқығын қорғау тек жауапкершілік шараларымен ғана емес, сонымен бірге табиғатқа, оның байлығына мұқият қарау рухында азаматтарды тәрбиелеу, сақтандыру, профилактика шараларымен жүзеге асырылады.

Қорғау қызметіндегі маңызды рөл ішкі істер органдарына тиесілі. Табиғат ресурстарына меншіктік құқығын қорғау міндеттері «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР 2014 жылғы 23 сәуірдегі

Заңның мағынасынан туындайды. Осы міндеттерді шешу кезінде ІІО ескерту-профилактикалық сипаттағы және мәжбүрлеу сипатындағы шаралардың тұтас жүйесін қолданады.

Ескерту-профилактикалық шаралар тексерулер, заңнаманы сақтау айлықтарын, табиғат ресурстарын пайдалануды тексеру, құқықтық білімдерді насихаттау өткізуде қорытындыланады. Мәжбүрлеу шараларына келетін болсақ, онда оның құрамына әкімшілік ескертулер шығару, құқық бұзушылықтардың алдын алу, табиғатты қорғаумен байланысты бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заңды жауапкершілік шараларын қолдану жатады.

Әкімшілік ескерту табиғат ресурстарына меншіктік құқығын бұзушылық айқын болған жағдайларда қолданылады. Бұл жағдайларда ІІО сәйкес кәсіпорындарға, мекемелерге, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға қатысты нұсқаулармен, талаптармен немесе ұйғарымдармен қолданады. Мұндай тектегі бұзушылықтар қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайларда, олар анықтау немесе алдын ала тексеру өткізу жолымен ІІО қайтарылады.

ҚР заңнамасымен сәйкес ІІО  қызметкерлері, егер өз бетімен кеткен құрылыс салушылар жазбаша талаптарға қарамастан, құрылысты тоқтатпаса және өз күштерімен және өз есебінен олармен тұрғызылған құрылысты бұзбаса, өз бетімен тұрғызылған құрылысты бұзу туралы әкімшіліктердің шешімдерін орындауға келтіру бойынша қажетті көмек көрсетеді. Әсіресе ІІО  алдында жеке гараждардың өз бетімен құрылысының алдын алу және болдырмау қажеттілігі жиі туындайды.

ҚР Ішкі істер министрлігі жүйесінде объектілерді қорғау бойынша арнайы бөлімшелер құрылды. Көбінесе, табиғи объектілерді қорғаумен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған қорғау бөлімшелері айналысады.

Осылайша, табиғат ресурстарына меншіктік құқығын бұзатын заңсыз және озбырлық әрекеттердің алдын ала отырып, ІІО  қоршаған табиғат ортасын қорғау бойынша қызметке өзінің пайдалы үлесін енгізеді.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 16, 27, 97-105, 108

**Сабақ 5** **Семинарлық сабақ – 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

**Нұсқа 1**

**ДЕБАТТАР**

**Тақырып:** Мемлекеттік меншіктің табиғи қорларын – халықтың пайдалануына құқығы барма?

**Қарастырылатын аспектілер:** саяси, қоғамдық, экономикалық, халықаралық, экологиялық, психологиялық, жанұялық

**Орындау бағасына өлшемдер**:

Орындаудың мазмұны. Толықтылығы. Нақтылылығы. Саналылығы.

Сұрақтарға жауаптардың мазмұндылығы. Шапшаңдылығы. Икемділігі. Құрылымдылығы. Жүйелілігі. Қисындылығы.

Уақытты пайдалану ұтымдылығы. Сұрақтардың құрылымы. Проблемалылығы. Нақтылық. Анықтылығы. Тілдесу мәдениеті.

Сөйлеу мәнерлілігі. Сұхбаттастарымен араласу әдебі. Оларға сыпайы жауап бере алу. Мағлұматтарды еркін игеру.

**Тапсырмалар және оларды орындау үшін ұсынылған әдістемелік ұсыныстар:**

1. Растау тобы мен жоққа шығару тобын ұйымдастыру (жеті спикерден), топ ішіндегі тезисті айқындайтын аспектілерді үлестіру; төрағаны, үш сарапшы, тайм-киперді таңдау.
2. Топ позициясын растайтын дәлелдер, куәліктер (цитаталар,фактілер, статистикалық деректер) дайындау.
3. Қарсылас топ спикерлеріне екіжақты сұрақтар әзірлеу.
4. Қалған тыңдаушылар журналист рөлін орындап спикерлерге сұрақтар дайындайды. Журналисттер арасында ең қызықты сұрақ сайысы өткізіледі.

**Сабаққа дидактикалық және өзге де мәліметтер:**

Сарапшы хаттамасы, мағлұматты парақшалар, нормативтік құқықтық актілер (ҚР жер кодексі, ҚР экологиялық кодексі, ҚР азаматтық құқығы)

**Нұсқа 2**

**(сұрақ-жауап түрінде,талқылау)**

**Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:**

1. Табиғат қорларына мемлекеттік меншік құқығының субъектілері мен объектілері.

2. Табиғат қорларына жеке меншік құқығы.

3. Табиғат қорларына жеке меншік құқығының субъектілері мен объектілері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқыту әдебиетін оқып білу.
2. Қосыша әдебиеттермен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: табиғат қорына мемлекеттік меншік құқығының ұғымы және заңды сипаттамасы; табиғат қорына мемлекеттік меншік құқығының мазмұны мен объекті, субъектілері; табиғат қорын меншіктеуші ретінде мемлекет ерекшеліктері.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында табиғат қорына жеке меншік құқығының ұғымы мен мазмұнын қарастыру, қарастырылып жатқан құқықтың құндылығы мен кемшіліктерін айқындап алу.
6. Үшінші сұрақты қарастыру барысында табиғат қорына жеке меншік құқығының объектілері мен субъектілерін сипаттау қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 16, 27, 97-105, 108

**Сабақ 6** **ТОӨЖ - 1 сағат**
**Нұсқа 1**

**Тапсырма:**
**Кейсті пайдалану арқылы іскерлік ойын,**

**Кейс**

Қарағандының Қазыбек би ауданындағы прокуратурасы қалалық әкімшілікке және қала ортасындағы «ТФК «Алтын Тараз» ЖШС жер телімінің құрылыс салушысына қарсы экономикалық сотқа жүгінді.

Арыз беруші Бұхар-Жырау даңғылы 25 мекен-жайында орналасқан, Жазғы театр маңындағы жер телімінің сатып алу-сату келісім шартын жарамсыз етуін сұрады.Шағымдану мәлімдемесінде прокуратура кеншілер астанасының ортасында орналасқан 1,4 гектара аумағындағы осы беделді жер бөлігіне жеке меншіктік құқықтың күшін жоюды талап етті .

Жазғы театр мәдениеттің ескерткіші болып келеді. Бұл кеншілер астанасы жайлы даңғылдар мен буклеттерде көрсетілген тарихи назар

аудараарлық жер, қаланың визитты парақшасы, қала рәмізі. Ғашықтардың кездесетін жері, шырайгүл мен барқытгүлдің жұпар хош иісіне мастанған әдеттегі кешкі променад үшін шағыналаңқай жер,.

Жазғы театр 1949 жылы сәулетші Бренердің жобасы бойынша, екі орталық көше –Сталин даңғылы (одан кейін Советский және Бұхар-Жырау даңғылы) және Бейбітшілік гүлзары қиылысында жазасын өтеп жатқан жапоншы соғыс тұтқындарымен салынған.

Театр ғимараты уақытша құрылыс болып жоспарланды, сол себепті ағаш кесектерінен тұрғызылды. Алайда 55 жыл тұрды!

Сонымен бірге 80 жылдардың ортасына дейін керемет акустикасымен ашық алаңында Мельпоменаның тыңдаушыларын жинаған. Сосын ескіргендіктен жабылды, қайта құрылыс жылдарында мемлекет барлық қаражатты «жасыл жыланмен» күрес үшін жұмсады.

Сонда да, ағаштар көлеңкесімен, субұрқақтары және алды ағашпен керемет өрнектелген Жазғы театр алдындағы аймақ жиырма жыл қатарынан қарағандылықтардың сүйікті демалыс орны болды .

1993 жылдың қарашасында, Қарағанды облысы әкімшілігінің басшысы Петр Нефедов Жазғы театр сәулет ескерткіші ретінде мойындалды және бұдан былай мемлекетпен қорғалады деген шешім шығарды. Және келесі жетекші, қиын 1997-1998 жылдары облысты басқарған Қарағанды облысының әкімі Мажит Еленбаев те қарағандылықтар үшін Жазғы театрдың маңыздылығымен айналысқан. Жергілікті қазына айтарлықтай мол болмағанына қарамастан, өкімет ғимаратты қайта жөндеуге ақша тапты: театрдың фронталды бөлігі кірпішпен нығайтылды, ал жапон соғыс тұтқындарымен әшекейленіп құрылған ағаш бағандар тақтайшаларға ұқыптап бөлщектеліп, қалпына келтіріліп, қайта бағандарға тұрғызылды. Қарағандылықтар сәулет ескерткіші расында мемлекет қорғауында екендігін көрді.

Алайда кейін 2003 жылы Қарағанды қаласының әкімі Литвиновтың мәлімдеуі бойынша Жазғы театрды капиталды жөндеуге бюджетте ақша жоқ, ол сәулет ескерткіші емес, мемлекетке қарап керек емес деді, ал Қарағанды шенеуніктері сүйенген (яғни, сендердікі тұрғызды, солар жөндеу жүргізсін дегендей) Жапон мәдениет орталығының өкілдері бұндай құрметті қызметті өздеріне жүктеуден сыпайы түрде бас тартты. Сондықтан жалғыз шығар жол – жерді сату, енді осындай керемет жер зая кетпеуі керек қой.

2004 жылы жер телімі«ТФК «Алтын Тараз» ЖШС алматылық фирмасына 5 миллион 496 мың 700 теңгеге сатылды.

2004 жылдың 19 мамыр айында жер телімі «ТФК «Алтын Тараз» ЖШС-на жеке меншікке беріліп, ал бір айдан кейін сатып алу-сату келісім шарты жасалғанына сәйкес Қарағанды қалалық әкімшілігі қаулы шығарды .

Алматылықтар осы тарихи орынға сауда-ойын-сауық кешенін

тұрғызбақшы болды.

Қала әкімі Юрий Литвинов облыстық мәдениет департаментіне құрылыс тұрғызушы Жазғы театр ұстынтізбекші порталын этносаябаққа ауыстырады деген хат жазды. Сол бір бос тұрған, қаланың онтүстік-шығыс бөлігінде жатқан саябаққа. Ал Жазғы театр жұртшылықтың қарсылығына, басылымдар мен телевизиядағы даулы шуға қарамастан қиратылды. Қалалық өкімет осы сәулет ескерткіші мемлекет қорғауындағы объектілер тізілімінен шығарылды деп қала тұрғындарын сендірді.

Жер телімінің даулы сатылымынан басқа, қарағандылы жұртшылығы Қ. Сәтпаев атындағы Орталық саябақ аумағында (бұрынғы ВЛКСМ атындағы мәдениет және демалыс Орталық саябағы) бірінен соң бірі салтанатты коттеджер тұрғызыла бастағанын байқайды. Кәсіпкерлер мен шенеуніктерге саябақ аумағында жеке тұрғын үйлерін тұрғызуға кім және қандай құқықпен рұқсат еткенін ешкім түсіне алмады. Бұл сұрақтардың жауабын әкімшілік те, тұрғын үй коммуналдық щаруа мамандары да бермеді.

Мемлекеттік жерлердің сатылымын тоқтату үшін белсенділер «Біздің қала» деген қозғалыс ұйымдастырып, әкім Литвиновтың қызметтен кетуін талап етті.

Кейін Қарағанды облысының жаңа әкімі Нұрлан Нығматуллин кеншілер астанасының сәулетшілері және суретшілерімен кездесіп, жер мәселесін ретке келтіруге кірісті.

Жазғы театр расында мәдени ескерткіш екені анықталды. Іс жүзінде, ресми түрде, қағаз бетінде. Сол себепті Қазыбек-би ауданының прокуратурасы осы мәселе жөнінде үнсіз қалғандары үшін қалалық әкімшілікке де, құрылыс тұрғызушыға да экономикалық сотқа арыз берді.

Өте қызық жағдайлар анықталды: Жазғы театр ескерткіш ретінде құқылы дәрежесі бар және қалалық әкімшілік жер телімін сатуға құқылы болмаған. Сонымен қоса, Жазғы театр ғимараты коммуналды жеке меншікте және облыстық қаржы департаментінің теңгерімінде есептелетіні анықталды. «Алтын-Тараз» компаниясының заңгері келіспеді:

– 2004 жылы Қарағанды әкімшілігі Жазғы театр жерін сатқан уақытта прокуратура қайда болды? Екі жыл өтті. Менің клиенттерім жерді сатып алды, Жылжымайтын мүлік орталығына тіркеді, миллион АҚШ долларын төлеп болашақ ғимараттың жобасына тапсырыс берді. Кенет оларға кедергі жасала бастады.Енді тіптен келісім жарамсыз деп айтып, прокуратура «тараптарды бастапқы қалпына келтіруді» талап етуде. Бірақ, кешіріңіздер, қалайша? Ұстынтізбек саябаққа ауыстырылды. Ғимараттың өзі енді жоқ – ол енді табиғатта да жоқ. Енді не қылу керек? Сонымен қоса, «Алтын-Тараз» компаниясының не кінәсі бар екені маған мүлдем түсініксіз?

Істі шешіңдер.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік**

**ұсыныстар:**

1. Рөлдерді бөлу:
- Сот;
- Қарағанды Қазыбек-би ауданының прокуроры;
- Қарағанды қаласының әкімі – Юрий Литвинов;
- Қалалық әкімшіліктің өкілдері;
- «ТФК «Алтын Тараз» ЖШС директоры;
- «ТФК «Алтын Тараз» ЖШС кеңесші заңгерлері;
- «Біздің қала» қозғалысының белсенділері;
- Облыстық қаржы департаментінің өкілдері;
- Облыстық мәдениет департаментінің өкілдері;
- Қарағанды облысының жер ресурстарын басқару аумақтық комитет маман-өкілдері;
- Қаржы полиция өкілдері
- Тілшілер.

2. Азаматтық процесс қатысушылары дәлел айғақтарын дайындау.
3. Тілшілерге азаматтық процесс қатысушыларына сұрақтар дайындау.

**Сабаққа дидактикалық және өзге де мәліметтер:**

Кейс, нормативтік құқықтық актілер (ҚР Жер кодексі, ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі, ҚР ӘҚБ кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі)

**2 нұсқа**

**Тапсырма:**

**1-есеп.**

Меншік құқығы жерге, жер қойнауына, суға, орманға, өсімдік және жануарлар дүниесіне таралады. Табиғат объектілеріне атмосфералық ауа; теңіз; үй жануарлары; хайуанаттар бағында ұсталынатын жабайы жануарлар жатады ма? Аталған объектілердің қайсысына мемлекеттік меншік және экологиялық заңнама жатады?

**2-есеп.**

Рейд уақытында полиция қызметкерлерімен азаматтар көкөніс және жидек дақылдарын егіп өсірген жер учаскелері анықталды. Бұл жағдайларды талдау кезінде көрсетілген азаматтар құқықтық негіздемесіз жер учаскелерін қолданатын болды. Түсініктемелерде азаматтар «қараусыз жерді» пайдаланғанын және бұл жөнінде ешқандай мемлекеттік органдар наразылық білдірмегенін көрсетті.

Азаматтардың әрекеттерінде құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Аталған жағдайда жерге мемлекеттік меншіктік құқығы бұзылған ба?

Өсірілген өнімді тәркілеуге болады ма?

**3-есеп.**

«Көгілдір тоғандар» шағын ауданының жаңадан қоныстанушылары аумақтарды көгалдандыруды шешті, ол үшін орманға отырғызу үшін ағаштардың бөлігін қазып алды, ал бұталардың бөлігі тәлімбақтан сатып алынды. Азаматтардың жасыл өсімдіктерге меншіктік құқығы туындады ма?

Меншіктік құқықтың қандай объектісі шағын аудан аумақтарына отырғызылған жасыл көшеттер болып табылады ма?

**4-есеп.**

Азамат Азаров өзіне бөлінген жер учаскесінде ауыз суды пайдалану үшін құдық қазды.

Ауылдас көршілері Азаровтан көрсетілген құдықтан оларға су алуға рұқсат беруге көмек сұрады. Азаров құдықты ақылы түрде пайдалануға келісімін берді. Азаматтар Мичурин ауданының әкіміне түсіндіру үшін хат жазады.

Азаматтарға әкім қандай жауап беруі тиіс?

**5-есеп.**

Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті азамат Қазкеевқа (қосымша жеке үй шаруашылығын жүргізу үшін оған берілген жер учаскесінің иесіне) талаппен сотқа жүгінді, онда келесілер сұралады:

а) азамат Қазкеевтің жер учаскесіндегі ағаштарды жою бойынша әрекетін жарамсыз тану не олардың болмауы көршілес жер қожалығында қоршаған табиғи ортаның жағдайын нашарлатады;

б) аталған жер учаскесінде табылатын су тоғандарының ластануымен туындайтын шығындарды өтеу.

Азамат Казкеев жер учаскесінде өсетін ағаштар, жер учаскесінде орналасқан су тоғаны, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес оның жеке меншігінде табылатынын мәлімдеп, талапты мойындамады және ол заңмен сәйкес осы жылжымайтын мүлікті басқаруға құқылы.

Талапқа Сіздің жауабыңыз қандай?

**6-есеп.**

Қазақстан Республикасы облыстарының бірінің мәслихаты Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабына сәйкес жерге және басқа табиғи ресурстарға меншіктік құқығын бекітетін шешім қабылдады, ауа бағанасының биіктігі 12 километрге дейін атмосфералық ауаны аталған облыс меншіктігі жарияланды және табиғи ресурс ретінде әуе бассейнінің осы бөліктерін пайдаланғаны үшін төлемді анықтады.

Прокурор аталған шешімге наразылық береді және заңға қайшы ретінде оның күшін жоюды ұсынды.

**Сіздің пікіріңіз қандай? Оны негіздеңіз.**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығыменбарлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс

бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-25

**Тыңдаушылардың өздік жұмысы – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырма:**

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.

2) Глоссариді толықтыру: табиғат қорына меншік құқығы, табиғат қорына жеке меншік құқығы, табиғат қорына мемлекеттік жеке меншік құқығы.

3) Схемалық түрде бейнелеу: «Экологиялық құқық пәні».

4) Ұсынылған тақырыптардың біреуіне реферат дайындау:

1. Табиғат қорына меншік құқығының ұғымы мен мазмұны.
2. Жерге жеке меншік құқығының дамуы (тарихи-құқықтық аспект).
3. Жерге жеке меншік құқығының ұғымы мен мазмұны.

**Өзін өзі бақылаудың мәліметтері:**

Тесттік сұрақтарға жауап беру:

**1. Табиғат қорына мемлекеттік меншік құқығына объективті мағыналы анықтама беріңіз.**

а) Табиғат қоры объектілерін иемдену, пайдалану, билік жасауды жүзеге асыруда мемлекеттің ерекше өкілеттілігін нығайтатын нормалар жиынтығы.

б) Жер мен оның қойнауын, сулар, ормандар мен тағы басқа табиғи қорларын иемдену, пайдалану және билік жасауды жүзеге асыруда мемлекеттің ерекше өкілеттілігін нығайтатын нормалар жиынтығы.

в) Табиғат объектілерін пайдалану бойынша қатынасты реттейтін нормалар жүйесі

г) Табиғат қорын иемдену, пайдаланк, және билік жасау.

д) Табиғат объектілерін ұсынудағы орнатылатын тәртіптің нормалар жүйесі.

**2. Табиғат қорына меншік құқығының субъектілері кім болып келеді?**

а) Мемлекет.

б) Мемлекет, заңды тұлға, азаматтық тұлға.

в) Мемлекет және заңнамамен қарастырылған жағдайлардағыдай ҚР азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар.

г) Заңды тұлғалар және ҚР азаматтары.

д) Кез келген заңды және азаматтық тұлғалар.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты силлабусте ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді зерттеуден бастау қажет. Табиғат қорына меншік құқығының ұғымын оқып білуге назар аудару. Зерттеу барысында мемлекет және құқық теориясы, азаматтық құқық курсының жалпы теориялық сұрақтарын пайдалану қажет. Алған теориялық білімді тесттік тапсырмаларды орындау барысында қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 16, 27, 97-105, 108

**№ 4 - тақырып. Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалану құқығы**

**7-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалану құқығының ұғымы және мазмұны.
2. Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалану құқығының түрлері.

**Дәріс тезистері:**

1. Табиғатты пайдалдану – қоғам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттер жағының бірі. ҚР Экологиялық кодексінің 10-бабының 1-тармағына сәйкес адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады. Ол экологиялық, экономикалық, мәдени-сауықтыру, адамгершілік-эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған табиғи ортаның адам мен қоғам үшін пайдалы қасиеттерін шығаруда көрінеді.

Объективтік мағынада табиғатты пайдалану құқығы табиғат ресурстарын пайдалану шарттарын, беру және тартып алу (сатып алу

(тәртібін, табиғатты пайдаланушылардың міндеттерін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын көрсетеді.

Субъективті мағынада табиғатты пайдалану құқығы – бұл экологиялық заңнамамен белгіленген табиғат ресурстарын иелену және пайдалану бойынша нақты табиғатты пайдаланушының құқықтарының жиынтығы.

Табиғатты пайдалану объектілері ретінде жер телімдері, жер қойнауы, жануарлар және өсімдіктер әлемінің объектілері сияқты табиғат ресурстары шығады.

Табиғатты пайдалану құқығының субъектілері болып қоршаған ортадағы табиғат ресурстарын және (немесе) эмияссияларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар, шаруа (фермер) қожалықтары табылады.

Табиғатты пайдалану құқығының мазмұны – бұл табиғат ресурстарын иелену және пайдалану арасындағы өзара байланысты құқықтары мен заңмен белгіленген тәртіпте табиғатты пайдаланушылармен берілген жиынтығы.

2. Сондықтан, табиғатты пайдалану құқығының түрлері – бұл қандайда бір жіктеу белгілері (критерийлері) бойынша табиғатты пайдалану құқығын бөлуге болатын жеке құқықтық сипаттамаларға ие табиғатты пайдалану құқығының бөліктері.

ҚР экологиялық кодексінде табиғатты пайдаланудың екі жіктемесі берілген.

Туындау негіздері бойынша табиғатты пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді (ҚР ЭК 10-бабы).

Объективті мағынада жалпы табиғатты пайдалану құқығы – қоршаған табиғат ортасын қолдануға адамның өзінің табиғи құқықтарын жеке тұлғалармен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нормалардың жиынтығы.

Субъективтік мағынада жалпы табиғатты пайдалану құқығы – барлық жеке тұлғалар үшін өмірлік қажетті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғат ресурстарын пайдаланудың заңмен ұсынылған және кепілдендірілген мүмкіндігі.

Объективті мағынада арнайы табиғатты пайдалану құқығы – қоғам мен азаматтардың экономикалық, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және өзге қажеттіліктерін және оларды тартып алу тәртібін қанағаттандыру үшін оларды азаматтардың және заңды тұлғалардың мақсатты пайдалануға, оқшауландырылған пайдалануға табиғат ресурстарын беру тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығы.

Субъективтік мағынада арнайы табиғатты пайдалану құқығы – экономикалық, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және өзге қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін арнайы рұқсатпен сәйкес ақылы негізде табиғатты пайдаланушыға берілген табиғат ресурстарын иелену және пайдалану құқығы.

Сондай-ақ ҚР Экологиялық кодексінде пайдалану объектісінің

критерийі бойынша жіктеу көрсетілген.

ҚР ЭК 10-бабының 5-тармағына сәйкес табиғат пайдалану түрлеріне:

1) жерді пайдалану;
2) суды пайдалану;
3) орманды пайдалану;
4) жер қойнауын пайдалану;
5) жануарлар дүниесін пайдалану;
6) өсімдіктер дүниесін пайдалану;
7) қоршаған ортаға эмиссиялар;
8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады.

Табиғатты пайдалану тәсілі бойынша қоршаған табиғат ортасынан табиғат ресурстарын тартып алумен жүзеге асырылатын табиғатты пайдалану құқығы мен қоршаған табиғат ортасынан табиғи ресурстарды тартып алусыз жүзеге асырылатын табиғатты пайдалану құқығы ерекшеленеді.

Табиғатты пайдалану құқығы мерзімдері бойынша тұрақты (мерзімі көрсетілмей) және уақытша (белгілі мерзімді көрсетумен) деп бөлінеді.

Табиғатты пайдалану құқығы ақылылығы бойынша өтеулі сатып алынатын және өтеусіз сатып алынатын болып бөлінеді.

Аталған құқықты басқа тұлғаларға беру мүмкіндігі бойынша – тартып алынатын (табиғатты пайдалану құқығы басқа тұлғаға берілуі мүмкін) және тартып алынбайтын (табиғатты пайдалану құқығы басқа тұлғаға берілмейді) болады.

Арнайы табиғатты пайдалану құқығы беру тәртібі бойынша (бұл құқықты тартып алу тәртібінде мемлекетпен не басқа алғашқы табиғатты пайдаланушымен берілетін) және екінші (бұл мәртебені өзінде сақтайтын алғашқы табиғатты пайдаланушымен берілетін) болып бөлінеді.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 27, 97-105

**Сабақ 8** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

1. Жалпы және арнайы табиғат пайдалану.
2. Табиғат пайдалану құқығының өзге түрлері.
3. Табиғат пайдаланушылардың құқығы мен міндеттері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Бірінші сұраққа дайындық барысында жалпы және арнайы табиғат пайдалану мәнін, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ашу.

2. Екінші сұрақты дайындау барысында табиғат пайдалану құқығы түрлерінің өзге классификацияларын қарастыру қажет.

3. Үшінші сұрақты дайындау барысында табиғат пайдаланушылардың құқық пен міндеттерін қарастыру, бұл құқық пен міндеттердің табиғат қорын меншіктеушілердің құқық пен міндеттерінен айырмашылығын анықтау.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 27, 97-105

**Сабақ 9** **ТОӨЖ - 1 сағат**

**Тапсырма:**

**1-есеп.**

Сотқа азамат Шинкаренко ауылдық жерде қыдырып жүріп, оның жер учаскесіндегі аумақта кездейсоқ адасып, жабайы өсетін жидектерді жинап, гүлдер шоғын жұлған азаматша Бектеміроваға талаппен жүгінеді. Шинкаренко гүлдер мен жидектерді жинауға тыйым салынған, жеке иелікке шақырылмай кіргені үшін моралдық зиянды өтеуді талап етеді.

Бектимирова талапты мойындамады, Шинкоренканың жер учаскесі қоршалмағанын және ешқай жерде аумаққа кіруге болмайтыны туралы ешқандай ескертуші белгілердің болмағанын, сондай-ақ дала гүлдері мен жидектерді жинауға арнайы рұқсат алу қажеттілігі бар ма екенін көрсетті?

Істі шешіңіз.

Қандай жағдайларда табиғатты пайдалануға арнайы рұқсат алу қажет?

Арнайы табиғатты пайдалану жалпыдан несімен ерекшеленеді?

**2-есеп.**

Табиғи саяздану процесінде пайда болған Орал өзенінің атаусыз аралдарының бірінде «Атыраустрой» акционерлік қоғамы өзінің қызметкерлеріне арнап демалу базасын салды. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық комитеттің өкілі АҚ-ға өз бетімен алынған жерде салынған барлық құрылыстарды бұзуды ұсынды. АҚ алынған жердің иесіз болып табылатынына, оның еш жерде тіркелмегеніне және нақты жерді пайдаланушысының немесе меншік иесінің жоғына сүйене отырып, аталған нұсқауды орындаудан бас тартты. АҚ өз құқықтарын қорғап облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасына жүгінді.

Істі шешіңіз.

Бұл жерде кімнің жерге меншік құқығы бұзылған?

Барлық тұрғызылған құрылыс кімге тиесілі, олар бұзылады ма?

**3-есеп.**

Төменде көрсетілген табиғи ресурстарды пайдалануды мазмұны бойынша мерзімі мен ақылылығы бойынша жіктеңіз:

**1.** «Карагандауголь» кәсіпорыны жаңа шахтаны салды.

**2.** Азамат Долин сарайды салу үшін өзінің жер учаскесінде батпақты, ұсақ тастар мен құмды (кең тараған пайдалы қазбаларды) өндірді.

**3.** Азаматша Акжанова Қарқаралыға барды, онда саңырауқұлақтар мен жидектерді жинады.

**4.** Азамат Таурбеков Орал өзенінде тормен екі бекірені аулады.

**5.** Азаматша Жангожина Қарағанды қаласының «Восток-5» ауданында табылатын бұлақтан суды канистрге құйып алды.

**6.** «Казахмыс» АҚ атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарады.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары

қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 27, 97-105

**Тыңдаушылардың өздік жұмысы– 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырма:**

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.

2) Глоссариді толықтыру: табиғатты пайдалану құқығы, табиғатты пайдалану құқығының объектісі, субъектісі;

3) Схемалық түрде бейнелеу:

1. Табиғатты пайдалану құқығы ұғымының элементтері;
2. Табиғатты пайдалану құқық түрлері.

4) Табиғат қорына меншіктік құқық пен табиғат пайдалану құқығына салыстырмалы сипаттама беру.

5) Жалпы табиғат пайдалану құқығының арнайы табиғат пайдалану құқығынан айырмашылығын айқындау.

**Өзін өзі бақылау мәліметтері:**

Өзін өзі бақылау сұрақтарына жауап беру:

-табиғат пайдалану құқығының ұғымы мен рөлі;

- табиғат пайдалану құқығының сүбелі мәселелері;
- табиғат пайдалану құқығы мазмұны;
- құқықтық қатынас табиғатты пайдалану құқық объектісі.

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты силлабусте ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді зерттеуден бастау қажет. Табиғат қорына меншік құқығының ұғымын оқып білуге назар аудару. Зерттеу барысында мемлекет және құқық теориясы, азаматтық құқық курсының жалпы теориялық сұрақтарын пайдалану қажет. Алған теориялық білімді тесттік тапсырмаларды орындау барысында қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 27, 97-105

**№ 5 - тақырып. Қоршаған табиғи ортаны және табиғатты пайдалануды қорғау механизмі**

**10-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Мемлекеттік экологиялық басқару ұғымы және мазмұны
2. Мемлекеттік экологиялық басқару органдарының жүйесі
3. Қазақстан Республикасындағы экологиялық бақылау ұғымы және түрлері.

**Дәріс тезистері:**

1. Мемлекеттік экологиялық басқару – бұл табиғи ортаны сақтауды, ұдайы өндіруді және пайдалануды, жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, табиғат пен адамға шаруашылық дамытудың зиянды салдарының алдын алуды ұйымдастыруға бағытталған мемлекеттік органдарының қызметі.

Аталған облыстағы басқару объектісі адамның экологиялық маңызды әрекеті, яғни кешендегі және адамды қоршаған ортадағы барлық табиғи ортаны, табиғи ресурстарды қорғау және пайдалану облысындағы адамдардың қызметі болып табылады.

Басқару субъектілері болып атқарушы өкіметтің органдарының, уәкілетті органдардың экологиялық функцияларды атқаруы шығады. Барлық мемлекеттік органдар осы сөздің толық мағынасында басқару субъектілері болып табылмайды. Өкіметтің заңды, атқарушы және сот деп бөлудің бұрыннан бар қағидаларына байланыстыы басқару субъектісіне атқарушы өкімет органдары жатады.

Мемлекеттік экологиялық басқару органдарының функциясының мазмұны, тізімі өзгерді. Аталған органдармен бұрын тікелей орындалатын кейбір функциялары сотқа, мемлекеттік және жеке кәсіпорындарға берілді. Мемлекеттік экологиялық басқару органдарында келесі функциялар сақталды:

1. Экологиялық ақпаратты жинау, оны талдау және бағалау.

2. Табиғи ресурстарды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрының бірыңғай жүйесін жүргізу.

3. Мемлекеттік экологиялық мониторингті ұйымдастыру.

4. Экологиялық іс-шараларды жоспарлау және болжамдау.

5. Экологиялық басқаруды үйлестіру.

6. Заңға тәуелді норма шығармашылық.

7. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу.

8. Табиғи ресурстарлы бөлу және қайта бөлу.

9. Табиғи ресурстардың аумақтық-кеңістіктік құрылғысы.

10. Экологиялық бақылау.

11. Экологиялық қадағалау.

12. Экологиялық білімді ұйымдастыру.

13. Экологиялық ағарту.

2. Сонымен, мемлекеттік басқару органдарының жүйесі құрайды:

1) жалпы құзыреттілік органдары – экологиялықтықты қоса алғанда, әр түрлі міндеттердің толық кешенін шешетін органдар:

**7.** Қазақстан Республикасының Үкіметі;

**8.** жергілікті атқарушы органдар;

2) арнайы құзыреттілік органдары – экологиялық функцияларды орындайтын арнайы уәкілетті органдар:

а) кешендік органдар – барлық немесе экологиялық блоктарды орындайтын органдар:

37. ҚР ауыл шаруашылық министрлігі;

38. Ауыл шаруашылығының аумақтық басқармасы;

39. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті;

40. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің сәйкес облыстарының, Астана және Алматы қалаларының экология департаменті;

б) салалық органдар – жеке табиғи объектілерді қорғауды және пайдалануды ұйымдастыратын органдар:

– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті;

– Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті;

– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті

– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті;

– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті.

3) функционалдық органдар – барлық табиғи объектілерге қатысты бір немесе бірнеше экологиялық функцияларды орындайтын органдары:

– Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті;

– **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;**

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі;

– ҚР Ішкі істер министрлігі;

– **Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті**.

3. Экологиялық бақылау – бұл экологиялық құқық бұзушылықтарды жібермеу немесе жою, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту бойынша шараларын қабылдаудың экологиялық заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын тексеру бойынша қызметі.

Экологиялық бақылау объектісі экологиялық заңнаманы сақтау бойынша бақылау астындағы субъектілердің қызметі шығады.

Экологиялық бақылау субъектілерін бақылаушы және бақылауда болатын деп бөлуге болады.

Бақылаушы субъектілерге экологиялық бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық бақылау органдары, олардың лауазымдық тұлғалары, өзінің ведомствоішілік бөлімшелеріне қатысты ведомстволары, қоғамдық бірлестіктер жатады.

Бақылауда болатын субъектілерге жеке немесе заңды тұлғалар жатады.

Экологиялық бақылауды әр түрлі критерийлер бойынша түрлерге жіктеуге болады.

Қатынасы бақылауда болатын субъектілер қызметімен жүзеге асырылатын табиғи объктілерге байланысты бақылауда болатын субъектілердің қызметі жүзеге асырылады, кешендік (біріктірілген) және ресурс бойынша (объект бойынша) екі түрге бөлуге болады.

Кешендік (біріктірілген) бақылау жалпы қоршаған табиғи ортаны сақтауда өткізіледі. Мұнда ерекше табиғи аумақтар облысындағы бақылауды жатқызуға болады.

Ресурс бойынша (объект бойынша) – жеке табиғи ресурстар немесе қоршаған ортаны қорғау объектілері бойынша. Ол келесілерді бақылауға бөлінеді:

жерді пайдалану және қорғау;

жер қойнауын қорғау;

су ресурстарын пайдалану және қорғау;

ормандардың жағдайы, өсіп-өнуі, қорғау, күзету және пайдалану;

жануарлар дүниесін қорғау, өсіп-өнуі және пайдалану;

атмосфералық ауаны қорғау.

Қандай бақылауда болатын субъектілер бақыланатынына байланысты экологиялық бақылау ведомство үстінен және ведомствоішілік болып бөлінеді.

Ведомство үстінен бақылау осы органмен бақылау астында болғанымен, жеке құрылым болып табылатын субъектілерге қатысты бақылаушы органдармен жүзеге асырылады.

Ведомствоішілік бақылау өзінің құрылымдық бөлімшелеріне қатысты қандайда бір ведомствомен жасалады. Мысалы, ҚР ІІМ табиғатты пайдаланушы-кәсіпорындар бар, атап айтқанда – қызметі табиғи ресурстарды пайдалануға негізделген түзеу-еңбек мекемелері. Жерді, суды, орманды, жер қойнауын дұрыс пайдалануды, өнеркәсіптік қалдықтардан, ағын сулардан оларды қорғау бойынша барлық қажетті іс-шараларды өткізумен бақылау ҚР ІІМ ішіндегі Қылмыстық-атқарушы жүйесі комитетімен жүйелі жүзеге асырылады.

Экологиялық бақылау оны жүзеге асыратын субъектілеріне байланысты мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық деп бөлінеді.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 14-15, 27-38, 97-107

**Сабақ 11** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

**Нұсқа 1**

**«Мемлекеттік экологиялық басқарма органдарының тиімділігі» тақырыбына пресс-конференция**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Жүргізушіне, үш маман және пресс-конференция қатысушылары – өкілдерді таңдау:

- Қазақстан Республикасының үкіметі;
- әкім;
- ҚР энергетика Министрлігі мұнай-газ кешенінде экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті;

- ҚР энергетика Министрлігі атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті;
- ҚР ұлттық экономика Министрлігі құрылыс жұмыстары, тұрғын үй-коммуналдық шаруа және жер қорын басқару бойынша комитет;
- ҚР инвестиция және даму Министрлігі геология және жер қойнауын пайдалану комитеті;
- Комитета по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства РК ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі су қоры бойынша комитет;
- ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі балық шаруашылық комитеті;
- ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі орман шаруашылығы мен жануар әлемі комитеті;
- ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі;
- ҚР Ішкі істер министрлігі.

2. Мемлекеттік орган өкілдері пресс-кит дайындайды.

3. Тілші рөлінде шығатын қалған тыңдаушылар мемлекеттік орган өкілдеріне сұрақтар дайындайды.

**Нұсқа 2**

**Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:**

1. Қоршаған табиғи ортаны қорғау механизмі мен табиғат пайдалану және мемлекеттік экологиялық басқарма қатынасы.

2. Мемлекеттік экологиялық басқарма органдарының жүйесі мен қызмет бабы.

3. Қазақстан Республикасындағы экологиялық бақылаудың ерекшеліктері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.

2. Қосымша әдебиетпен танысу.

3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.

4.Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: Қоршаған табиғи ортаны қорғау механизмі мен табиғат пайдалану және мемлекеттік экологиялық басқарма мазмұны мен ұғымы, олардың қатынасы; осы басқарма түрінің объектілері мен субъектілері; осы тұстағы басқарма ерекшелігі.

5. Екінші сұрақты дайындау барысында мемлекеттік экологиялық басқарма органының жүйесін қарастыру,осы жүйеге кіретін әрбір мемлекеттік органының құзыреттілігін сипаттау, жүйенің құндылығы мен

кемшіліктерін анықтау.

6. Үшінші сұрақты дайындау барысында экологиялық бақылаудың мәнін, оның экологиялық қадағалаумен ұқсастық пен айырмашылығын ашу, экологиялық бақылау классификациясын қарастыру.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4-10, 14-15, 27-38, 97-107

**Сабақ 12** **ТОӨЖ - 1 сағат**

**Тапсырмалар:**

**1-есеп.**

Қандай органдар жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін айыппұл салады:

- әкімшілік комиссиялары;
- аудан әкімдері;
- ішкі істер органдары;
- мемлекеттік ветеринарлық қадағалау органдары;
- орман және аңшылық шаруашылығының облыстық аумақтық инспекциялары.

**2-есеп.**

«Северная» Қарағанды шахтасы жер асты суларын жүйелі түрде ластады. Су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу бойынша бассейндік инспекциясы жер асты суларын ластайтын жұмыстарды тоқтату туралы талаптармен шахта басшылығына жүгінеді. Жер асты суды пайдаланғаны және қорғағаны үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды атаңыз.

**3-есеп.**

Мичурин ауданының әкімі жайылымды кеңейту үшін Қазақстан Республикасының қор жерінен 7 га - су қоры жерінен 3 га ауданды ауыл шаруашылық кооперативіне беру туралы шешім шығарды.

Аудандық прокурор бұл шешімге заңға қайшы ретінде наразылық білдірді.

Прокурор дұрыс па?

Қандай органдар жерді және суды пайдалануға ұсыну туралы шешім шығаруға құқылы?

**4-есеп.**

«Химпром» ӨБ директорының өкімі бойынша Ертіс өзеніне өндіріс қалдықтарын бірден шығарындылары жасалған. Бұл өндірістік бірлестік үшін аумақтық басқармамен жануарлар және өсімдіктер дүниесін

мемлекеттік бақылау 20 000 теңге мөлшерінде айыппұлға тартылады. Сонымен бірге, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау бойынша бассейндік инспекция оған бұл әрекеттері үшін 150 000 теңгеге айыппұл салды.

Аталған органдардың әрекеттері заңды ма?

**5-есеп.**

Жамбыл облыстық мәслихатымен қоршаған ортаны қорғау және облыстың табиғи ресурстарын басқару тәртібі туралы ереже қабылданды. Онда көбінесе, мәслихатты жүргізуде келесілер қарастырылды: кәсіпорындармен ластаушы заттарды шығаруға рұқсат беру, қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту, зиянды заттарды көмуге лицензия беру, экологиялық ағартуды ұйымдастыру, жануарлардың тіршілік əту өнімдерін шетелге сатуға рұқсат беру.

Жергілікті әкімшілік аталған тізімде барлық мәселелер мәслихатпен қаралмауы тиіс деп санайды. Бұл сұрақтардың бөлігі жергілікті әкімшіліктің жүргізуіне жатады.

Аталған дауда кім дұрыс?

Қандай орган құзыретіне жоғарыда аталған функцияларды орындау жатады?

**6-есеп.**

Теміртау қ. әкімшілігінің шешімімен «Карбид» ӨБ-мен Нұра өзеніндегі тазартылмаған су лықсымасымен келтірілген шығынды өтеу есебіне 50 000 теңге өндірілді. «Карбид» ӨБ бірлестік нормативтік және нормативтен тыс шығарындылар, зиянды заттардың тастандылары үшін төлемдерді үнемі жасайды деген негіздемеде өтелген соманы қайтару туралы және аталған өндіруді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен Қарағанды облыстық сотының шаруашылық істері бойынша алқаға жүгінді.

Істі шешіңіз.

Қазіргі уақытта нормативтік және нормативтен тыс шығарындылар, зиянды заттардың тастандылары үшін төлемдер қайда аударылып жатыр?

**7-есеп.**

Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті минералды шикізаттың барлауын және өндіруді жүргізуге ниеттенген «Қазақтүрікмұнай» бірлескен кәсіпорынының құрылысын қаржыландыруды тоқтатуды талап етті, себебі құрылыс жобасы мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтпеді.

Тапсырыс беруші құрылысқа жер учаскесі бөлінгенін және объектіні жабдықтау жабдықтау үшін барлық қажетті құжаттама бекітілген.

Экология департаменті «Қазақтүрікмұнай» құрылысы үшін жер

учаскесін беру туралы шешімдерді болдырмау жөнінде өтінішпен экономикалық сотқа жүгінді.

Қандай органдар экологиялық бақылауды жүзеге асырады?

Қандай органдар экологиялық сараптаманы өткізеді?

Экономикалық соттың шешімі қандай болады?

**8-есеп.**

Қалалық әкімшілік шешімі бойынша хайуанаттар бағының құрылысы үшін жер учаскесі бөлінген. Шағын ауданның халқы мұндай құрылысқа мүлдем қарсы наразылығын мәлімдеді және ғылыми-зерттеу институты жүзеге асырған ғылыми сараптамаға қол жеткізді. Бөлінген жер учаскесінде хайуанаттар бағының құрылысының іске жататындығына қатысты ғылыми сараптаманың тұжырымдары теріс болды. Бұған қарамастан, жергілікті халық өтініші бойынша табиғатты қорғаудың қалалық қоғамы ғылыми экологиялық сараптаманың қорытындысына сүйене отырып сотқа талап қойды, хайуанаттар бағының құрылысы туралы әкімшіліктің шешімін жоюды өтінді.

табиғи ресурстардың таусылуы (жер бетіндегі және жер астындағы сулардың таусылуы, оларды негізделмеген шығындарға әкелетін пайдалы қазба кен орындарының бай учаскелерін іріктеме өңдеу және басқалары);

табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану (мысалы, суды шаруашылықсыз пайдалану, ауыл шаруашылық жерлерін тиімсіз пайдалану және басқалары).

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131

**Сабақ 20** **Семинарлық сабақ 1 - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

1. Экологиялық құқық бұзушылық ерекшеліктері.
2. Экологиялық құқық бұзушылық құрамы.
3. Экологиялық құқық бұзушылық түрлері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: экологиялық құқық бұзушылық ұғымы мен белгілері.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында экологиялық құқық бұзушылықтың объект, субъект және объективі, субъективті жақтарын қарастыру.
6. Үшінші сұрақты қарастыру барысында экологиялық құқық бұзушылық **классификациясын** қарастыру қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131

**Сабақ 21** **ТОӨЖ 1 - сағат**

**Тапсырмалар:**

**1-есеп.**

Кәмелет жасқа толмаған Колпашев Р. бірінші топты орманда төрт қарағайдың бояуын кесіп, оның тіршілік әрекетін жойып қарағай бүршігін дайындады. Орманшы Колпашевтан орман пайдалану тәртібін бұзғаны үшін сомасы 9 700 теңге шығынды өтеу туралы талапты сотқа берді. Колпашев соттта өз кінәсін мойындамады, алайда мұндай соманы орманшыға төлей алмайтынын, себебі мектепте оқитынын және өз анасының қарауында табылатынын мәлімдеді.

Кәмелет жасына толмаған Колпашев аталған құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылуы тиіс па?

Ол экологиялық-құқық бұзушылықтың қандай түріне тартылады?

Орман пайдалану тәртібін бұзғаны үшін шығын дұрыс есептелді ме?

**2-есеп.**

Қарағанды облысының АІО анықтаушысы ақбөкеннің улануы мен өліміне кінәлі азаматтар тобының әрекеттерінен қылмыстық жазаланатын әрекеттерді олардың бұрын әкімшілік жаза шараларына тартылмау себебіне байланысты қарамады және осы негізде қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарды.

Жол полициясы басқармасының бастығы ҚР ҚК 337-бабы бойынша үлкен жылдамдықпен жол төсемінің өтетін жағынан жүгіріп өткен ақбөкенді қаққан, нәижесінде ақбөкенді өлтірген «ЗИЛ» автокөлігінің жүргізушісіне қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарды.

ІІО қызметкерлерінің әрекеттері дұрыс па?

Бұзушылар жауапкершіліктің қандай түріне тартылатын болады?

**3-есеп.**

Павлодар облысының Экология департаментінің шешімімен Ермаковский ферроқорыту зауытының бас инженері қоршаған табиғи орта сапасының стандарттары мен нормативтерін зауыттың арттырғаны үшін 26 000 теңге мөлшерінде айыппұлға тартылды.

Зауыттың бас инженері жүгінген экономикалық сот құқық бұзушылықтың мұндай құрамы ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде жоғын көрсетіп, басқарма шешімінің күшін жойды.

Істі шешіңіз.

Айыппұл сомасы дұрыс есептелді ме?

Айыппұлдан басқа жауапкершіліктің өзге шаралары қарастырылған ба?

**4-есеп.**

Қоршаған табиғи ортаны қорғау облысындағы заңнама актілері жобаларының бірінде экологиялық құқық бұзушылық келесідей анықталған: осының нәтижесінде материалдық шығын, азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгеніне қарамастан - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әрекеті.

Бұл анықтаманың кемшілігі және экологиялық заңнамаға оның қарама-қайшылығы неде?

**5-есеп.**

Ғылыми мекемелердің бірінде дайындалған «Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің жобасындағы «Экологиялық қылмыс» тарауында қылмыстың келесі құрамы қарастырылды:

- ауыр салдарларға тартылған экологиялық қауіпсіздікті бұзу;

- атмосфераны ластау;
- су тоғандарын ластау;
- жерді ластау;
- жерді өз бетімен басып алу және пайдалану;
- балықты және су жануарларын заңсыз аулау;
- жануарлардың ауыруына әкелген ветеринарлық қағидаларды бұзу;
- орманды заңсыз кесу;
- жануарларды ұстау қағидасын бұзу;
- мамық жүнді жануарлардың терісін сату, айырбастау, сатып алу;
- табиғат және мәдениет ескерткіштерін жою;
- ауыл шаруашылық тауар су тоғандарындағы балықтарды ұрлау, жою;
- хайуанаттар бағында ұсталынатын жабайы құстар мен аңдарды жою;
- ауыр салдарларға ұрындыратын үй жануарларына қатаң қарау;
- табиғи ресурстарды, құрлықтық қайраңды пайдалану және қорғау туралы заңнаманы бұзу.

Қылмыстардың аталған құрамдарының қайсысы экологиялық қатарына жатпайды?

Сіз өзге құрамдардан экологиялық қылмысты шектеу үшін қолданатын критерийлерді атаңыз.

**6-есеп.**

«Химволокно» зауытының тұндырғыш бөгеттерінің жарылуы нәтижесінде жақын совхоз, үш колхоз, жиырма шаруа қожалықтарының алқаптары аммиак суымен жайылды, қалдықтары Тобол өзеніне ақты. Жан-жақтан жолдар шайылды, суарылатын жүйелер жойылды, балықтар қырылды, егін тамырынан жойылды, ластанған ауыл шаруашылық алқаптары біраз уақытқа айналымнан шықты.

Қандай экологиялық құқық бұзушылықтар жасалған?

Экономикалық шығын мен экологиялық зиянды анықтаңыз.

Шығын оны сот арқылы өндіру кезінде қандай ереже бойынша есептеледі?

**7-есеп.**

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының алаңына жанасатын жұмысшы сұрыптау теміржол станциясы (12 адам) тотияйын тәрізді және фтор тәрізді сутегімен атмосфералық ауаның улануы нәтижесінде зардап шекті.

Тексеріспен анықталды: жұмысшылардың улануы комбинатта құрамында тотияйын бар өнімдерді қайта өңдеу технологиясының өрескел бұзылуы болған сәтте өткен.

Комбинат талапты мойындамады. Ол мұндай ластаушы заттар атмосфералық ауаға аталған аймақтың басқа кәсіпорындарымен де

шығарылады деп санады.

Денсаулыққа зиянды өтеу үшін келтірілген зиян мен зиян келтірушінің әрекеті арасында келтірілген байланыстың қандай мәні болады?

Істі шешіңіз.

**8-есеп.**

«Саранская» КБФ директоры М.К.Айтжановпен экологиялық заңнама талаптары үнемі бұзылған. Флотация қалдықтарын шаю технологиясы мен жобалық бұру сызбасы өзгертілді, нәтижесінде тастау мен шаю қалдықтар сақтау қоймасында емес, ал «Дубовская» шахтасының жанында орналасқан өңделген карьерінде (К-7) жасалады.

Қарағанды облысының аудан аралық табиғатты қорғау прокуратурасының прокуроры С.К.Қасымжановпен іс материалдарын қарағаннан кейін М.К.Айтжановқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша хаттама мен қаулы ұсынылды. М.К.Айтжанов оларға қол қоюдан бас тартты.

«Саранская» КБФ директорымен қандай құқық бұзушылыққа жол берілді?

Оған жауапкершіліктің қандай шаралары қолданылуы мүмкін?

**9-есеп.**

Қарағанды облысының аудан аралық табиғатты қорғау прокуратурасымен өткізілген тексерумен «Актасская» шахтасында экологиялық заңнаманың маңызды бұзушылықтары орын алғаны анықталды. Шахтада табиғатты қорғау бойынша міндеттермен И.Н.Крайнов айналысады, лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес ол топырақтың құнарлы қабатын сақтау, бұзылған жерлерді қалпына келтіру және су басудан және батпақтанудан қорғауды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар өткізуге міндетті. Алайда аталған іс-шаралар орындалмады, сондықтан облыстық экология департаментімен шахтаға 186 550 теңге сомаға келтірілген шығынды өтеуге талап қойылды.

Құқық бұзушылықты анықтаңыз.

Крайновқа жауапкершіліктің қандай шараларын қолдануға болады?

**10-есеп.**

Азғыр полигонында сынақтар нәтижесінде жақын жатқан аудандарда халықтың ауыру деңгейі шұғыл артты. Сипатты аурулардың туындай жағдайлары кейін анықталғандай сынақ күндері орын алды. Заңгерлер көмегімен Азғыр полигонында сынақтар нәтижесінде келтірілген моральдық зиянды халыққа өтеу туралы талап дайындалды.

Істі шешіңіз.

Экологиялық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өтемақының мұндай түрі мүмкін бе?

**11-есеп.**

Каспий теңізіндегі мұнай операцияларын өткізуден бірнеше жылда тірі табиғат зардап шекті:

- майшабақтардың жаппай қырылуы өтті (2001 жылы барлық майшабақтардың 250 мың тоннадан көп, яғни 40% астамы қырылды). Балық тұйықтарында аур металдар мен мұнай өнімдерінің жоғары шоғырланулары анықталды;
- 30 мыңнан астам каспий түлендері қырылды;
- Каспий жағалауында 1998 жылы 10 млн-нан астам құстар өлді.

Жасалған қылмыс үшін кім жауапкершілік артады? Айыптыларды табуға болады ма?

Каспий теңізінде өткізілетін жер қойнауын пайдалану бойынша операциялармен келтірілген шығын сомасын есептеңіз.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.
2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.
3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.
4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.
5) Істі шешу.
6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығыменбарлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық

бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-26, 44-49, 84-89

**22-сабақ** **2-дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Экологиялық жауапкершіліктің ұғымы және нысандары.
2. Экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері.

**Дәріс тезистері:**

1. Экологиялық жауапкершілік объективті мағынада нормалары экологиялық зиянды өтеу және сақтандыру бойынша, сондай-ақ экологиялық заңнама бұзушыларын жазалау бойынша қатынастар реттелетін құқықтық институтты көрсетеді.

Субъективті мағынада экологиялық жауапкершілік – заңмен қарастырылған субъект үшін олармен экологиялық зиян келтіру кезінде туындайтын қолайсыз салдарлар мен оның келтірілген нақты қауіптерін төзу міндеті.

Экологиялық жауапкершіліктің екі нысанын ерекшелеуге болады - экологиялық-экономикалық жауапкершілік және экологиялық-құқықтық.

Экологиялық-экономикалық жауапкершілік – бұл тең құқықты әрекеттермен келтірілген экологиялық зиянды өтеудің заңмен қарастырылған міндеті. Мысалы, кез-келген өнеркәсіптік кәсіпорын атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларынсыз немесе ағын сулардың

тастандыларынсыз жұмыс істей алмайды. Сондықтан мұндай шығарындыларға немесе тастандыларға белгіленген көлемде рұқсат беріледі. Тең құқықты экологиялық зиян келтіру жауапкершілігі қоршаған табиғат ортасын ластағаны үшін төленетін төлемдерде көрсетіледі.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік – экологиялық заңнама талаптарын бұзу кезінде туындайтын қолайсыз салдарларды төзудің заңмен қарастырылған міндеті.

Экологиялық-экономикалық жауапкершіліктің экологиялық-құқықтық жауапкершіліктен негізгі айырмашылығы біріншісі тең құқықты зиян келтіру фактісі бойынша, ал екіншісі – құқық бұзушылық фактісі бойынша туындайтынымен қорытындыланады.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік қорғаушы, ескертуші, жазалаушы және тәрбиелеуші – төрт функциясын орындайды.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілікті көрсету – едәуір шарада шарттылық екенін ескеру қажет. Ол қоршаған табиғи ортаны қорғау облысындағы кеңінен қолданылатын кешен ретінде әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, материалдық және тәртіптік сияқты заңды жауапкершілік түрлерін көрсетеді.

Экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің ерекше сипаттарына келесілер жатады.

Негіздеме кез-келген экологиялық зиян келтіру емес, ал экологиялық құқық бұзушылық болып табылады.

Аталған жауапкершілік әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және материалдық сияқты экологиялық құқық бұзушылық жауапкершілігінің бес түрінің жиынтығы ретінде көрсетіледі.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік түршелері болып табылатын және азаматтық заңнамамен қарастырылған зиян келтірудің жалпы негіздемелерінің болуы кезінде туындайтын және өтеу мөлшерін есептеудің бағаламалық әдісін қолданатын табиғи ресурстар туралы заңнаманы бұзудың мүліктік жауапкершілігінің ерекше түрін көрсететін бағаламалық жауапкершіліктің болуы.

2. Экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және материалдық деп бөлінеді.

Әкімшілшік жауапкершіліктің экологиялық қатынастарын бұзушыларға әсер ету кеңдігі бойынша ерекше орны бар. Оның маңызы қоршаған табиғи ортаны пайдалану және қорғау, жеке және заңды тұлғалардың, ШФҚ және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау облысындағы әкімшілік мәжбүрлеу шараларын құқық бұзушыларға уәкілетті мемлекеттік органдармен қолданудан тұрады.

Әкімшілік жауапкершіліктен ерекшеленетін ерекше белгілерге келесілер жатады:

– әкімшілік жауапкершілік негіздемесі әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады;

– оның жасалуына әкімшілік жазалар (айыпшаралар) қолданылады;

– оларды қолдану заңмен уәкілетті сотпен, органдармен (лауазымды тұлғалармен) жүзеге асырылады.

Қылмыстық жауапкершіліктен айырмашылығы әкімшілік жауапкершілік қауіптіліктің аз дәрежесімен құқық бұзушылықта қолданылады; азаматтық-құқықтықтан айырмашылығы – зиянның болуына тәуелсіз басталады; тәртіптіктен айырмашылығы – оны қолдану қызметі немесе жұмысы бойынша қатынастармен байланысты емес.

Ең қатал экологиялық құқық бұзушылықтар арасында ең жоғары қоғамдық қауіпті көрсететін экологиялық қылмыс жасауда туындайтын қылмыстық жауапкершілік болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта «экологиялық қылмыс» ұғымы республикалық заңнамада қылмыстық немесе экологиялық ретінде болмайды. Жұмыс нұсқасы ретінде келесі анықтаманы ұсынуға болады.

Экологиялық қылмыс – бұл қылмыстық заңмен қарастырылған жеке және заңды тұлғалардың, ШФҚ және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне **қастандық** ойлайтын және қоршаған табиғат ортасына зиян келтірудің нақты қаупін келтіретін немесе тартатын айыпты, құқыққа қайшы әрекеті (әрекеті немесе әрекетсіздігі).

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік оны белгілі мүліктік құқықтарынан айыру немесе оған мүліктік міндеттерді жүктеу жолымен айыптыға әсер етеді. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік қылмыстық, әкімшілік немесе өзге жауапкершіліктерге айыптыны тартудан тәуелсіз туындайды.

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауаркершілікке тарту негіздемесі әдетте экологиялық зиян келтіру фактісі болып табылады.

Экологиялық зиянды өтеу өз еркімен не сот шешімімен зиян мөлшерін есептеудің бекітілген бағаламасы және әдістемесі бойынша, ал олардың болмаған кезінде – келтірілген шығындарды есепке ала отырып қоршаған табиғи ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге нақты шығындар бойынша жасалады.

ҚР Азаматтық кодексі зиянды өтеудің екі тәсілін – заттай (нақты) және ақшалай түрде қарастырады.

Экологиялық зиянды заттай өтеу өте сирек жүзеге асырылады және кейде зиян келтірілген табиғи объектілердің ерекшелімінен туындайтын ұзақ уақытты талап етеді (мысалы, ағаш дақылдарын отырғызу жолымен орманды қалпына келтіру). Табиғи объектілер табиғи жолмен өткендіктен және құны болмағандықтан, онда олармен келтірілген экологиялық зиян ақшалай

эквивалент негізінде орны толтырылмайтын болып табылады. Мысалы, ақша көмегімен жануарлар мен өсімдіктердің толығымен жойылған түрлерін қалпына келтіру мүмкін емес. Ақшалай сома қоршаған табиғи ортаның сапасын қалпына келтіру, суды ластанудан, бітелуден, тазалау, орманды қалпына келтіру жұмыстары және т.б. бойынша іс-шаралар өткізуге ғана кетеді.

Қоршаған табиғи ортаға келтірілген шығын сомасын қалай есептеуге болады? Себебі оның объектілерінің тауар сияқты құны болмайды? Мысалы, ағашты кесті. Экологиялық теңгерімдегі мүмкін жағымсыз құбылыстарды қалай анықтаймыз, себебі экологиялық зиян келтірудің ерекшеліктері зиянды салдарлар бірнеше жылдан, ал кейде ғасырлардан кейін пайда болуы мүмкін емес па?

Қоршаған табиғи ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге кететін нақты шығындарды санау мүмкіндігі болмаған жағдайда зиян мөлшерін есептеудің бағаламалары мен арнайы әдістемесі қолданылады. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнама нормаларынан бағаламалардың келесі анықтамасын беруге болады: бағалама – бұл экологиялық зиянның ақшалай түрде алдын ала есептелген және белгіленген мөлшері.

Экологиялық жауапкершіліктің келесі түрі аталған жағдайда өзінің еңбек, қызмет және өзге қызметпен байланысты экологиялық теріс қылық жасаған құқық бұзушының міндетін көрсететін, жеке, ұйымдастырушылық сипаттың қолайсыз салдарларға ұшырайтын тәртіптік жауапккершілік болып табылады.

Тәртіптік жауапкершілік ерекшеліктері келесілерде көрінеді:

1) оның негіздемесі тәртіптік теріс қылықтар болып табылады;

2) теріс қылықтар үшін құқық бұзушылықтарға әсер етудің арнайы шаралары – тәртіптік жазалар қарастырылған;

3) жазалар уәкілетті органдармен (лауазымдық тұлғалармен) бағыныштылық тәртібінде қолданылады.

4) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 72-бабына сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларына ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу жатады.

5) Тәртіптік жауапкершілікке кәсіпорында табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізуге жауап беретін және олардың орындалуын қамтамасыз етпейтін тұлғалар, өзінің функционалдық міндеттерін орындамайтын не оларды орындау барысында қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілген қорықшылар тартылады.

6) Материалдық жауапкершілік – олардың өзінің еңбек міндеттемелерін тиісті емес орындау нәтижесінде оның кінәсі бойынша кәсіпорынға келтірілген мүліктік шығынын заңмен белгіленген шектерде өтейтін

қызметкердің міндеті. Ол өтемақылы болып табылады – келтірілген экологиялық зиян өтеледі. Алайда бұл не азаматтық-құқықтық жауапкершілік емес, себебі азаматтық заңнама нормаларымен сәйкес емес, ал еңбек заңнамасы нормаларымен сәйкес туындайды. Бұл жауапкершіліктің аталған түрінің бірінші ерекшелігі. Екінші ерекшелік оның кез-келген тұлғаға емес, ал өзінің еңбек, функционалдық міндеттері нәтижесінде экологиялық зиян келтірген тұлғаға, яғни кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың айыпты лауазымды тұлғалары мен өзге қызметкерлеріне қатысты әрекет ететінімен қорытындыланады. Үшінші ерекшелігі жазалау шаралары арнайы субъектілермен – жұмыс берушілермен (заңды тұлғалар атынан өкілдері болып кәсіпорын басшылары шығады) салынады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131

**Сабақ 23** **Семинарлық сабақ 2 - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

**Нұсқа 1**
**«Экологиялық жауапкершілікті іске асыру мәселелері» тақырыбына «Дөңгелек үстел»**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

«Дөңгелек үстел» түріндегі талқылауға мына мәселелер бойынша дайындалу:

- Экологиялық құқық бұзушылық ерекшеліктері;
- Экологиялық-құқықтық және экологиялық-экономикалық жауапкершілікті шектеу;
- Экологиялық-құқықтық жауапкершілік ерекшеліктері;
- Экологиялық қылмыс үшін заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелері;
- ҚР ӘҚБ 283 бап – қоршаған ортаны қорғау құралы әлде қазыналық құрал?
- Экологиялық құқық бұзушылық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті іске асыру мәселелері.

**Нұсқа 2**

1. Экологиялық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік ара-қатынасы.

2. Экологиялық құқық бұзушылық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

3. Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік және материалдық жауапкершілік.

4.Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.

5.Экологиялық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілік.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131

**Сабақ 24** **СРСП 2 - 1 сағат**

**Тапсырма:**

**Іскерлік ойын**

Табиғат қорғау полиция бөлімінің бастығы қызметкерлерімен бірге заңсыз түрде 5 бүркітті аулаған үш азаматты ұстады. Әкімшілік хаттама толтыру барысында браконьерлердің Шілік ауылының тұрғыны Қадыров пен екі Түркия азаматтары екендері анықталды. Олардың әрқайсысына ҚР 100 минималды есептік көрсеткіші көлемінде айыппұл салынды, одан басқа, 20000 теңге көлеміндегі материалдық шығынды толтыру үшін іс мәліметтері аудандық сотқа тапсырылды. Жауапкерлер айыппұл төлеп, өздерін сол үшін әкімшілік тәртіпте жазаларын өтеді деп ойлады, сәйкесінше шығын көлемі көтерілген.

Аң әлемінде заңсыз аң аулауда келтірілген материалдық шығын қалай анықталады және оның көлемі азаматтыққа тәуелді ме?

Істі шешіңдер.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Рөлдерді бөлу:
   - Табиғатты қорғау полиция бөлімінің бастығы;
   - Табиғатты қорғау полиция бөлімінің қызметкерлері;
   - Шілік ауылының тұрғыны Қадыров;
   - Түркияның екі азаматы;
   - заңгерлер;
   - мамандар – Қарағанды облысы орман және аң аулау шаруашылығының облыстық аумақтық инспекция өкілдері;
   - сарапшылар;
   - «Зеленое спасение» қоғамдық бірлестігінің өкілдері;
   - тілшілер.
2. Табиғат қорғау полиция қызметкерлеріне дәлелдер дайындау.
3. Бұзушылар мен заңгерлерге дәлелдер дайындау.

4. Тілшілер процесс қатысушыларына сұрақ дайындайды.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 9-12, 24, 25, 38, 44, 46, 85, 86, 88

**Тыңдаушылардың өзіндік дайындығы– 6 сағат**

**Тапсырма:**

1) тақырып бойынша ауызша талқылау дайындаңыз.

2) глоссарий Expand: экологиялық жауапкершілікті, экологиялық және құқықтық жауапкершілік, экологиялық және экономикалық жауапкершілікті, экологиялық залал, қоршаған ортаны құқық бұзушылық

3) диаграмма «қоршаған ортаны құқық бұзушылық түрлері.» Жасау

4) материалды салыстырмалы сипаттама және экологиялық құқық бұзушылықтар үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін беріңіз.

5) тезис дайындау:

1. Тұжырымдама мен қоршаған ортаға зиян түрлері.

2. Қоршаған ортаны құқық бұзушылыққа қарсы күреске құқық қорғау органдарының қатысуын.

6. Экологиялық қылмыс. Жаңа аспектілері.

7. Экологиялық жауапкершілігін ерекшеліктері.

8. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті.

9 .Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін 6. Тәртіптік және қаржы міндеттемесі.

10.Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін

11. Әкімшілік жауапкершілік.

12. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін

13. қылмыстық жауапкершілік.

14. Экологиялық құқық бұзушылықтар және оларды жою себептері.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

Тест сұрақтары:

1. **ҚР Қоршаған ортаны қорғау заңдарында көзделген экологиялық жауапкершілік қандай?**

а) қылмыстық және әкімшілік.

б) қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіптік.

с) қылмыстық, әкімшілік, және материалдық.

г) қылмыстық, әкімшілік, азаматтық тәртіптік жаупкершілік.

д) қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, азаматтық, еңбек түзеу ).

**2.Қоршаған ортаны құқық бұзушылық қоршаған ортаға немесе**

**адам денсаулығына азаматтың немесе компанияға келтірілген зиян үшін өтемақы жауапкершілігі:**

а) Азаматтық.

б) Қылмыстық.

с) Әкімшілік.

г) Тәртіптік.

г) Материалдық.

**3. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті жүзеге асыруға кімдер құқылы:**

а) Кез келген жеке және заңды тұлғалар.

б) Тек заңды тұлғалар.

в) қызмет немесе жұмыс бойынша өз міндеттерін орындау кезінде, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын ғана жеке тұлғалар.

г) мемлекеттік емес заңды тұлғалардың.

***г) өзінің қызметтік міндеттерін атқару Азаматтық қызметшілерді.***

***4.Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көтермейді Taksovaya жауапкершілік болып табылады:***

а) әкімшілік.

б) Азаматтық-құқық.

с) Қылмыстық.

г) Материал.

г) Тәртіптік.

**5.Қоршаған ортаны бұзған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік қай жастан бастап туындайды:**

А) 16 жас, ерекше жағдайларда, 14 жасқа дейін.

б) 16 жас аралығында.

с) 18 жас.

г) 17 жас аралығында.

г) 14 жас аралығында.

**6. Қоршаған ортаны құқық бұзушылық субъектілері болуы мүмкін:**

а) шетел азаматтарына, соның ішінде тек қана жеке тұлғалар.

б) жеке және заңды тұлғалар және шетелдік азаматтар мен ұйымдар.

с) Тек заңды тұлғалар.

г) жеке және заңды тұлғалар, шетел азаматтары мен ұйымдарының қоспағанда.

г) ***меншіктің түрлі нысандарын экономикалық ұйымдар.***

**7. Қоршаған ортаны ластаған үшін тәртіптік жауапкершілікке:**

а) қызмет немесе жұмыс бойынша өз міндеттерін орындау кезінде, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын

тек жеке тұлғалар.

б) жеке және заңды тұлғалар.

с) Тек заңды тұлғалар.

г) Тек жеке тұлғалар.

г) мемлекеттік қызметшілер.

***8. қоршаған ортаға шамадан тыс зиян фактісі бойынша келіп түскен жауапкершілік:***

а) экологиялық және экономикалық.

б) Тәртіптік.

с) экологиялық құқық.

г) заң.

г) қылмыстық.

## ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР:

Дайындықты ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді зерттеуден бастау қажет. Экологиялық жауапкершілікке көңіл бөлу.Экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің экологиялық-экономикалық жауапкершіліктен айырмашылығын анықтау. Экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшеліктерін, белгілері мен құрамын орнату. Алған теориялық білімді тапсырманы шешу барысында қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-10, 24-26, 44-49, 84-89, 97-105, 112-120, 131

## № 8 - тақырып. Жерді пайдаланудың және қорғаудың құқықтық режимі

**25-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Қазақстан Республикасындағы жер ұғымы және құрамы.
2. Қазақстан Республикасындағы жер пайдалану объектісі ретінде.
3. Жерді құқықтық қорғау. Жер заңнамасын бұзушылық жауапкершілігі.

**Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 12-бабының 7-тармағына сәйкес жер деп Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының барлық жерлері ҚР жер қорын түзеді.

ҚР Жер кодексінің 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;

2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;

3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;

5) орман қорының жері;

6) су қорының жері;

7) босалқы жер.

2. Қазақстан Республикасының ЖК 12-бабының 30-тармағына сәйкес жерді пайдалану құқығы - тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы.

Жерді пайдалану объектісі мемлекеттік меншікте табылатын және жеке және заңды тұлғаларға, ШФҚ пайдалануға берілетін мемлекеттік меншікте табылатын жер учаскелері болып табылады.

Жерді пайдалану құқықтарымен жерді пайдалану субъектілері (жерді пайдаланушылар) мемлекеттік меншікте табылатын жер учаскелеріне не олардың құқықтарына ие болатын және жердің пайдалы қасиетін не оларды пайдаланудан түсетін пайдасын шығаратын тұлға болып табылады.

Жерді пайдалану құқықтарының мазмұны екі құқықтан тұрады: иелену және пайдалану.

Жерді пайдалану құқықтарын жіктеуді қарастырамыз.

Жерді пайдалану құқығы мерзімі бойынша тұрақты немесе ауыспалы деп бөлінеді.

Басқа тұлғаларға жерді пайдалану құқығын беру мүмкіндігі бойынша тартып алынатын және тартып алынбайтын деп бөлінеді.

Ақылылық жерді пайдалану құқықтарын бөлу үшін тағы бір критерий болып табылады. Ол өтеумен (жалға беру) және өтеусіз деп бөлінеді.

Тағы бір критерий – субъект бойынша көрсететін жерді пайдалану құқығы.

Алғашқы жерді пайдалану құқықтары – тікелей алынған осы құқықты тартып алу тәртібінде басқа алғашқы жер қойнауын пайдаланушылардан жерді пайдалану құқығы.

Екінші жерді пайдалану (қосалқы жалдау) құқықтары – бұл мәртебесін өзінде сақтайтын бірінші жерді пайдаланушыдан екінші жерді пайдаланушы туралы шарт негізінде алынған уақытша жерді пайдалану құқығы.

ҚР Жер кодексінде мазмұны бойынша жерді пайдалану құқығымен ұқсас тағы бір құқық қарастырылған. Бұл - жеке меншіктегі жер учаскесін

уақытша пайдалану құқығы.

ҚР ЖК 12-бабының 6-тармағына сәйкес жеке меншіктегі жер учаскесін уақытша пайдалану құқығы - жер учаскесінің меншік иесі мен уақытша пайдаланушы (жалға алушы немесе өтеусіз пайдаланушы) арасындағы жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт негізінде туындайтын, субъектінің жер учаскесін иелену және пайдалану құқығы.

3. Ең ***үлкен*** қауіпті топырақтың тозуы, ластануы және жойылуы көрсетеді.

Топырақтың тозуы – бұл қоректендіретін заттардың азаюы немесе гумус қабатының шайылуы (гумус (humus – жер, топырақ), (қарашірік) – бұл топырақтың жоғары молекулалы қара түсті органикалық заттары), сондай-ақ топырақты заттардың құрылымының бұзылуы нәтижесінде құнарлылықтың азаюы немесе жоғалуы.

2003 жылғы 29 қыркүйектегі Жерді сақтап қою ережесімен сәйкес жердің ластануы деп антропогендік қызметтің нәтижесінде жерде шекті рұқсат етілетін зиянды заттар нормативтерінен асып түсетін, жердің құндылығын төмендететін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын, қоршаған ортаның басқа да объектілерін, халықтың тұру жағдайын нашарлататын мөлшерде әртүрлі заттар мен организмдердің жинақталуы түсіндіріледі. Бұл ретте өндіріс қалдықтары мен өзге зиянды заттардың топыраққа түсуі есебінен олардың физикалық-химиялық құрамы өзгереді. Ластану минералды құнарландырғыштарды сәтсіз іріктеумен, пестицидтерді шамадан тыс қолданумен, өндіріс қалдықтарының түсуімен туындауы мүмкін.

Топырақтың ластанып қалуын да көрсетуге болады. олармен жердің құндылығын төмендететін және оларды пайдалануды қиындататын антропогендік қызметтің ерімейтін заттары мен қалдықтарының топыраққа түсуін түсіну қажет.

Үлкен шығынды пайдалы қазбаларды өндірудің ашық тәсілі, су қоймаларының құрылысы, өнеркәсіптік үйінділердің және ағаш әзірлеу кезінде басқа қалдықтардың жасалуы және т.б. нәтижесінде өтетін топырақтың тікелей жойылуымен келтіріледі.

Топырақтың азуының, ластауының және жойылуының алдын алу үшін жерді қорғау бойынша іс-шаралар өткізіледі.

ҚР Жер кодексінің 139-бабына сәйкес жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Объективті мағынада жерді құқықтық қорғау – жерде антропогендік дамудың зиянды салдарларының алдын алу, жер ресурстарын сақтау және

ұдайы өндіру бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Субъективті мағынада жерді құқықтық қорғау – бұл жерде антропогендік дамудың зиянды салдарларының алдын алу, жер ресурстарын сақтау және ұдайы өндіру бойынша шараларды бекітетін құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

Жерді қорғау ҚР Экологиялық кодекстің нормаларымен жүзеге асырылады. Онда «Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» 31-тарауы қарастырылған.

ҚР экологиялық кодексінде жерді құқықтық қорғау өте кең қарастырылған. Біріншіден, аталған облыстағы экологиялық талаптар тек жер иелері мен жерді пайдаланушыларға ғана емес, сонымен бірге барлық жерді табиғатты пайдаланушыларға қатысты. Екіншіден, жерді пайдалану кезінде экологиялық талаптар жер санаттары және қызмет бағыттары бойынша сараланады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-5, 16, 47-58, 97-100, 103-105, 108, 115, 116, 121-129

**Сабақ 26** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**
**Нұсқа 1**

**ДЕБАТТАР**

**Тақырып:** ***«Қазақстан Республикасында жерге жеке меншік құқығын енгізу расталды»***

**Қарастырылатын аспектілер:** саяси, қоғамдық, экономикалық, халықаралық, экологиялық, психологиялық, жанұялық

**Орындау бағасына өлшемдер**:
Орындау мазмұндылығы. Толықтылығы. Нақтылығы. Саналылығы.
Сұрақтарға жауап мазмұндылығы. Шапшаңдық. Иілгіштік. Құрылымдылық . Жүйелілік. Қисындылық.

Уақытты пайдалану тиімділігі. Сұрақтар тұжырымдылығы. Проблемалығы. Нақтылық. Анықтылық. Сөйлесу мәдениеті.

Сөз мәнерлілігі. Сұхбаттастарымен сөйлесу мәнері. Оларға сыпайы жауап бере алу. Мағлұматты еркін игеруі

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Растау тобы мен жоққа шығару тобын ұйымдастыру (жеті спикерден), топ ішіндегі тезисті айқындайтын аспектілерді үлестіру; төрағаны, үш сарапшы, тайм-киперді таңдау.
2. Топ позициясын растайтын дәлелдер, куәліктер (цитаталар,фактілер, статистикалық деректер) дайындау.
3. Қарсылас топ спикерлеріне екіжақты сұрақтар әзірлеу.
4. Қалған тыңдаушылар журналист рөлін орындап спикерлерге сұрақтар дайындайды. Журналисттер арасында ең қызықты сұрақ сайысы өткізіледі.
.

**Нұсқа 2**

**(сұрақ-жауап түрі, дискуссия)**

**Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:**

1. Табиғат объектісі және өндіріс құралы ретінде Жердің ерекшеліктері.
2. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша жерді пайдалану түрлері:
а) жерді пайдалану құқығы.
б) жеке меншікте тұрған жер телімін уақытша пайдалану құқығы.
в) сервитуттар.
3. Жер меншіктеуші мен жер пайдаланушылардың құқығы мен міндеттері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: Жердің табиғат объектісі ретінде және өндіріс құралы ретінде ұғымы мен заңдық сипаттамасы .
Екінші сұрақты дайындау барысында жеке меншікте тұрған жер кешенін пайдалану құқығының, сервитуттың ұғымы мен мазмұны, осы құқықтардың субъекті мен объектілерін сипаттау .
Үшінші сұрақты дайындау кезінде жер меншіктенушілер мен жер пайдаланушылардың құқығы мен міндеттерін ашу.
**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-5, 16, 47-58, 97-100, 103-105, 108, 115, 116, 121-129

**Сабақ 27** **ТОӨЖ - 1 сағат**

**Тапсырма:**

**Нұсқа 1**

## Кейс қолдану арқылы іскерлік ойын

## Кейс

199 жылдың наурызында Алматы облысы, Қарасай ауданында кришнаиттер қауымының үш мүшесі – А. Маркина, Т. Хибатуллин және Н. Шкловская арқылы «Мерей» қожалық шаруашылығының басшысы Е.Абдыкалыковтен 42,8 га аумақты жер телімі 900 мың теңгеге алынды.

Кейінірек жаңа иелері, жердің жарты бөлігін ауыстыру арқылы өз учаскілерін 47,5 га ұлғайтты.

Анықталғандай, сонымен қатар аталған жер телімінің сату-алу алғашқы келісімшартында оның мақсаттық тағайындауы «қожалық шаруашылықты жүргізу» «қосалқы ауыл шаруашылығын жүргізу» болып өзгертілген.

Соңынан жер телімі бірнеше рет қайта сатылған және қайта рәсімделген.

Уақыт жылжуы барысында қызмет аренасында жаңа тұлғалар пайда болады.

Осылайша, ары қарай барлық келісімшарттарды белгісіз В.Волкова жасайды.

Ол сенімхат арқылы жер үлесін қосалқы шаруашылықты жүргізу үшін Алматы қаласында тұратын «Темірбанк» ішкі аудит департаментінің директоры М.Жасыбековке сатады.

Ол өз кезегінде, осы жер телімін ДБ «Кришна мойындау қоғамына» В.Волкова атынан сатады.

Ал алғашқы сатып алушылардың ізі суып кетті.

Шкловская үш жылдан астам уақыт бойы АҚШ-та тұрып жатыр, Хибатуллин – Астанада.

Алайда осы уақыт бойы жер телімін кришнаиттер қауымы басқарып келді.

Осы жерде олар храм маңынан шаруашылық үйін құрды, шаруа қожалығы сиыр қорасының жартысы азық-түлік сақтайтын және ауылшаруашылық өнімдерінс ақтайтын қоймаға айналдырылды, сонымен қатар діни әдет-ғұрыптарды өткізу үшін алаң құрылған.

Өз іс-шараларына келген бір діндестерді орналастыру үшін кришнаиттердің жергілікті қауымы мүшелері жақын маңайдағы саяжайларды пайдаланды.

Ол үшін олар Қарасай ауданы Ельтай ауылдық округінің «Птицевод» саяжайлық серіктестіктен 66 саяжай жер телімін алды.

31 саяжай телімі және үй құрылысы ДБ «Кришнаны мойындау қоғамы» мүшелері арқылы мақсаттық тағайындаулар арқылы қолданылмады.

Олар толығымен басып шығарылған діни әдебиеттерді сақтау үшін қоймаға тән етіліп және тәтті өндіретін цех, 15-30 адам тұратын жатақхана ретінде қайта салынған.

Саяжай жер телімдері ауылшаруашылық тағайындауындағы жерлермен қатар көл жағасында діни қызметтерді жүзеге асыру үшін қолданылады.

Жергілікті тұрғындар мен саяжай иелері атынан үнемі қосылып тұратын әуен, таңғы 4 тен мантр айтылатыны туралы, саяжай телімін сату туралы кришнаиттер тарапынан ұсыныстар және көл жағасын өз жарақтарына пайдалану үшін өз берінше қоршау туралы бірнеше мәрте арыз түсті.

Саяжайшылар, Береке және Көлді ауылының тұрғындары Октябрь көлінің жағалауында демалуға үйреніп кетті.

Алайда, қауым мүшелері шлагбаум қойып, тұрғылықты халықты суға түсірмей көл суын суару үшін қолданды.

Қауым мүшелері ата-аналарына ескертусіз балаларды өздерінің діни іс-шараларына қатысу үшін тартады деген шағымдар да болды.

Жер телімдерін мақсатсыз пайдалану фактілері Қарасай ауданы әкімшілігінің талап ету негізіне айналды.

Істі шешіңіз.

## Тапсырмалар және тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

1. Рөлдерді бөлу:
- Судья;
- Прокурор;
- Талап етуші: Алматы облысы, Қарасай ауданының әкімшілігі;

Б. Кутпанов;
2-3 заңгер;
- Жауап берушілер: 1. Жаксыбеков Марат Ахмадиевич, мекен-жайы:

Алматы қ., Саина көшесі, 6 үй, 230 пәтер;
Жаксыбеков қорғаушысы;
2. «Кришна мойындау қоғамы» діни бірлестік;
Төраға;
2-3 заңгер;
Мекен-жайы: Алматы қ., Аблайхан көшесі, 39, 32/33 пәтер;
3. Консорциум «Magyarorszagi Krisnatudatu Hivok Kozossege»
Төраға;
1-2 заңгер;
Мекен-жайы: 1028, Венгрия, Мариаметей көшесі, 77 үй;
- Кришнаиттер қауымы мүшелері– А. Маркина, Т. Хибатуллин және

Н. Шкловская;
- олардың қорғаушылары;
- Саяжайшылар – Қарасай ауданы, Ельтай ауылдық округі «Птицевод» саябақ серіктестігінің өкілдері.
- Береке және Көлді ауылдарының тұрғылықты адамдары;
- Мамандары – жер ресуртсарын басқару бойынша территориялық комитет өкілдері;
- Журналисттер.
2. Азаматтық процесс қатысушыларына дәлел дайындау.
3. Журналисттерге азаматтық процеске қатысушыларға сұрақтар даярлау.

**Сабаққа дидактикалық және басқа да материалдар:**

Кейс, Алматы облысы, Қарасай ауданы әкімінің талап ету арызының көшірмесі; нормативті құқықтық актілер (ҚР жер кодексі, ҚР экологиялық кодексі, ҚР азаматтық кодексі, ҚР азаматтық процессуалдық кодексі, ҚР қылмыстық кодексі)

**2 Нұсқа**

**Тапсырмалар**

**1-есеп**

«Алтай» мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорынында өткізілген көп жылдық бақылаулар химиялық комбинат шығарындыларының әрекеттер аймағында табылатын жер алқаптарында ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басқа тең бағалы алқаптарымен салыстырғанда 25% төмен екенін көрсетті.

Жақсы тексерілген және негізделген деректерге сүйене отырып, «Алтай» кәсіпорыны соңғы 5 жылдағы орташа өнімділікке байланысты ауыл шаруашылық дақылдары өнімін жалпы жинау шығыны құнының химиялық комбинат есебінен өтеу, сондай-ақ кәсіпорын жеріне келтірілген зиян мен моралдық шығынды өтеу туралы талапты сотқа берді.

Химкомбинат басшылығы зиянды заттардың атмосфераға шығарындылары оған қоршаған табиғи ортаны қорғау органдарымен белгіленген уақытша нормативтер шегінде жүзеге асырылатынын мәлімдеп мойындамады.

Істі шешіңіз.

Жауапкердің кінәсі болмаған кезде өндіру мүмкін бе?

Құқықтық әсер етудің қандай құралы зиянды жүйелі келтіру кезінде заңнамамен қарастырылған?

**2-есеп**

Оңтүстік-Қазақстан облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы «Ақдала» МҚК тиесілі ауданы 22,2га жер учаскелеріне іргелес жатқан тұздануды және азуды тудырған буландырғыш тоғандарды пайдалану нәтижесінде келтірілген, сомасы 2 467 758 теңге шығынды «Шымкентнефтеоргсинтез» АҚ-нан өндіру туралы талаппен сотқа жүгінді.

Сот отырысында буландырғыш тоғанның 12.12.1990 жылы пайдалануға енгізілгені анықталды. Жауапкер буландырғыш тоған орналасқан жер учаскесін 05.08.2008 жылы сатып алған.

Қуынушының өтініші бойынша 2008 жылдың мамыр айында нәтижесінде «Ақдала» МҚК жайылым алқаптарында топырақтың тұздану және үлгілік ақ сортаңдардың түзілу процесі өтіп жатқаны анықталған, жер учаскесінің тоғанға іргелес жатқан коммиссиондық тексерісі өткізілді. Қуынушының пайымдауы бойынша жер жағдайының нашарлау себебі соңғы 18 жыл бойы өтетін буландырғыш тоғаннан суды тіреу нәтижесінде топырақты судан тұздың түсуі болып табылады.

Істі шешіңіз.

**3-есеп**

Қазалы аудандық ауруханасы өз бетімен кәріз құрылысына мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорынының 4,4 га айдалатын жерін алды.

Кәсіпорын директоры аурухана басшысынан құрылысты тоқтатуды және жер учаскесін бастапқы күйге келтіруді талап етті.

Кәріз құрылысы бұл жерде ауыл шаруашылық жұмысы тоқтатылғанда және жер учаскесі құрылыстан кейін рәсімделгенде күзгі уақытта жүргізіледі, себебі оларға кәріздің өзі және олармен байланысты басқа құрылғылар қанша га алатыны белгісіз деп санап, құрылысты жалғастырды.

Кәсіпорын директоры әкімшілікке ауыл шаруашылық жерді пайдалану құқығын бұзғаны үшін аурухана басшысына қажетті шараларды қабылдау туралы талаппен өтініш жазды.

Істі шешіңіз.

**4-есеп**

Шет ауданы Әкімімен 1 жыл мерзімге шаруа қожалықтарының жерін уақытша тартып алу және оларды пайдалану бойынша жер учаскелерін пайдаланбауына байланысты «Смирновская» КБ беру туралы 31.05.2006 жылы №111 шешім шығарылды.

Әкім дұрыс шешім қабылдады ма?

**5-есеп**

Ауыл шаруашылық ұйымдастыру жобасы бойынша шабындықтардың батпақтануын жою, азықтық алқаптарды кеңейту және жерді тиімді пайдалану үшін бірнеше шаруашылық аумақтарынан тармақталатын

Шемонайха өзенінің арнасы алты орында каналдарды төсеу жолымен «түзетілді».

Бұдан кейін өзен тезірек аға бастады және соңында толығымен ағарып кеуіп қалды. Былтырғы батпақтанған алқаптарда ылғалдың жетіспеушілігінен жер «тақырлана» бастады, жергілікті шаруашылықтар азық және су алқаптарынан айырылды.

Келтірілген зиянды өндіру және жауапкершілік туралы мәселені қарастырыңыз.

**6-есеп**

Қостанай аудандық сотпен 2000 жылы Московский кентінің тұрғындарының (барлығы 236 адам) Б.А.Васильевке 1998 жылы 11 сәуірде жасалған шартты жер учаскелеріне құқықты сатып алу-сату шарттарын жарамсыз тану туралы талап бойынша 5 іс қозғалды.

Іс материалдарынан барлық даулардың туындау себебі Б.А.Васильевтің олармен сатып алынған шартты жер үлестерін төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауы болып табылатыны көрініп тұр (сатып алу-сату шарттарының талабымен салып алушыға 5 жылға және одан да көп мерзімге ұзартып төлеу ұсынылған). Аталған істі қарау кезінде 1998 жылы жауапкер өзіне қабылданған міндетті төлем бойынша орындағаны, шартта анықталған мөлшерде барлық қуынушылармен есептесу заттай түрде (ауыл шаруашылық өнімдерімен) жасалғаны айқын анықталды. Алайда 1999 жылы жауапкер жер учаскесін пайдалануға кіріспеді (жерге екпеді), сәйкесінше шартты жер үлестерінің төлемі бойынша міндеттеме орындалмады.

Аталған жағдайда жердің құқық бұзушылық құрамы болады ма?

**7-есеп**

1999 жылы мамырда Атырау қалалық сотының шешімімен өзінің қызметкерлері үшін 40 екі қабатты коттеджердің құрылысы үшін «Тенгизшевройл» ЖШС меншігіне жер учаскесін берумен байланысты 20 астам меншік иелерінің жер учаскелері тартып алынды.

Атырау қаласы Әкімінің қуынымына қарсы наразылық білдіре отырып, жауапкерлер жер учаскелерінің қоғам мен мемлекет мүддесінде емес, ал жеке мақсаттарға пайдалану үшін тартып алынғанын мақұлдады, себебі бұдан бас пайданы «Тенгизшевройл» ЖШС алады.

Алайда Атырау қаласының жұртшылығы Атырау қаласы Әкімінің әрекетін толығымен қолдады, себебі Атырау қ. әкімінің осы әрекеттерінің нәтижесінде өте әдемі америка ағаштары өсіріле бастады.

Істі шешіңіз.

**8-есеп**

Ауыл шаруашылық кәсіпоорыны зауытпен өз бетімен басып алынған жер учаскесі ауданынан үш жыл ішінде зауыттың қосалқы шаруашылымен

жиналған картоп егісінің құнын өндіру туралы зауытқа талаппен сотқа жүгінді.

Жауапкер зауытпен өз бетімен алынған аталған жер алқаптары ауыл шаруашылық кәсіпорынымен ешқашан өңделген емес және қазіргі уақытта қандайда бір шығынсыз шаруашылыққа қайтарылды.

Істі шешіңіз.

**9-есеп**

Азамат Елькенов 2004 жылдан бастап осы бау-бақша серіктестігінің мүшесі болып табылатынын көрсетіп оған тиесілі жер учаскесін пайдаланудағы кедергілерді жою туралы бау-бақша серіктестігіне талаппен сотқа жүгінді, алайда 2008 жылы серіктестік басқармасы қуынушыға үйін бұрып, жеміс беретін ағаштарды кесіп басқа орынға көшуді ұсынып, өз учаскесіне өзінің енуіне кедергі жасайтын құрылысты көтерді.

Істі шешіңіз.

**10-есеп**

Талғар шатқалының орман аймағындағы «Табиғат» иран фирмасында демалу үшін коттедждердің құрылысына Талғар қаласының қалалық әкімшілік басшысының шешімімен 100 мың га жер, оның ішінде орман қорының 70 га жері пайдалануға ұсынылды. Аумақтық экология департаменті прокуратураға әкімшіліктің заңсыз шешіміне шағыммен жүгінді.

41. Шетелдік заңды тұлғалармен елді мекен шегіндегі жерді пайдалану, жалға алу құқығын сатып алу тәртібі қандай.

42. Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген шетел азаматтары мен заңды тұлғалардың жерді пайдалану құқығын ұсынудың шекті мерзімін көрсетіңіз.

43. Істі мәні бойынша шешіңіз.

**11-есеп**

Әулиекөл аудандық сотымен 14.03.2002 жылы жалпы пайдаланымдағы жер учаскесін пайдалануға кедергілерді жою туралы М.Н.Петроваға қуыным талаптарымен Әулиекөл ауылының тұрғыны атынан өз атынан мәлімдеген Г.А.Аносов қуынымы бойынша азаматтық іс қаралды.

Дау жауапкердің жер учаскелері арасында өту үшін пайдаланылған көрші жер учаскесі мен оның үйі арасында табылатын жер учаскесін қоршаумен қоршап алуымен байланысты туындады.

Сот қуыным талаптарын Байтұрсынов көшесі бойынша №80,82 үй учаскелері арасында Байтұрсынов көшесінен Чкалов көшесіне дейін өту үшін сервитут орнатып және жауапкерді өтетін жерді пайдалануға кедергі келтірмеуге міндеттеп қанағаттандырды.

Сонымен бірге, іс материалдарынан М.Н.Петрованың 22.10.1996 жылғы жерді өмірлік пайдалану құқығына берілген мемлекеттік актісіне

сәйкес 0,0870 га көлемде жер учаскесі берілгені қарастырылады. Өтетін жерсіз жауапкердің нақты алатын учаскесінің сот процесінде жасалған өлшемі мемлекеттік акт бойынша берілгеннен едәуір аз 0,0819 га құрады.

Сот отырысында Петроваға (№82 үй) тиесілі жер учаскесі мен көршілес жер учаскесі арасында жалпы қолданылатын (өтетін жер) жер болмағаны көрінетін техникалық жоспар зерттелді. Даулы жер учаскелерінің арасында жалпы пайдланылатын жердің болуының басқа дәлелдемелері сотқа ұсынылмады.

Сот дұрыс істеді ма?

Азамат Аносовтың қуыным талаптарын беру құқығы бар ма?

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында

сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-5, 16, 24-25, 47-58

**Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырма:**

1. глоссарий Expand: жер пайдалану құқығы, жер учаскесін уақытша пайдалану құқығын, жеке меншік.

2. тізбек жасау:

3. «Қазақстан Республикасында жер Меншік».

4 «Жер пайдалану құқығын түрлері.»

5 Сату жобасын шарт, жер алмасу және құрбандыққа, жер пайдалану құқығын сатып алу мен сатуды, жер кепіл жасаңыз.

Рефераттар дайындау:

6. жер учаскесіне құқығын тұжырымдамасы мен мазмұны.

7. жер (тарихи және құқықтық аспект) жеке меншік дамыту.

8. Қазақстан Республикасында жер учаскесіне жеке меншік енгізу оң және теріс аспектілері.

**9.** Жер мемлекеттік меншік құқығының ерекшеліктері.

**10.** Жеке меншіктегі жер учаскесін уақытша пайдалану құқығын, жер пайдалану құқығын арасындағы айырмашылық.

**11.** Жер сервитуттар тарихы.

**12.** Тұжырымдамасы мен сервитут туындаған себептері.

**13.** Жер учаскесін жалдау туралы заң әзірлеу: тарихи және құқықтық аспект.

**14.** Жер бұзушылықтарға қарсы күрес полициясы қатысу.

**15.**Жер заңнамасын бұзғаны үшін ерекшеліктері жауапкершілігі.
**16.**Жер құқық бұзушылық және оларды жою себептері.
**17.**ҚР ІІМ Жердің құқықтық режимі.

**Өзіндік бақылау сұрақтары:**

Тест тапсырмасы:

**1. жер *тұжырымдамасына* заңды мағына беріңіз:**
а) тұтас планета яғни жер.
б) Яғни барлық жер үсті.
с) жер қойнауын қоса алғанда, барлық жер үсті.
г) ***Ол үсті топырақ қабаты болып табылады.***
***г) Бұл Қазақстан Республикасының шекарасында ауданы болып табылады.***
**2. объективті мағынада жерге меншік *тұжырымдамасын* беріңіз?**
а) Ол қажетті коммуникацияларды, аңшылық және басқа да қажеттіліктерін өту, саяхат, жасау және пайдалану, оның ішінде онымен шектелмейтін мақсатты пайдалану бөтен жерге құқылы;
б) Ол ***жария шексіз*** немесе белгілі бір мерзімге тиесілі, иелену және жерді пайдалану үшін адамның құқығы болып табылады
с) Ол жеке тұлғалар, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және шаруа қожалықтарының ***оң*** иелену, пайдалану және олардың ***жер иелік*** болып табылады.
г) Ол, иелену, пайдалану және жерге билік ету иесінің нақты өкілеттіктер жиынтығы болып табылады.
**3. Жер пайдалану құқығының пайда болу негізі болып табылмайды:**
а) әкімдігінің шешім
б) Мәміле
с) жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органының әрекет
г) сату шарты
е) ***бартерлік.***

**4.Жеке меншікке *берілуі мүмкін емес жер жағдайы.***
***а) берілген;***
***б) көгалдандыру үшін;***
***г) коттедж құрылысы үшін;***
д) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша.
**5. шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін көзделген шаруа (фермер) оның экономика және тауарлы ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын,**

**мерзімдерін көрсетіңіз:**

а) 10 жылға дейін

б) 5 жылға дейін

с) 15 жылға дейін

г) 49 жасқа дейін

д) 25 жылға дейін

**6. Қандай жағдайда, жер пайдалану құқығы тоқтатылмайды?**

а) меншік немесе жер пайдалану құқығымен иесі бас тартқан жағдайда

б) Басқаларға жер пайдалану құқығын, жер иесі немесе жер пайдаланушы беру кезінде;

в) Жерді тиімсіз пайдалану кезінде

г) Иесінің немесе пайдаланушының міндеттемелері бойынша жер өндіріп алу немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған кезде;

е) мемлекет мұқтажы үшін жер жеке меншік иесіне немесе жер учаскесін бастап төлем құрбандығы, соның ішінде алып қою, онда;

**7. Уақытша жер пайдалануының** ***дұрыс мерзімдері енгізіңіз:***

а) қысқа мерзімді - 5 жылдан 49 жыл мерзіміне дейін

б) Қысқа мерзімді - 3 жылдан 49 жылға дейінгі мерзім.

с) Қысқа - 5 жылға дейін, ұзақ мерзімді 5 - 45 жылға дейін.

г) Қысқа мерзімді - 10 жылға дейін, ұзақ мерзімді 10-нан 50 жылға дейін

д) Қысқа мерзімді - 3 жылға дейін,

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты негізгі және қосымша ұсынылатын әдебиетті зерттеуден бастау қажет. Жерді иемдену заңды лауазымдарды қарастыруға көңіл бөлу. Алған теориялық білімді тесттік тапсырмаларды орындау барысында және келісім шарт жобаларын жасау барысында қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1-5, 16, 47-58, 97-100, 103-105, 108, 115, 116, 121-129

## № 9 - тақырып. Жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың құқықтық режимі

**28-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Жер қойнауы құқықтық қорғау объектісі ретінде.
2. Жер қойнауын пайдалану құқығының ұғымы және түрлері.

**Дәріс тезистері:**

1. Жер қойнауы – топырақ қабатынан төмен орналасқан, ал топырақ қабаты жоқ кезде – жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми–техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі; («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңның 1-бабының 12-тармағы).

«Жер қойнауы» ұғымы «пайдалы қазбалар» ұғымымен теңестіріп қажеті жоқ. Олар тұтас және бөлігі ретінде салыстырылады. Пайдалы қазбалардан басқа жер қойнауы жер қойнауының пайдаланылмаған бөліктерін көрсететін тау жыныстарынан құралады.

Пайдалы қазбалар – бұл жер қойнауында болатын немесе жер бетінде табылатын материалдық өндіріске пайдалану үшін жарамды қатты, сұйық немесе газ күйіндегі (оның ішінде жер астынлағы сулар) табиғи минералды зат.

Пайдалы қазбаларды экономикалық маңыздылығы бойынша кең таралған және кең таралмаған деп шартты бөлуге болады.

ҚР Конституциясымен сәйкес жер қойнауы, оның ішінде пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде табылады. Егер өзгелері келісімшартпен қарастырылмаса, минералды шикізат меншіктік құқығында жер қойнауын пайдаланушыға (ҚР мемлекеттік кәсіпорынына – шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында) тиесілі.

Жер қойнауын қорғау – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануға, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде олардың ластануын болғызбауға, осы операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға, сондай-ақ жер қойнауын заңсыз пайдалануды анықтауға және оның жолын кесуге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

Объективті мағынада жер қойнауын құқықтық қорғау – жер қойнауын сақтау және оларда антропогендік дамудың зиянды салдарының алдын алу бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Субъективті мағынада жер қойнауын құқықтық қорғау – бұл жер қойнауын сақтау және оларда антропогендік дамудың зиянды салдарының алдын алу бойынша шараларды бекітетін құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

2. Жер қойнауын пайдалану жер қойнауын пайдалану құқығы негізінде

субъектілермен жүзеге асырылады. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңмен сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы деп осы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға берілген келісім-шарт аумағы шегіндегі жер қойнауына иелік ету және оны пайдалану құқығы түсіндіріледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығы объективті мағынада – бұл жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін, жер қойнауын беру және пайдалану тәртібі мен шарттарын реттейтін құқықтық нормалардың, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату негіздемелерінің жиынтығы.

Жер қойнауын пайдалану құқығы субъективті мағынада – бұл жер қойнауының учаскесін иелену және пайдалану бойынша нақты жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының жиынтығы.

Жер қойнауын пайдалану құқығының объектісі жер қойнауының учаскесі болады. онымен жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу үшін тұйық шекарада көрсетілетін жер қойнауының геометризацияланған бөлігі түсіндіріледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектісі (жер қойнауын пайдаланушы) жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар өткізу құқығына осы Заңмен сәйкес ие болатын жеке немесе заңды тұлға болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың өз жиынтығында жер қойнауын пайдалану құқығының мазмұнын құрайтын құқықтары мен міндеттері болады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын бірнеше критерийлер бойынша жіктеуге болады. Бірінші критерий ретінде жер қойнауын пайдалану мақсаты шығады.

Жер қойнауын пайдалану құқығы келесі операцияларды жүргізу үшін беріледі:

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу – жер қойнауы жай-күйінің мониторингіне, жер қойнауы учаскелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жекелеген бөліктерінің және тұтастай бүкіл аумағының геологиялық құрылымын зерттеуге, оларда пайдалы қазбалардың болу перспективаларын іздестіру және іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу арқылы анықтауға, жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасауға байланысты жұмыстар (операциялар).

2. Барлау – пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіруге және оларды бағалауға байланысты жұмыстар (операциялар). Жер қойнауы және минералды шикізаттарды өңдеу туралы ескі Кодексте аталған түр жеке көрсетілмейді, жер қойнауын геологиялық зерттеу бөлігін құрайды.

3. Өндіру - минералдық шикізатты уақытша сақтауды қоса алғанда,

пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне шығаруға, сондай-ақ техногенді минералдық түзілімдерден алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені.

4. Бірлескен барлау және өндіру.

5. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануға беру - мұнай мен газды сақтау үшін жер асты құрылыстарын, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және қалдық суларды көму үшін жер асты инженерлік құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар.

Екінші критерий жер қойнауын пайдалану мерзімдері болып табылады. Жер қойнауын пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін.

Тұрақты жер қойнауын пайдалану – алдын ала белгіленбеген мерзімде жер қойнауын пайдалану.

Тұрақты жер қойнауын пайдалану қорында кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жүзеге асырылады (яғни негізінен жергілікті шаруашылық қажеттіліктерін (құм, саз, ұсақ тастар) қанағаттандыру үшін, жеке меншік немесе тұрақты жерді пайдалану құқығында жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі жер учаскелерінде жеке қажеттіліктер үшін шамалы өңдеумен және тазалаумен немесе оларды табиғи күйде қолданатын пайдалы қазбалар). Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялардың барлық қалған түрлері уақытша жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Уақытша жер қойнауын пайдалану мерзімдері жер қойнауын пайдалануға келісім шартта белгіленеді. Барлау бойынша операциялар өткізуге келісімшарттың әрекет ету мерзімі – 6 жыл. Келісімшарт әрбір кезеңге 2 жылға дейін ұзақтықпен екі рет ұзартылуы мүмкін. жер асты құрылғыларын салуға және пайдалануға және өңдеу бойынша жұмыстар өткізуге келісімшарттар мерзімі 25 жылға дейін кезеңге жасалады. Пайдалы қазбалардың ірі және өте сирек қорларымен кен орындары бойынша өндіру келісімшарты – 45 жылға дейін. Бірлескен барлау мен өндіруге келісімшарт мүмкін ұзарту мерзімін есеп ала отырып, барлау және өндіру кезеңдерін қосатын кезеңде беріледі.

Үшінші критерий бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тартып алынатын немесе тартып алынбайтын болады.

Төртінші критерий бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы өтемді және өтемсіз деп бөлінеді. Өтемсіз жеке меншік немесе тұрақты жерді пайдалану құқығында тұлғаға тиесілі жер учаскелерінде жеке қажеттіліктер үшін ке таралған пайдалы қазбаларды өндіру ғана болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 6, 24-25, 28-30, 32, 59-62, 97-100, 103-105, 130

**Сабақ 29** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

1. Қолдану және қорғау объектісі ретінде жер қойнауы ұғымы.
2. Жер қойнауын пайдалану құқығының ұғымы мен мазмұны.
3. Жер қойнауын пайдалану құқығының түрлері.
4. Жер қойнауын құқықтық қорғаудың ұғымы мен ерекшеліктері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау қажет: жер қойнауының ұғымы мен заңдық сипаттамасы; табиғат объектісі ретінде жер қойнауының ерекшеліктері.
5. Екінші сұрақты қарастыру барысында жер қойнауын пайдалану құқығының ұғымын, объектілерін, субъектілерін және мазмұнын қарастыру қажет.
6. Үшінші сұрақты қарастыру барысында жер қойнауын падаланудың негізгі ***классификацияларын*** сипаттау қажет. ***недр как природного объектаности недропользователей и водопользователей.***
***ствующее законодательство, регулирующее деятельность д7.*** Үшінші сұрақты қарастыру барысында жер қойнауы құқығын қорғау ерекшеліктерін ашу қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 6, 24-25, 28-30, 32, 59-62, 97-100, 103-105, 130

**САБАҚ 30** **СРСП - 1 САҒАТ**

**Тапсырма:**

**Нұсқа 1**
**Кейс қолдану арқылы іскерлік ойын**
**Кейс**

«Озенмунайгаз» АҚ кәсіпорынының қызметі нәтижесінде Өзенде «мунай қалдықтары» пайда болды- мұнайдың үлкен және кішілі ағысы жерден де атмосферадан да оқшауландырылмаған.

Ғалымдардың дерегі бойынша, Өзен территориясында 180 гектардан астамы негізделген түрде «мұнай қалдықтарымен» қамтылған.
Олар жыл сайын атмосферага 28,5 мың тоннадан астам зиянды қалдықтарды шығарады.
Сыланбалы топырақ беттерінде және қалдықтарда жер қыртысының өзгерісі пайда болды, топырақ құрылым бұзылды.
Пайда болған тығыз битумдық қабықтар жердің ылғал қабылдап «демалуына» кедергі келтірді, осындай жағдайда шағынағзалардың өмір сүруі мүмкін емес саналады, сондықтан жер қыртыстары өзіндік тазару қабілетінен айырылады.
Қоршаған табиғи ортаға келтірілген шығын 11 миллиард 626 миллион теңгеге бағалануда.

**Тапсырмалар және тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:**

1. Рөлдерді бөлу:
- Судья;
- Прокурор;
- Талап етуші: Экология департаменті;
- Департамент директоры;
- 2-3 заңгер;
- Жауап берушілер: ство «Озенмунайгаз» Акционерлік қоғамы;
- 2-3 заңгер;
- Жергілікті тұрғындар;
- Мамандар – экологиялық сараптау жүргізетін мекеме өкілдері;
- Журналисттер;
- «Зеленое спасение» қоғамдық бірлестігінің белсенділері .

2. Азаматтық процесс қатысушыларына дәлел дайындау.
3. Журналисттерге азаматтық процеске қатысушыларға сұрақтар даярлау.

**2 Нұсқа**
**Тапсырмалар**

**1-есеп.**

Мүгедектердің ардагерлер ұйымы өте ірі «Үзынжал» полиметалл кен орнын өндеуге лицензия алды.

Жер қойнауын пайдалану лицензиясын алу тәртібі қандай?

Жер қойнауын пайдаланушырға үміткерлерді іріктеу үшін критерийлер бар ма?

Жер қойнауын пайдалану лицензиясы қандай органмен беріледі және

жер қойнауын пайдалану келісімшарты кіммен жасалады?

**2-есеп.**

«Дегере Энтепрайсиз Групп» түрік фирмасы заңмен белгіленген тәртіпте «Жыланды» мыс кен орнын (бұрынғы Жезқазған облысы) әзірлеу келісімшартын жасасты. Алайда фирма 2 жыл ішінде осы кен орнын әзірлеумен айналыспайды.

Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің органдарының жер қойнауын пайдалану келісімшартын бір жақты тәртіпте бұзу құқығы болады ма?

**3-есеп.**

«Аққөл» ауыл шаруашылық кәсіпорыны акционерлік құрылыс компаниясымен ауыл шаруашылығы кәсіпорны жерінің аумағында табылатын құмды карьер акционерлік компанияның пайдалануы үшін берілген, ал соңғысы шартпен негізделген соманы құмның әрбір өндірілген кубометрі үшін төлеуге міндеттенген сәйкес шартты жасасты. Бұл жөнінде аудандық прокурор мәлім болды.

Бұл жерден экологиялық заңнаманың бұзылуы болды ма?

Кең тараған пайдалы қазбаларды пайдалану және қорғаудың құқықтық режимін сипаттаңыз.

Прокурор қандай шешім қабылдауы тиіс?

**4-есеп.**

Қарағанды облысының табиғатты қорғау прокуратурасымен облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының материалдары бойынша «Актасская» шахтасының қызметі тексерілді.

«Карагандауголь» ӨБ «Актасская» шахтасы жер бөліктерінің аумағында ауданы 12,4 га құрайтын жынысты үйінділер болады. Қазақстан Республикасының Жер кодексін бұзуда үйінді астындағы топырақтың құнарлы қабаты шешілмеген және сақталмаған.

«Актасская» шахтасының өндірістік қызметі нәтижесінде жалпы ауданы 5,8 га су басқан және батпақталған жердің көп мөлшері түзілетін жер деңгейінің төмендеуімен жер бетінің шөгуі өтеді.

Істі шешіңіз.

Кен өндіруші кәсіпорынның жер қойнауын әзірлеу үшін уақытша пайдалануға берілген жерді қорғау бойынша міндеттері қандай?

Жерді қалпына келтіру және табиғи ресурстардың шығынын қалпына келтіру бойынша міндеттерді орындамағаны үшін заңды жауапккершілік шаралары несімен көрсетіледі?

**5-есеп.**

Өзендегі «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіпорынының қызметі нәтижесінде не

топырақтан, не атмосферадан ештеңемен оқшауланбаған үлкен және шағын мұнай бұғаздары – «мұнай қоймалары» пайда болды. Ғалымдардың деректері бойынша Өзен аумағында барлығы 180 астам гектар негізді мазутталған немесе «мұнай қоймаларымен» қамтылған. Олар жыл сайын атмосфераға 28,5 мың тоннадан астам зиянды заттарды булайды. Мазутталған топырақта және «қоймаларда» топырақтың еәуір өзгерістері өтті, топырақ құрылымы бұзылды. Пайда болған тығыз битумды қабықтар жерді ылғал өткізгіштігінен және «демалу» мүмкіндігінен айырды, мұндай жағдайда микроағзалардың әр түрлә тіршілік әрекеті іс жүзінде мүмкін емес болады және топырақ өздігінен тазалану қабілетінен айырылады. Қоршаған табиғи ортаға келтірілген шығын 11 миллиард 626 миллион теңгеге бағаланады.

Өткен оқиғаның нақты айыптыларын табуға болады?

Жауапкершіліктің қандай шаралары оларға қолданылуы мүмкін?

Қандай органдар жер қойнауын пайдалану мен қорғауды бақылауды жүзеге асырады?

Тарихи ластануларға аталған ластауды жатқызуға болады ма?

**6-есеп.**

Теміртау қаласының Әкімі тұрғын үй құрылысы үшін қалалық жерден ауданы 10 га жер учаскесін «Темиртаужилстрой» бірлестігіне беру туралы шешім шығарды. Жерді қорғау жөніндегі маман бұл алаңда магнезитті кен орнының тұнбалары болады деген негізде әкім шешімінің күшін жою туралы шағыммен қала прокурорына жүгінді.

Пайдалы қазбалардың жатқан аудандарын салу тәртібін сипаттаңыз.

Жерді қорғау бойынша маманның әрекеті дұрыс па?

**7-есеп.**

«Темір» акционерлік компаниясымен 10 жыл мерзімге көмірді ашық әдіспен өндіруге келісімшарт жасалды. Екі жылдан кейін жергілікті әкім келісімшартты бұзу талабымен келісімшарт органына жүгінеді, себебі компания кен орнын өңдеуге кіріспеді. Мұндай талаппен келіспеген компания әкімшілігі сотқа жүгінді. Өз өтінішінде ол екі жыл бойы карьерге жол төсемін төсеу бойынша жұмыстар жүргізілгенін, сондықтан өңдеуге кіріспегенін көрсетеді.

Әкімнің шешімі негізделген ба?

«Темір» компаниясының қызметінде экологиялық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Шартты бір жақты тәртіпте бұзу үшін қандай негіздемелер бар және бұл сұрақтарды кім шешуі тиіс?

**8-есеп.**

Мұнай өндіру келісімшартын жасап, «Теңгиз-Шеврон» кәсіпорыны

оны өңдіруге кірісті. Өңдіруі барысында кәсіпорында қоршаған ортаны ластайтын күкірт қалдықтарының үлкен мөлшері жиналды. Табиғатты қорғау прокуратурасы аталған кәсіпорынға сотта қуыным талап етті. Алайда «Тенгиз-Шеврон» мұнайды кешендік қайта өңдеу келісімшарты бойынша қарастырылмағанына, сондай-ақ көлік шығындарын есепке ала отырып күкіртті өткізу бойынша қабылданған шаралар тұтынушысын таппағанына сілтеп талапты мойындамады.

Аталған дауда кім дұрыс.

«Теңгиз-Шеврон» әрекеттерінде экологиялық құқық бұзушылық құрамы бар ма? Егер болса, айыптыларды жауапкершіліктің қандай шараларына тартады?

## Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары

қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 6, 24-25, 28-30, 32, 59-62

**Тыңдаушылардың өздік жұмысы – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырмалар:**

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.

2) Глосарийді толықтыру: жер қолдану құқығы, жер қыртысы, минералды шикізат, пайдалы қазбалар, контрактілі территория, жер қолдану бойынша контракт, тау бұрғысы, геологиялық бұрғы.

3) Сұлба ретінде бейнелеу «Жер қыртысы құқығы классификациясы».

**Ұсынылған тақырыптардың біріне реферат дайындау:**

1. «Жер ***қыртысы*** және жер ***қыртысын*** пайдалану туралы» ҚР 1996 жылдың 27 қаңтарындағы Заңы және «Жер ***қыртысы*** және жер ***қыртысын*** пайдалану туралы» ҚР 2010 жылдың 24 маусымындағы Заңы. Салыстырмалы сипат.
2. Заң бойынша жер қыртысын ұсыну және алу тәртібі ***«Жер қыртысы және жер қыртысын пайдалану туралы» ҚР 2010 жылдың 24 маусымындағы Заңы.***
***3. Жер қыртысын пайдалану контрактісі: азаматтық-құқықтық немесе көпшілік алдында келісім түрінде?***
***4. Жер қыртысын қорғау заңын бұзу туралы жауапты: даму тенденциялары.***

***5. Жер қыртысын пайдалану ортасында құқық бұзушылық үшін жауаптылықты құқықты реттеу мәселесі.***

**Өзіндік бақылау материалдары:**

Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру:

***1. Жер қыртысы түсінігі және жер қыртысын құқықтық қорғау түсінігі.***
***2. «пайдалы қазбалар» және «минералды шикізат» «жер қыртысы» түсініктерінің қатынасы.***
***3. Жер қыртысы мазмұны және құқық түрлері.***

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді игеруден бастау қажет.
***Негізгі түсініктерге көңіл бөлу: жер қыртысы, пайдалы қазбалар, минералды шикізат.***
***Жер қыртысын қолдану тәртібі және қорғауды талдау, тау-кен заңының бұзылуына жауапты.***
Алынған теориялық білімді тесттік тапсырмалар мен өзіндік бақылауды шешу барысында қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 6, 24-25, 28-30, 32, 59-62, 97-100, 103-105, 130

## № 10 - тақырып. Суды пайдаланудың және қорғаудың құқықтық режимі

**31-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Су құқықтық қорғау объектісі ретінде.
2. Суды пайдалану құқығының ұғымы және түрлері.

**Дәріс тезистері:**

1. Суды белгілеу үшін құқықтық мағынада «су» термині қолданылады және олармен Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша су объектілеріне шоғырланған барлық су жиынтығы түсіндіріледі (Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 1-бабының 9-тармағы).

ҚР Су кодексінің 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының су

объектілеріне шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері.

«Судың» заңды белгісі олардың ҚР су қорында есепке алынуы болып табылады.

ҚР Су кодексінің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын Қазақстан Республикасының су қоры құрайды.

ҚР Су кодексінің 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Су объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерінің күші болмайды және ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының су қорының барлық суларын келесідей жіктеуге болады:

өзендер, көлдер, батпақтар, тоғандар, су қоймалары, басқа жер бетіндегі су ресурстары, сондай-ақ каналдар мен магистральды су таратқыштардың сулары;

жер асты сулары;

мұз айдындары және қар жұрнақтары (алайда соңғылары ҚР заңнамасы бойынша бөлінбейді);

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары.

Суды пайдалану және қорғау облысындағы мемлекеттік басқару судың пайдалану объектісі ретінде ерекшеліктерімен байланысты бассейндік және әкімшілік-аумақтық қағидаларының сәйкестігі негізінде құрылады.

Басқарудың бассейндік принципі - өзендердің, көлдердің және басқа да су объектілерінің бассейндері шегінде су ресурстарын әкімшілік-аумақтық бірліктер арасында бөлу кезінде іске асырылатын су қорын гидрографиялық белгілер бойынша басқару (ҚР СК 1-бабының 4-тармағы).

ҚР Су кодексінің 112-бабына сәйкес ҚР барлық сулары экологиялық тұрақтылықты, табиғат жүйесін бұзатын, халық денсаулығына зиян келтіретін, сондай-ақ балық қорларының азаюына, сумен жабдықтар жағдайлары мен судың физикалық, химиялық, биологиялық қасиеттерін өзгерту салдарының басқа қолайсыз құбылыстарының нашарлауына, олардың жасанды өсін-өну және тазалау қабілетінің азаюына және судың гидрологиялық және гидрогеологиялық режимінің бұзылуына әкелетін ластанудан, таусылудан қорғауға жатады.

ҚР Су кодексінің 1-бабының 41-тармағына сәйкес су объектілерін қорғау - су объектілерін сақтауға, қалпына келтіруге және ұдайы молайтуға, сондай-ақ судың зиянды әсеріне жол бермеуге бағытталған қызмет.

Объективті мағынада суды құқықтық қорғау – суда антропогендік дамудың зиянды салдарларының алдын алу, су ресурстарын сақтау және ұдайы өндіру бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Субъективті мағынада суды құқықтық қорғау – бұл суда антропогендік дамудың зиянды салдарларының алдын алу, су ресурстарын сақтау және ұдайы өндіру бойынша шараларды бекітетін құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

2. ҚР СК 1-бабының 19-тармағына сәйкес су пайдалану - жеке және заңды тұлғалардың өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану.

Объективті мағынада суды пайдалану құқығы деп суды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын суды беру, пайдалану және тартып алу тәртібін реттейтін құқықтық нормалардың жиынытығы түсіндіріледі.

Субъективті мағынада суды пайдалану құқығы – суды иелену және пайдалану бойынша нақты суды пайдаланушының құқықтарының жиынтығы.

Суды пайдалану құқығының объектілері болып су қоймалары немесе олардың жеке учаскелері шығады.

ҚР СК 1-бабының 20-тармағына сәйкес су пайдаланушы - өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға.

ҚР СК-де су тұтынушы - су объектілерінен су тұтынушы немесе су шаруашылығы ұйымдарының қызметтерін пайдаланушы және сумен жабдықтау жүйелерінен су алушы жеке немесе заңды тұлға сияқты ұғымдар кездеседі. Су тұтынушыларының барлығы суды пайдалану құқығының субъектісі болып табылады, себебі көбісі суды сумен жабдықтау жүйесінен алып тұтынады, ал ол құқықтық мағынада су болып табылмайды.

Суды пайдалану құқығының мазмұны суды пайдалану құқығы мен міндеттерін құрайды.

Су пайдалану құқығы бірнеше критерийлері бойынша түрлерге бөлінеді.

1) Суды мақсатты пайдалану. Суды пайдалану құқығының аталған белгісі бойынша суды пайдалану құқығына бөлінеді:

ауыз су, тұрмыстық және халықтың өзге қажеттіліктері үшін;

сауықтыру және рекреациялық мақсаттар үшін;

ауыл шаруашылық қажеттіліктері үшін;
өнеркәсіп мақсаттары үшін;
гидроэнергетика қажеттіліктері үшін;
көлік және ағаш ағызу қажеттіліктері үшін;
балық шаруашылығының қажеттіліктері үшін;
аңшылық шаруашылық қажеттіліктері үшін;
қорықтандыру мақсатымен;
ағын суларды тастау үшін;
өртке қарсы қажеттіліктер үшін.

Суды мақсатты пайдалануына байланысты суды пайдаланудың белгілі құқықтық режимі анықталады. Қандайда бір мақсаттар үшін арналған әрбір су тоғанында суды пайдалану кезінде өзінің ерекшеліктері бар. Мысалы, сапалы ауыз судан тұратын жер астындағы су тоғандарынан, осы мақсатпен байланысты емес жағдайлар үшін суды жинауға тыйым салынады. Қорықтар мен қаумалдардың су тоғандарында шаруашылық жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілмейді немесе біршама шектеледі. Көлік қажеттіліктері үшін арналған су тоғандарында ағаштарды сал ғып ағызуға, сондай-ақ кеме күшінсіз түйінде және шиланда ағаштарды ағызуға тыйым салынады, есесіне табандық тереңдету жұмыстарын жүргізу міндеттері болады.

2) Суды пайдалану тәсілі. Аталған белгілері бойынша суды пайдалану құқығы жалпы және арнайы деп бөлінеді.

3) Субъективті құрам. Суды пайдалану құқығының екі түрі қарастырылған: бірлескен және оқшауландырылған.

4) Су тоғандарын пайдалануға беру шарттары. Мұнда алғашқы және екінші суды пайдалану ерекшеленеді.

Өз мұқтаждарын қанағаттандыру немесе оны қайталама су пайдаланушыларға жеткізу үшін тікелей су объектілерінен су алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы бастапқы су пайдалану болып табылады.

Бастапқы су пайдаланушыдан шарт негізінде су алатын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы қайталама су пайдалану болып табылады.

5) Су пайдалану мерзімдері. Су пайдалану тұрақты (алдын ала белгіленбеген мерзімде) және уақытша, яғни уақытша су пайдалану қысқа мерзімді - бес жылға дейін және ұзақ мерзімді - бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін болуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда су пайдалану мерзімдері ұзартылуы мүмкін.

Арнайы су пайдалану мерзімдері су объектісінің ресурстық әлеуеті мен ағымдағы экологиялық жай-күйіне байланысты болады.

Ортақ су пайдалану тұрақты болып табылады.

**9)** Ақылығы. Жалпы суды пайдалану тегін, ал арнайы әдетте ақылы жүзеге асырылады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 7, 33, 63-73, 97-100, 103-105, 116, 131

**Сабақ 32** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

**Нұсқа 1**

**«Казахстан Қазақстан Республикасындағы су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері» тақырыбында пресс-конференция**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Жүргізушіні, үш маманды және пресс-конференция қатысушыларын – өкілдерді таңдау:
–Қазақстан Республикасының өкіметі;
–Қазақстан Республикасы даму және инвестиция министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитеті;
–Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрлігінің су ресурстары комитеті;
–Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
–Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті.
2. Мемлекеттік орган өкілдеріне пресс-киттер дайындау.
3. Тілші рөліндегі қалған тыңдаушылар мемлекеттік орган өкілдеріне сұрақтар дайындайды.

**Нұсқа 2**
**(сұрақ-жауап түрі, дискуссия)**

**Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:**

1. Пайдалану және қорғау объектісі ретінде сулар сипаттамасы.
2. Су пайдалану құқығының ұғымы мен мазмұны. Су пайдаланушылардың құқығы мен міндеттері.
3. Суды пайдалану құқығы түрлері.
4. ҚР ішкі істер органдарының су және су құқығын қорғауға қатысуы.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.

3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау қажет: су және оны қорғау құқығының заңдық сипаттамасы мен ұғымы; табиғат объектісі ретінде су ерекшеліктері.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында су пайдалану құқығының ұғымын, объект, субъектілерін және мазмұнын қарастыру қажет.
6. Үшінші сұрақты дайындау барысында су пайдалану құқық түрлерінің негізгі классификацияларын қарастыру қажет.
7. Төртінші сұрақты зерттеу барысында суды ластанудан, қоқыстану және таусылудан қорғау, су қауіпсіздігін қамсыздандыру бойынша ҚР ІІО қызметін сипаттау қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 7, 33, 63-73, 97-100, 103-105, 116, 131

**Сабақ 33** **ТОӨЖ - 1 сағат**

**Тапсырмалар:**

**1-есеп.**

«Интал» ауыл шаруашылық кооперативі Нұра өзенінен ауыл шаруашылық дақылдарын суарды. Ауыл шаруашылық дақылдарының пісіп жетілуі кезеңінде агроном 120 га ауданда егіннің аяқ астынан бүлінін байқайды. Бүлдіру көзі ағын су болып табылады. Кооператив шығынды, оның ішінде 2 млн. теңге түсетін егінді өтеу туралы синтеикалық каучук зауытына талап қойды. Зауыт өзін жер алқабынан 150км жерде орналасқан. Сонымен бірге жоғары ағыстағы сияқты, төменгі ағыста да басқа өнеркәсіп кәсіпорындары табылады деп санап талапты мойындамады.

Істі шешіңіз.

**2-есеп.**

«Химпром» ӨБ №3 цех бастығының өкімі бойынша ауыл шаруашылық кәсіпорнының пайдалануында табылатын тоғанға сынап тасталды. Кәсіпорын дирекциясы тоғаннын ластануынан балықтардың жаппай қырылуы болып жатқанын, ал су тоғанының өзін малды және егістіктерді суару үшін қолдануға болмайтынын көрсетіп аудандық прокуратураға шағыммен жүгінеді.

Қажетті материалдарды жинап прокуратура Павлодар қаласының экономикалық сотына кәсіпорынға келтірілген шығынды өтеу туралы «Химпром» ӨБ-не талап қояды.

Суды пайдалану және қорғау бойынша кәсіпорынның міндеттері қандай?

Суды ластағаны үшін заңды жауапкершілік қалай көрсетіледі?

Суды ластаумен келтірілген шығын қалай есептеледі?

**3-есеп.**

«Ахпанов и К» шаруа қожалығының суды пайдалану құқығын рәсімдеусіз Песчаное көлінен судың үлкен мөлшерін алады.

Су шаруашылығын бұзу неден тұрады және заңды жауапкершіліктің түрлері қандай?

**4-есеп.**

Маңғыстау облысының Қошқар Ата көлінің варварлық шаруашылық қызметінің 30 жылында 300 млн.тонна сұйық қалдықтар және 100 млн тонна қатты қалдықтар тасталынды. Ластаушылардың бірі жыл сайын залалсыздандырылмаған пайдаланылған суды шығаратын туберкулез колониясы-аурухана болып табылады.

Су заңнамасын бұзудың қандай түрлерін көрсете аласыз?

Нақты ластаушы - туберкулез колониясы-ауруханаға заңды жауапкершіліктің қандай шараларын қолдануға болады?

**5-есеп.**

Семей ауданында қор қоймасы бар әскери бөлімнің бірінде шамамен 6000 тонна авиакеросині ағып кетті, нәтижесінде жер асты сулары ластанды және Ертіс өзеніне мұнай өнімдерінің түсу қаупі бар.

Әскери бөліммен қандай құқық бұзушылық жіберілді? Жер асты суының құқықтық режимін сипаттаңыз.

**6-есеп.**

Қапшағай қаласындағы табиғатты қорғау прокуратурасымен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңын сақтауға қатысты «Водоканал» МҚК тексеруі өткізілді. Келесілер анықталды: кәсіпорын артезиан ұңғымасынан су өндіруге рұқсат қағаздарын рәсімдемеді, қалдықтарды орналастыру ережесі бұзылды және ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген тастандыларының нормалары артты.

Істі шешіңіз.

Жасалған экологиялық құқық бұзушылықтар түрін атаңыз.

Жауапкершілікке кім және қандай түріне тартылады?

**7-есеп.**

Тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған ыдыстардың болмауынан балық өңдеуші кәсіпорыны жағалаудағы белдеуде Қапшағай су қоймасын қоқыспен бітеді.

Істі шешіңіз.

Мұнда құқық бұзушылықтардың қандай түрі жасалған?

**8-есеп.**

Тараз қаласындағы «Спирт» АҚ бастығы АҚ-ның Талас өзеніне тазартылмаған пайдаланылған сулар мен барда- спирт өндірісінің қалдықтарын тастағаны үшін ҚР ҚК 281-бабы бойынша сотталды. Барданы бірден тастау нәтижесінде су тоғанының шұғыл қышқылдануына және оттегінің асқынған жетіспеушілігіне әкелетін 1500 куб метр тасталынды. Бұл өз кезегінде балықтардың жаппай қырылуына әкелді. Балық шаруашылығының шығыны 750 мың теңгені құрады. Кассациялық шағымда сотталушы өткенге өзінің жоқ екенін, себебі АҚ күрделі жөндеуден кейін Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен тазалау құрылғыларынсыз және қалдықтарды кәдеге жарату құралынсыз пайдалануға қабылданғанын, барданың осы бірден тасталуы салдарына жол бермеу мүмкін болмағанын, АҚ жұмысын тоқтатуға АҚ бастығы құқылы еместігін көрсетеді.

**Сотталушының шағымын қанағаттандыру қажет пе?**

## Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық

бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 7, 33, 63-73

**Тыңдаушылардың өздік жұмысы – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырма:**

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.

2) Глоссариді толықтыру: сулар, су пайдалану құқығы, жалпы және арнайы су пайдалану, біріккен су пайдалану, су қорғау аймағы, су қорғау алқабы, суды қорғау, судың ластануы, судың қоқыстануы, судың таусылуы.

3) ***Схемалық*** түрде бейнелеу: «Су пайдалану құқығының ***классификациясы (жіктелуі)***».

Ұсынылған тақырыптардың біреуіне реферат дайындау

1. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша су лар ***классификациясы.***
2. Жер асты суларының құқықтық тәртібі.
3. Қазақстан Республикасы су қауіпсіздігінің ұғымы.
4. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамсыздандыру мәселелері.
5. Қазақстан Республикасы су пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқарма ерекшеліктері.
4. Су қорғау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік: даму үрдісі.
5. Су қорғаудағы ҚР ішкі істер органдарының қатысуы.

**Өзін-өзі бақылау мәліметтері:**

Өзін-өзі бақылау сұрақтарына жауап беру:

1. Су және су қорғау құқығы ұғымы.
2. Жер асты сулар құқықтық тәртібінің ерекшеліктері.
3. Су объектілерінің ***классификациясы.***
4. «Су ластануы» мен «су қоқыстануы» ұғымдарының қатынасы.
3. Су пайдалану құқығының ұғымы мен ерекшеліктері.
4. Су пайдалану құқығының түрлері

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты негізгі және қосымша ұсынылған әдебиеттер тізімін зерттеудер бастау қажет. Негізгі ұғымдарға көңіл бөлу керек: сулар, су объектілері, судың құқықтық түсініктер. Су пайдалану және қорғау ретін, су заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті саралау. Алған теориялық білімді өзін-өзі бақылау сұрақтарына жауап беру кезінде пайдалану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

## № 11 тақырып. Орманды пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі

**34-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Орман пайдалану және қорғау объектісі сияқты.
2. Орман пайдалану құқығының ұғымы және түрлері.
3. Ішкі істер органдарының орманды қорғауға қатысуы.

**Дәріс тезистері:**

1. ҚР Орман кодексінің 4-бабының 24- тармағына сәйкес орман – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен.

Қазақстан Республикасындағы барлық орман ҚР орман қорында ескеріледі.

Ормандардың атқаратын функцияларының басымдықтарына қарай мемлекеттік орман қоры:

ерекше қорғалатын орман аумақтары, оның ішінде: мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары; мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар ормандары; мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары; мемлекеттік өңірлік табиғи саябақтар ормандары; мемлекеттік қорық аймақтары ормандары; табиғаттың мемлекеттік орман ескерткіштері; орманның гендік

резерваттарын қоса, ғылыми маңызы бар орман учаскелері; аса құнды орман алаптары; жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары; орман-жеміс екпелері; аса биік тау ормандары;

2) мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулері;

3) қала ормандары;

4) елді мекендердің және емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтары;

5) эрозияға қарсы ормандар;

6) өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да су объектілері жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулері;

7) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары, каналдар, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер;

8) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орманды белдеулер;

9) егіс-топырақ қорғаныштық ормандар санаттарына бөлінеді.

Қазақстан Республикасындағы барлық ормандар қорғалады.

ҚР ОК 4-бабының 49-тармағына сәйкес ормандарды күзету – орман өртінің алдын алу және орман өртіне, ағаштың заңсыз кесілуіне және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын басқа да бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жиынтығы.

Объективті мағынада ормандарды құқықтық қорғау – ормандарда антропогендік дамудың зиянды салдарларының алдын алу, орман ресурстарын сақтау мен ұдайы өндіру бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Субъективті мағынада ормандарды құқықтық қорғау – бұл ормандарда антропогендік дамудың зиянды салдарларының алдын алу, орман ресурстарын сақтау мен ұдайы өндіру бойынша шараларды бекітетін құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

Экологиялық талаптар ҚР ЭК 347-тарауында бекітілген.

2. ҚР Орман кодексі орман қорының учаскелерін иелену құқығы мен орманды пайдалану құқығын ерекшелейді.

ҚР ОК 4-бабының 37-тармағына сәйкес орман иелену – орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуі үшін мемлекеттік орман иеленушілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін мемлекеттік орман қоры учаскелерін иелену және пайдалану құқығы, сондай-ақ жекеше орман иеленушілерге осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілетін жекеше орман қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Орман пайдалану деп – орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет түсіндіріледі (ҚР ОК 4-б, 36-тармағы).

Объективті мағынада орманды пайдалану құқығы деп ормандарды ұсыну және пайдалану тәртібі мен шарттарын реттейтін құқықтық нормалардың, орманды пайдалану құқығы мен орман пайдаланушыларының құқықтары және міндеттерін тоқтату негіздемелерінің жиынтығы түсіндіріледі.

Орманды пайдалану құқығы субъективті мағынада – бұл орман учаскелерін иелену және пайдалану бойынша нақты орман пайдаланушылары құқықтарының жиынтығы.

Орман пайдалану құқығының объектілері орман учаскелері болып табылады.

Орманды пайдалану құқықтарының субъектілері, яғни орман пайдаланушылары, оның ішінде шетелдіктер болады.

Орманды пайдалану құқығының мазмұны орман пайдаланушыларының құқықтары мен міндеттерін құрайды.

Орманды пайдалану құқығын келесі түрлерге бөлуге болады.

Ең алдымен, орманды пайдалану құқығы жалпы орман пайдалану құқығымен және арнайы орман пайдалану құқығымен бөлінеді.

ҚР азаматтары «Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуы» 42-бабына сәйкес жалпы орман қорғауда өз құқығын жүзеге асырады.

Жалпы орман пайдалану құқығы арнайы рұқсат беруді талап етпейді және оның субъектісі тек жеке тұлғалар болып табылады.

Арнайы орманды пайдалану құқығының субъектілері тек жеке емес, сонымен бірге заңды тұлғалар бола алады. Ол арнайы рұқсатты талап етеді және әдетте ақылы негізде жүзеге асырылады.

Орманды пайдалану құқығы әр түрлі критерийлер бойынша жіктеледі.

Пайдалану мақсаты бойынша ол келесі түрлерге бөлінеді:

1) сүрек дайындау;

2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;

3) қосалқы сүрек ресурстарын (қабықтар, бұтақтар, түбірлер, тамырлар, жапырақтар, бүршіктер) дайындау;

4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, бау-бақша шаруашылығы және өзгеде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман жамылғысы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау мен жинау);

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін

пайдалану;

7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану (ҚР ОК 88-бабы, 1-бабы).

Пайдалану тәсілі бойынша орман ресурстарын тартып алумен немесе оларды тартып алусыз орман пайдалануды көрсетуге болады (ҚР ОК 88-бабы, 2-тармағы).

ҚР Орман кодексі бойынша субъекті құрамы бойынша жіктеу көрсетіледі. Мемлекеттік орман қоры учаскесі орман пайдаланудың бір (оқшауланған орман пайдалану) немесе бірнеше (бірлесіп орман пайдалану) түрлерін жүзеге асыру үшін бір немесе бірнеше орман пайдаланушыға берілуі мүмкін (ҚР ОК 88-бабының 3-тармағы).

Пайдалану мерзімі бойынша орманды пайдалану құқығы тұрақты және уақытша деп бөлінеді. Тұрақты, яғни нақты мерзімді белгілемей жалпы табиғатты пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын орманды пайдалану үшін тән. Сонымен бірге, мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындары, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар және мемлекеттік табиғи саябақтар тұрақты орман пайдаланушылар болып табылады.

Уақытша орман пайдалану құқығы қысқа мерзімді (1 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (10 жылдан 49 жылға дейін) бөлінеді.

Сондай-ақ орманды пайдалану құқығы жүзеге асырылатын пайдалануға байланысты келесілерге бөлінеді:

Негізгі орман пайдалану құқығы (ағаштар, шайыр, екінші дәрежелі ағаш материалдары, ағаш шырындарын дайындау);

Жанама орман пайдалану құқығы (шөп шабу, мал жаю, дәрілік өсімдіктерді, шөптерді, жемістер мен саңырауқұлақтарды дайындау және жинау, ұлулар мен омарталарды орналастыру).

3. Орманды қорғауға, атап айтқанда – орман бұзушылармен күресуде ҚР ішкі істер органдары белсенді қатысады. Себебі ІІО қызметкерлеріне «ҚР ішкі істер органдары туралы» Заңмегн қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардан ескерту, оларды анықтау және алдын алу міндеті жүктелген, олар орман бұзушылықтардың әрбір жағдайын елеуі тиіс.

ҚР ішкі істер органдары әр түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда (қадағалау, табиғатты қорғау органдарына көмектесу, экологиялық істерді қорғау-шартты нысанда қарастыру) орманды қорғауды жүзеге асырады.

Бақылау-қадағалау қызметіне учаскелік инспекторлар, табиғатты қорғау полиция бөлімі қатысады.

ҚР Ішкі істер органдарымен орманды қорғау және пайдалану облысында қадағалау жүзеге асырылады. Ішкі істер органдарымен әдетте, орманды қорғау органдарымен бірлесіп экологиялық функцияларды

орындайды.

Орманды қорғау ередесін бұзушыларды анықтау әдісі мен нысандары – бұл айналып өту (аралау), ашық және жасырын патрульдеу, тексерулер, тосқауылдар және т.б. Орман бұзушылық фактісін анықтау кезінде ІІО қызметкері хаттама жасаушы туралы (Т.А.Ж., лауазымы), қылмыс жасаған тұлға туралы (Т.А.Ж., тұрғылықты жері, жұмыс орны, алатын лауазымы, еңбекақы мөлшері, жеке басын куәландыратын құжат), орман бұзушылық түрі, келтірілген шығын мөлшері, орман бұзушылығын жасау орны, орман бұзушылықтың аталған түріне жауапкершілікті қарастыратын нормативтік акт баптары сияқты мәліметтер көрсетілетін орман бұзушылықтары туралы хаттама жасауы тиіс.

Ішкі істер органдарымен өртті қадағалау жүзеге асырылады. Ішкі істер органдары орман өрттерімен күресуде және өрт қауіпсіздігі ережесін сақтауды бақылауда мемлекеттік орман қорғау көмегін көрсете отырып өрттен және заңсыз кесулерден  орманды қорғауға қатысады, бірлескен рейдтер және патрульдеуді ұйымдастырады, орманды кесуден сақтандыру мен алдын алуда және басқа бұзушылықтарда орман шаруашылығына көмек көрсетеді, орман бұзушыларының тұлғасын анықтайды, оларды іздестіру мен жауапкершілікке тартуды жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары ҚР ҚК «Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу» 340-бапта және «Ормандарды жою немесе бүлдіру» 341-бабында қарастырылған экологиялық қылмыстарды қарауды жүзеге асырады. Кейде ішкі істер органдары, көбінесе, мамандандырылған күзет бөлімшелері өз бетімен жүзеге асырады (мысалы, Бурабай шипажай аймағы атты полиция отрядымен күзетіледі).

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 8, 22, 24-25, 34, 75-84, 97-100, 103-105, 118

**Сабақ 35** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

1. Орман және орманды құқықтық қорғау түсінігі.
2. Орманды ***қолдану*** құқығы мазмұны мен түрлері.
3. Орман заңының бұзылуына жауаптылық мәселесі.
3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары арқылы ормандарды қорғау құқығын сақтауды қамтамасыз ету.

**Тапсырмалар және тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар:**

1. Негізгі оқу әдебиетін тақырып бойынша игеру.

2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және болатын семинар сұрақтарына қысқаша жауап конспектісін дайындау.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: орман түсінігі және заңды түрдегі сипаты және орманды құқықтық қорғау түсінігі; орманды табиғат обьектісі ретіндегі ерекшелігі.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында обьектілер, субьектілер және орманды қолдану құқығы мазмұнын қарастыру керек; орманды қолдану құқығы негізгі классификациясын сипаттау.
6. Үшінші сұрақты дайындау барысында орман заңын бұзу бойынша жауаптылық мәселесін анықтау.
7. Төртінші сұрақты дайындау барысында орманды қорғау, орманды қолданушылар құқығын және еркіндігін қорғау барысындағы ҚР ІІБ қатысуын ашып қарастыру керек.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 8, 22, 24-25, 34, 75-84, 97-100, 103-105, 118

**Сабақ 36** **ТОӨЖ - 1 сағат**

**Тапсырма:**

**Нұсқа 1**
**Іскерлік ойын**

**Оқиға**

Талғар қаласы қалалық әкімшілігі әкімінің шешімі арқылы «Табиғат» Иран фирмасына демалыс үшін коттедж салуға Талғар шатқалының орманды жерінен қолдану үшін 100 соттық га жер, соның ішінде орман қорынан 70 га жер берілді.

Құрылыс барысында келесі фактілер анықталады:

- «Табиғат» Иран фирмасы жобасын мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынбады;
- Қазақстан Республикасының Жер кодексін бұзу арқылы құнарлы жер қыртысы алынбады және қорғалмады;
- Құрылыс барысында фирма арқылы саз балшық, қиыршық тас және құм (жалпы таралымдағы пайдалы қазбалар) өзіне берілген жер телімінде де Казкеев телімінде де алынды;
- Жақын маңайдағы Талғар ауылының халқы осы тәрізді құрылысқа қатаң түрде наразылықтарын білдірді, себебі, құрылыс нәтижесінде қатты шу шығарылды, ауа ластанды, ал ауыл маңына фирма 1200 куб.м шамасында тұрмыстық және құрылыс қоқыстарының үйінділерін қалдырды;

–Құрылыс азамат Букиннің өзінің жер теліміне өтуіне кедергі келтірді.

Қоршаған ортаны қорғау территориалдық органы экологиялық заң бұзушылығына жол берілді деп санағандықтан экономикалық сотқа осы жерлерді қайтарып алу туралы талаппен өтініш жасады.

**Тапсырмалар және тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар :**

1. Рөлдерді бөлу:
«Табигат» Иран фирмасының өкілдері:
- Фирма президенті,
- Заңгерлік бөлім бастығы ,
- қоршаған ортаны қорғау бойынша маман.

Талғар қаласының қалалық әкімдігі өкілдері:
- Талғар қаласы қалалық әкімдігінің әкімі
- әкімшілік заңгері,

азамат Казкеев.
азамат Букин.
Талгарчик ауылының қоғам өкілдері (2-3 адам).
Қоршаған ортаны қорғау территориалдық орган өкілдері :
- қоршаған ортаны қорғау территориалдық орган бастығы
- қоршаған ортаны қорғау территориалдық орган заңгері

Орманшаруашылығы өкілдері:
- орман шаруашылығы директоры,
- орман шаруашылығы заңгерлік бөлімі бастығы.

Судья.
Прокурор.
- Мамандар – сараптаманың әртүрлі түрлерін жүзеге асыратын мекеме өкілдері;
- Журналисттер;
- «Зеленое спасение» қоғамдық бірлестік белсенділері.
- 2. Азаматтық процесс қатысушыларына дәлел дайындау.
- 3. Журналисттерге азаматтық процеске қатысушыларға сұрақтар даярлау.

## 2 Нұсқа

## Тапсырмалар

### 1-есеп.

Көкшетау облыстық әкімшілігінің шешімі бойынша Шучинск орман шаруашылығында автожол құрылысы үшін 115 га орман учаскесі алынды.

Орман шаруашылығы басқармасы орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеу туралы талаптармен құрылыс-жол басқармасына жүгінді. Жол басқармасы құрылыс мемлекеттік қажеттіліктер үшін жүргізіліп жатыр және оған облыстық әкімшілік Әкімінің шешімі бар деп санап, орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеуден бас тартты. Орман шаруашылығының басқармасы орман шаруашылығының шығынын жол полициясынан өндіруге және орман алқаптарының жаңа орман учаскелерін игеру үшін оның арнайы шотына барлық соманы аударуға талаппен сотқа жүгінді.

Орман учаскелерін тартып алу мен орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеу тәртібі қандай.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

**2-есеп.**

Жаңа жыл түні Мәжитов орталық мәдениет және демалыс саябағындағы көк шыршаны кесті. Үйіне бара жатқанда ол полицияның патрульдік-посттық нарядымен ұсталынды. Көк шыршаны заңсыз кескені үшін Мәжитовқа қарсы қылмыстық іс қозғалды. Аудандық сот Мәжитовтың әрекетін ҚР ҚК 291 бабы бойынша анықтады және оны 1 жылға түзеу жұмыстарына соттады. Мәжитовтың адвокаты қалалық саябақта көк шыршаны кескені үшін қылмыстық жауапкершілік мүлдем қаралмағанын сілтемелеп, сот шешіміне кассациялық шағым жазды.

Шағымды қараңыз.

**3-есеп.**

Шиелі ауданында «Сырдария» шаруашылығының қызметкерлері тоғай өсімдіктерінің 440 дана бұталары мен тоғай тораңғыларының 120 ағашын (Қызыл кітапқа енгізілген Литвинов терегін) жақты. Шығын шамамен 160 мың теңгеге анықталды.

Орман пайдалану тәртібін бұзуда айыпты тұлғалардың жауапкершілігі қандай?

Орман шаруашылығына келтірілген шығын қалай анықталады?

Қандай органдар орманды пайдалану мен қорғауды бақылауды жүзеге асырады?

**4-есеп.**

«Нодфос» химиялық зауытының әсер ету аймағында орналасқан ормандар жағдайын тексеру орман ауданы 10 мың га асатын аумақта орман қорының ағаш-бұталы өсімдіктерінің біртіндеп кебуі анықталды. Ормандарды кебу осы зауыттың химиялық өндірісі қалдықтарымен ауаны ластау салдарынан өтетінін көрсетті. Инспекциямен үш себеппен туындаған зауыттың тазалау құрылғыларының жұмысқа жарамсыздығы анықталды: жобаның құрылымдық кемшіліктері, дайындаушы зауыт тарапынан істеліп

бітпегендер; зауыт қызметкерлерімен пайдалану ережесін бұзушылықтар.

Орман шаруашылығы органдары «Нодфос» зауытынан келтірілген шығынды өтеуді сұрайтын шаруашылық істер бойынша алқаға талаппен жүгінеді. Қуыным жауапкері зауыт кінәсінен емес туындаған кемшіліктер үшін жауапкершілік арта алмайтынын мәлімдеп, жартылай мойындайды.

Істі шешіңіз.

**5-есеп.**

Оман өнеркәсібі шаруашылығымен берілген орманды кесу билеті бойынша ағаштарды дайындау процесінде орман комбинаты орманда белгіленген мерзімде әкетілмеген дайындалған өнімді қалдырды, ағаш кесетін жерді қанағаттанарлықсыз тазалады, биік түбірлерді қалдырды, орман дақылдарының өскіндерін зақымдады, ормандағы бірнеше құмырсқа илеуін бұзды, сондай-ақ ағаштарды кесуді ғана емес, сонымен бірге шайыр, қабық дайындамасын жасады және өзінің қосалқы шаруашылығы үшін көп шапты.

Орман өнеркәсіп шаруашылы орман комбинаты орманды пайдалану тәртібін бұзушылармен келтірілген шығынды өтеуді, сондай-ақ дайындалған шайырлардың, қабықтар мен шабылған шөптің құнын төлеуді талап етті.

Істі шешіңіз.

Сіз орманды пайдалануға рұқсаттардың қандай түрлерін білесіз?

**6-есеп.**

Зелентрест жеке меншік құқығында жауапкерге тиесілі үйде өсірілген, өз бетімен кесілген 15 жылдық үш ағаштың құнын өндіру туралы азамат Б.Умаровқа талапты сотқа берді.

Қуыным жауапкері кесілген ағаштардың оның үйінің терезесі алдына өздерімен отырғызылып өсірілгенін, қазіргі уақытта олардың өсіп, үйге күн сәулесінің енуіне кедергі жасай бастағанын мәлімдеп, кінәсін мойындамады.

Істі шешіңіз.

**7-есеп.**

Жаңақорған ауданы, Талап ауылының тұрғыны Айтбаев пен Қасымов торанғының 100 діңгегін кесіп, орманды қорғау қызметкерлерімен ұсталынды және 4900 теңге сомаға айыппұл салынды. Прокуратурамен қылмыстық іс қозғалды.

Істі шешіңіз.

**8-есеп.**

Отбасы Ушаневтар орманда 30 соттық ауданда 20 омарта орнатып, бал жинауға кірісті. Орман шаруашылығына айналып жүріп, орманшы орнатылған омарта мен олардың иелерін көреді. Омарталарды тәркілеп орманшы Ушаневтерге айыппұл ретінде орманды пайдалану тәртібін бұзу

актісін жасамй жеке өзіне 500 теңге төлеуді ұсынады. Орманшының әрекетін заңсыз санай отырып, ағаштарды зақымдамағандықтан, Ушаневтар айыппұл төлеуден бас тартты және шағыммен прокурорға жүгінді.

Істі шешіңіз.

**9-есеп.**

Бекенов шабылған шөпті тиеу кезінде орманшымен ұсталынды. Оған 10 АЕК төлеу туралы акт жасалды және шөп тартып алынды. Бекенов оның әрекетінде құқық бұзушылық жоқ деп санап актіге қол қоюдан бас тартты, ал одан кейін прокурорға жүгінді.

Дауды шешіңіз.

**10-есеп.**

Шығыс-Қазақстан облысының Әкімі ауыл шаруашылық қажеттіліктері үшін арналмаған орман қорының 30 га 12 жыл мерзімге жалға беру туралы шетел компаниясымен шарт жасасты. Түскен қаражаттарды жаңа автовокзалдың құрылысына бағыттау болжамданады. Орманшы шарттың орман заңнамасын бұзумен және орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеу есебінсіз жасалды деп санап сотқа талаппен жүгінеді.

Әкімнің шешімі заңды ма?

Орман шаруашылығы өндірісінің шығыны қалай анықталады?

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 8, 22, 24-25, 34, 75-84

## Тыңдаушылардың өздік жұмысы – 3 сағат

## Тыңдаушыларға тапсырма:

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2) Глоссариді толықтыру: орман, орман ресурсы, орман қоры, орман иемдену, орман пайдалану, орман пайдалану құқығы, орманды қосалқы пайдалану, екінші кезектегі ағаш қорлары, шайыр .
3) Кестені толтыру:
«Орманды пайдалану және қорғау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік».

| Әкімшілік | Азаматтық-құқықтық | Қылмыстық |
|---|---|---|

4) Схемалық түрде бейнелеу: «Орман пайдалану құқығы түрлері».
5) Ұсынылған тақырыптардың біреуіне реферат дайындау:

1. «Орман» құқықтық ұғымының сынап талдауы.
2. «Қазақстан Республикасы орман қоры» құқықтық ұғымының сынап талдауы.
3. Орман пайдалану құқығы мен оның түрлері.
4. Орман заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері.
5. Орман пайдалану және қорғау саласындағы басқару мен бақылау.
6. Қазақстан Республикасы орман қоры жерінің құқықтық тәртібі.
7. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының орман қорғауындағы қатысы.
8. Қазақстан Республикасы орман заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.

**Өзін-өзі бақылау мәліметтері:**

Өзін-өзі бақылау сұрақтарына жауап беру:
1. Орман заңнамасы қағидалары;
2. Орман пайдалану құқығының түрлері;
3. Орман аймақтарын беру тәртібі;
4. Орман заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты ұсынылған негізгі және қосыша әдебиетті зерттеуден бастау қажет. Орман пайдалану және қорғау құқықтық тәртібіне көңіл бөлу қажет. Орман пайдалану құқық түрлері мен орман заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті саралау. Алған теориялық білімді тесттік тапсырмаларды орындау барысында қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 8, 22, 24-25, 34, 75-84, 97-100, 103-105, 118

## № 12 тақырып. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғаудың құқықтық режимі

**37-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Жануарлар дүниесінің ұғымы және оны құқықтық қорғау.
2. Жануарлар дүниесін қолдану құқығының ұғымы және түрлері.
3. Жануарлар дүниесін қорғау және қолдану туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік. ***Браконьерлікпен*** күресуде ІІО қатысуы.

**Дәріс тезистері:**

1. Жануарлар дүниесі - айналадағы табиғи ортаның негізгі құраластарының (компаненттерінің) бірі. Қазақстан Республикасы табиғи байлықтарының маңызды құрамдас бөлігі. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 1-бабы, 10-тармағына сәйкес жануарлар дүниесі – Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы.

Жануарлар дүниесіне құрғақта, суда, атмосферада және жер қыртысында табиғи еркін жағдайда тұрақты немесе уақытша мекендейтін барлық жабайы жануарлар (сүт қоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қос мекенділер, балықтар, сондай-ақ ұлутектілер (молюскалар), шыбын-шіркейлер (насекомдар) және басқалар) жатады (Заңның 1-бабы, 9-тармағы).

Жануарлар дүниесінің мақсатты пайдалануымен сәйкес келесі санаттарға бөлінеді:

1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері;

2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;

3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;

4) жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері;

5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;

6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері (Заңның 3-бабы).

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 1-бабында жануарлар дүниесін қорғау және жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау ұғымдары беріледі:

жануарлар дүниесін қорғау – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені (Заңның 1-бабының 18-тармағы);

жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау – табиғи еркіндік

жағдайында жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет (Заңның 1-бабы, 19-тармағы).

Жануарлар дүниесін қорғаудың құқықтық аспектісін қарастырайық.

Объективті мағынада жануарлар дүниесін құқықтық қорғау – бұл жануарлар дүниесінде антропогендік дамудың зиянды салдарлардың алдын алу, жануарлар дүниесін, оның өмір сүру ортасы мен биологиялық алуан түрлілігін сақтандыру, жануарлар дүниесінің объектілерін ұдайы өсіру бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Субъективті мағынада жануарлар дүниесін құқықтық қорғау – бұл жануарлар дүниесінде антропогендік дамудың зиянды салдарлардың алдын алу, жануарлар дүниесін, оның өмір сүру ортасы мен биологиялық алуан түрлілігін сақтандыру, жануарлар дүниесінің объектілерін ұдайы өсіру бойынша шараларды бекітетін құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

Жануарлар дүниесін қорғау келесі екі бағыт бойынша жүзеге асырылатын өзге табиғи объектілерді қорғаудан ерекшеленеді: табиғи объектінің өзі – жануарлар дүниесі ғана емес, сонымен бірге жабайы жануарлардың өмір сүру ортасы сақталады.

2. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 1-бабы, 24-тармағына сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану — бұл жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын және пайдалы қасиеттерін мекендеу ортасынан айырып немесе айырмай пайдалану.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы объективті мағынада жануарлар дүниесі объектілерін ұсыну тәртібі мен пайдалану шарттарын реттейтін құқықтық нормалар жүйесін, жануарлар дүниесін пайдалану құқығын, жанаурлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін тоқтату негіздемелерін көрсетеді.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы субъективті мағынада – бұл жануарлар дүниесі объектісін иелену және пайдалану бойынша жануарлар дүниесінің нақты пайдаланушысының құқықтарының жиынтығы.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығының объектілері жануарлар дүниесінің жеке біреуі болып табылады.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығының субъектілері (жануарлар дүниесін пайдаланушылар) жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар болады.

Жануарлар дүниесін қолдану құқығының мазмұны «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның «Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері» 27-бабында айтылған жануарлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен

міндеттерінен тұрады.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығын бірнеше негіздемелер бойынша жіктеуге болады.

ҚР аумақта пайдалану мақсаты бойынша жануарлар дүниесін пайдаланудың келесі түрлері жіберіледі:

аң аулау;

теңіз сүт қоректілері мен судағы омыртқасыз жануарларды аулауды қоса алғанда, балық аулау;

аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;

жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда қолдану;

жануарлардың пайдалы қасиеттері мен олардың тіршілік ету өнімдерін пайдалануға (Заңның 24-бабы).

Келесі жіктеу – пайдалану мерзімі бойынша.

Пайдалану мерзімі бойынша жануарлар дүниесін тұрақты (алдын ала анықталмаған мерзімсіз) және мерзімі сәйкес шарттар анықталатын уақытша болады.

Жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдері Заңның 25-бабында бекітілген.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалануда келесі мерзімдер анықталады:

1) аңшылық шаруашылығын және (немесе) балық шаруашылығын жүргізу кезінде — биологиялық-экономикалық тексерулер, аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығының су қоймаларын (учаскелерді) бекітуде конкурс қатысушыларына қойылатын біліктілік талаптары, аң аулау шаруашылығы мен балық шаруашылығы ұйымдарын дамыту жоспары негізінде конкурстық комиссиямен анықталатын аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығының су қоймаларын (учаскелерін) бекіту кезеңіне тәуелді оннан қырық тоғыз жылға дейін;

2) қалған түрлері – бір жылдан аспауы тиіс.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану пайдалану мерзімдерін белгілемейді.

Туындау негіздемесі бойынша жануарлар дүниесін жалпы және арнайы пайдалану құқығын беруге болады.

Заңның 23-бабымен сәйкес жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін мекендейтін ортасынан алу арқылы пайдалану жатады.

Арнайы табиғатты пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын жануарлар дүниесін пайдалану арнайы рұқсаттар негізінде жасалады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттерін мекендейтін

ортасынан алмай пайдалану жатады.

Жалпы табиғатты пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын жануарлар әлемін пайдалану қандайда бір рұқсатты талап етпейді.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығының ақылығы бойынша сатып алынатын қайтарымсыз және қайтымды болуы мүмкін.

«Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы» Заңның 28-бабымен сәйкес жануарлар дүниесін жалпы пайдалану ақысыз жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

3. Жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды және пайдалануды қорғау ережесін бұзғаны үшін заңды жауапкершілік туындайды.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңының 58-бабында былай делінген: жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану облысындағы ҚР заңнамасындағы бұзушылықтарға жауапты тұлға.

Қылмыстық жауапкершілік ҚР Қылмыстық кодексінің «Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз ал» 335-бабымен, «Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу» 336-бабымен, «Заңсыз аңшылық» 337-бабымен, «Жануарлар дүниесін қорғау ережесін бұзу» 338-бабымен, «Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу» 339-бабымен сәйкес басталады.

Су ресурстарын, басқа су жануарларын заңсыз өндіру деп рұқсатқа тиіссіз немесе тыйым салынған уақытта, немесе рұқсат етілмеген орындарда немесе рұқсат берілмеген қарулармен және тәсілдермен табиғи бостандық жағдайында табылатын балықтың, су омырқалыларының және теңіз сүтқоректілерінің барлық түрлерін ұсақ жән барлық түрлерін аңду, қуалау және өндіру түсіндіріледі. Қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін қылмыс ірі шығын келтірумен, не өздігінен жүретін жүзетін көлік құралын немесе жарылғыш немесе химиялық заттарды, электртоғын, не су жануарларын жаппай қырудың басқа тәсілдерін қолданумен, не уылдырық шашу орындарында немесе оларға көшіп-қону орындарында, не ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және төтенше экологиялық жағдайлар аумақтарында, не өзінің қызметтік жағдайын пайдаланатын тұлғамен не алдын ала келісу бойынша тұлғалар тобымен немесе ұйымдастырылған топпен ірі шығын келтірумен жасалуы қажет.

Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу, егер ол көпірлерді, дамбаларды салу, жарылғыш немесе өзге жұмыстарлы жүзеге асыру, су іркуіш құрылыстарын немесе айдаушы механизмдері пайдалану кезінде өтсе немесе балықтардың немесе басқа су жануарларының жаппай қырылуына

әкелетін болса қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылады.

Заңсыз аңшылық – бұл сәйкес рұқсатсыз не арнайы тыйымға қарамастан не аң аулауға құқығы жоқ немесе аң аулауды жүзеге асыруға лицензияны заңсыз алған тұлғамен, не тыйым салынған қарулармен және тәсілдермен тыйым салынған мерзімде келтірілген орындардан тыс аң аулау өндірісі, аң аулау объектісі болып табылатын жануарларды өндіру, ізіне түсу мақсатымен аңду жүзеге асырылатын жанурлар дүниесін заңсыз пайдалану.

Өндірістік процестерді жүзеге асыру немесе көлік құралдарын пайдалану, өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды немесе басқа да препараттарды қолдану, сондай-ақ аңшылық алқаптарын, балық шаруашылығының су айдындарын пайдалану немесе қорғау тәртібін бұзу, егер ол жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын жануарлар дүниесінің жаппай жойылуына немесе қырылуына әкеп соққан жағдайда және ірі залал келтірген жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу деп өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз алу, иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, салып жіберу, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олардың мекендейтін жерлерін жою түсіндіріледі. Жануарлар дүниесін пайдалану ережесін бұзғаны үшін, егер әрекет қылмыстық іс құрамын түзбесе, айыпты тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады: әдетте қарулары мен аң аңлау және балық аулаудың басқа жарақтарын тәркілеумен немесе мұндайсыз айыппұл. Жануарлар дүниесіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туындайды. Ол айыптының әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуына тәуелсіз туындайды.

Жануарлар дүниесіне келтірілген шығындарды өтеу мөлшерлері «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйектегі қаулысында жазылған. Мұндай жануарлар дүниесі бойынша бағалама мөлшері бекітілген: серке киік – 200 айлық есептік көрсеткіш, су тышқан– 5, ителгі – 700, бүркіт – 400, ілбіс – 2000, қортпа – 7 (1 кг-на), бекіре, шоқыр – 5 (1 кг-на) және т.б.

Жойылған жануарлардың санын есептеу мүмкін болмаған жағдайда, мысалы су тоғандарындағы балықтардың уландыратын заттарды тастау нәтижесінде жаппай қырылуы нәтижесінде шығынды есептеу құзыретті органдармен әзірленген және бекітілген арнайы әдістеме негізінде жасалады. Бағалама мен әдістеме болмаған жағдайда зиянды өтеу туралы азаматтық заңнаманың сәйкес нормалары қолданылады.

Кінәсі бойынша кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар зиян келтірумен байланысты шығындар келтірген лауазымды тұлғалар және басқа қызметкерлер белгіленген тәртіпте материалдық және тәртіптік жауапкершілік артады. Аталған жағдайда мұндай қызметкерлер орманшылар, аңшылық мамандары, бас аңшылық мамандары және т.б. болады.

Жануарлар дүниесін қорғауға ішкі істер органдары қатысады. ІІО қадағалау-бақылау қызметі барысында аң аулау және балық аулау қағидасын бұзушыларға әкімшілік әсер ету шараларын өз бетімен қолданады:заңсыз аулау және су кәсібімен заңсыз айналысу қарулары мен өнімдерін тәркілеу, бұзушылық туралы хаттама жасау үшін құқық бұзушыларды қамауда ұстау. ІІО ҚР ӘҚБК «Жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң алау ережесін бұзу» 382-бабының 1-бөлімі, «Балық аулау ережесін бұзу және су ресурстары мен басқа су жануарларын қорғау» 383-бабы, 1 және 2-бөлімдері бойынша айыппұл салуға құқылы. Сондай-ақ ІІО браконьерлерді ұстау кезінде орман және аң аулау шаруашылығы органдарына көмектеседі, олардың тұлғасын анықтау, аң аулау және балық аулау қарулары мен тәсілдерін тексеру, өндіруді тексеру бойынша шараларды қабылдайды. Браконьерлердің қызметін мүмкін белсенділендіру уақытында мемлекеттік қорықтарға, қаумалдарға, аңшылық алқаптарға, балықтардың бағалы тұқымдарының уылдырық шашу орындарына апаратын жолдарда патрульдеу, рейдтер, тосқауылдар ұйымдастырылады.

Жарылғыш заттарды браконьерлердің қолдануына жол бермеу мақсатында ІІО жарылғыш материалдар шоғырланған барлық объектілерді жүйелі тексерулер өткізеді және браконьерлік мақсатты оларды пайдалануды жоятын шараларды қабылдайды.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 9, 24-25, 34-35, 44-46, 83, 85-89, 97-105, 114

**Сабақ 38 Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

**Нұсқа 1**

**«Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша жануарлар әлемін пайдалану түрлері» тақырыбына ғылыми жоба презентациясы**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Жүргізушіні, үш маман және жануар әлемін пайдалану дың бір түрін өкілдеуші жоба қатысушыларын (бір жобаға 2-3 тыңдаушы) таңдау:
–Аң аулау;
–Балық аулау, су омыртқасыздары мен теңіз сүтқоректілерін табу;
–Аң және балық аулау объектісіне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсатта пайдалану;
–Жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелеу және эстетикалық мақсаттарда пайдалану;
–Жануарларға пайдалы заттар мен өмірлік іс-әрекетіне қажетті азықтарды пайдалану;
–Жануарлар түрлерін өндіру.
2. Жоба қатысушылары өз жоба презентацияларын әзірлейді.
3. Тілші рөлінде шығатын қалған тыңдаушылар жоба қатысушылары өкілдеріне сұрақтар дайындайды.

**Нұсқа 2**
**(сұрақ-жауап түрі, дискуссия)**

**Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:**
1. Жануар әлемі қорғау және пайдалану объектісі ретінде.
2. Аң аулауды құқықтық реттеу.
3. Балық аулауды құқықтық реттеу.
4. Жануар әлемін пайдаланудың өзге түрлері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау қажет: жануар әлемінің ұғымы мен заңдық сипаттамасы; жануарлар әлемін қолдану құқығы мазмұны және объектілері мен субъектісі.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында аң аулау ұғымы мен түрлерін қарастырып, аң аулау субъекті мен объектілерін сипаттау.
6. Үшінші сұрақты дайындау барысында балық аулау ұғымы мен түрлерін, балық аулауды лицензиялау ерекшеліктерін ашу.
7. Төртінші сұрақты дайындау барысында жануар әлемін пайдаланудың өзге түрлері мен олардың ерекшеліктерін зерттеу.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 9, 24-25, 34-35, 44-46, 83, 85-89, 97-105, 114

**САБАҚ 39 СРСП - 1 САҒАТ**

**Тапсырма:**

**Нұсқа 1**
**Іскерлік ойын**

**Талқылауға ұсынылған, оқиғалар нұсқауы:**

Табиғат қорғау полициясының қызметкерлері аң аулау жерлері территориясынан қаруы және иттері бар азаматтар тобын тоқтатты.

Құжаттарды тексеру барысында, Невзоров, 5 құр атуға рұқсаты бар аң аулау билеті бола тұра, 10 рет атқаны; Калягин, аңшылар қоғамының мүшесі бола тұрып, киік атқаны; Костин, өзімен бірге аңшылық билеті де, рұқсаты да, алған азығы да болмады, өзіне тиесілі қару бекітілген тәртіп бойынша тіркелмеген болып шықты; Есенбаев, заңсыз түрде 3 жылан аулағандығы анықталды.

**Тапсырмалар және тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар:**

1) Рөлдерді бөлу:
Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері:
1. Қарағанды облысы бойынша ІІД табиғатты қорғау полициясы бөлімінің бастығы Бутимбаев,
Табиғатты қорғау полициясының 2-4 қызметкерлері.
5. азамат Невзоров.
6. азамат Калягин.
7. азамат Костин
8. азамат Есенбаев.
9-12. Азаматтардың қорғаушылары.
13-16.
Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі Қарағанды облыстық территориялық инспекциясы Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитетінің өкілдері.

17-19. Мамандар – сараптаудың әртүрлі түрлерін жүзеге асыратын мекеме өкілдері;

20-23. «Табиғат» ассоциациялар экологиялық одағы мен Қазақстан кәсіпорындары өкілдері- Мэлс Елеусизов бастаған 2 адам.
23-26. Журналисттер.

- 2. Азаматтық процесс қатысушыларына дәлел дайындау.
- 3. Журналисттерге азаматтық процеске қатысушыларға сұрақтар даярлау.

**2Нұсқа**

**Тапсырмалар**

**1-есеп.**

Буторлитобинский АІО қызметкерлері ақбөкендерді заңсыз атумен айналысатын браконьерлер тобын ұстады. Браконьерлер кесетін автоматты қарумен өткіштігі жоғары екі автомашинада шықты және 55 жануарларды жойып үлгерді. Ақбөкендер жүдеу болды, себебі қатал қыс жағдайында азықсыз қалған.

Істі шешіңіз.

**2-есеп.**

Атырау облысында Орал өзенінде тормен балық аулау кезінде азамат В.Крайнов ұсталынды. 4 қызыл балық пен майдагерлік өндірістің 25 кг уылдырығы табылды.

Азамат Крайновпен қандай құқық бұзушылық жасалды?

Жануарлар дүниесіне келтірілген шығынды қалай есептеу қажет?

**3-есеп.**

Оңтүстік Қазақстан облысында ителгілерді аулау жағдайы жиіледі, оның ішінде келесі тәсіл қолданылды:

Ителгілердің электр берілісі желісінде демалу дағдыларын біліп браконьерлер қармақ баудан жасалған ауыт деп аталатын кептерлерді жолдан алыс емес байлайды. Аулақ орында тығылып дүрбімен бақылайды және сол сәтте ителгі құрбанға шабуыл жасаған кезде қармақ бауға оралады, жүгіріп кеп, оны ұстайды, ал егер бұл уақытта орында қалған аңшы инспекторы күтпеген жерден пайда болса, орындарыда қалады.

Аталған құқық бұзушылық жауапкершілікке тартылады ма?

Құсты аулаудың аталған тәсілін тыйым салынған деп санауға болады ма?

**4-есеп.**

Аңшы каруларымен жарақталған браконьерлер тобы олардың біреуіне тиесілі ГАЗ-69 автомашинасында ақбөкендерді атуға түнде шығады. Қудалау кезінде, жолды фарамен жарықтандырып ешкілердің табынына түседі.

Оларды жаңылысып ақбөкендерге қабылдап, браконьерлер атуды бастайды, нәтижесінде үш ешкі өлтірілді.

Істі шешіңіз.

**5-есеп.**

Аңшылар қоғамының мүшесі Дьяков қарумен және басқа аңшылық жарақтармен Қарқаралы ұлттық табиғи саябағы аумағында табылды. Жүріс жолында ол күтпеген жерден қасқырлармен кездесті. Аңшы аңды дәл атып түсіреді, бірақ аталған саябақтың күзетімен ұсталынады.

Ұстау кезінде Дьяков біріншіден, аңды өзін қорғау тәртібінде атқанын; екіншіден, аңшылық қағидасына сәйкес қасқырларды құрту – аңшы міндеттерінің бірі екенін; сонымен бірге, бұл аңдарға аңшылық ешқандай шарттармен және қағидалармен шектелмейтінін мәлімдеді.

Істі шешіңіз.

**6-есеп.**

Азамат  Силаев Алматы қорғалжыңы аумағында жүріп, тянь-шань аюының буаз ұрғашысын атты және аю апанын жойды.

Азамат Силаев жауапкершіліктің қандай түріне тартылатын болады?

Жануарлар дүниесіне келтірілген шығын сомасын есептеңіз.

**7-есеп.**

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының инспекторы В.Майборода аңшылық алқап аумағында қарулары мен иттері бар азаматтар тобын тоқтатты. Құжаттарды тексеру кезінде Невзоровтың аңшылық билеті мен 5 құрды атуға лицензиясы бола тұрып 10 құрды атқаны; Калягин аңшылар қоғамының мүшесі бола отырып, лицензиясыз 5 дана құрды аулағаны анықталды. Костиннің өзінде не аңшылық билеті, не лицензиясы, не аулаған өнімі болған жоқ, оның қолында болған қару белгіленген тәртіпте тіркелмеген.

Кімнің аң аулау құқығы болады?

Аңшы қаруын сатып алу және тіркеу тәртібі қандай?

Заңсыз аң аулау жауапкершілігінің шараларын анықтаңыз.

**8-есеп.**

Аңшылар қоғамының мүшесі Заботнов, жаңа аңшы қаруын сатып алып және оны белгіленген тәртіпте тіркеп, оны ұрыста дәлдігін іспен тексеруді шешеді. Осы мақсатпен ол жақын маңдағы орманға шығады және қарғаларды, сауысқандарды, ұзақтарды, құзғын қарғаларды және басқа көзіне түскен  құстардыбытырамен ата бастайды.

Учаскелік инспектор Заботновты заңсыз аң аулау жауапкершілігіне тарту мәнінде акт жасады. Оған жауап ретінде Заботнов атуға арнайы рұқсат қажет етілмейтінін, өзі өлтірген құстардың жануарлардың аңшылық-кәсіптік қорына жатпайтынын мәлімдеді.

Істі шешіңіз.

**9-есеп**

Шымкент-Ташкент жолында мини-базарда саудалай бастаған және полиция қызметкерлерімен ұсталынған Қазығұрт ауданының жұмыссыз тұрғыны Ш. Есенбаев үш шығыс құм жыланын заңсыз ұстады.

Істі шешіңіз.

**10-есеп.**

Іле өзенінде тыйым салынған акваторияда мотор қайығын қолданып қорытпалы торлармен балық аулау кезінде Орманды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Жаркент мемлекеттік мекемесінің орманшы – қорықшы Коваленко В. ұсталынды. Одан 7 дана дөңмаңдай, 39 тыран мен 5 сазан алынды.

Істі шешіңіз.

Жауапкершіліктің қандай түріне Коваленко тартылуы мүмкін?

**11-есеп.**

Орал-Каспий бассейніндегі «Бекіре-2002» операцияларын өткізу кезінде келесі фактілер ашылды. Кәсіпкер Мурзагалиев А. 8 адамнан тұратын қылмыстық топты ұйымдастырады. Олардан 3 тоннадан астам бекіре тұқымды балық, үлкен аулар, қайық, 2 автомобиль, аулау қарулары тартып алынды.

Істі шешіңіз.

**12-есеп.**

Ілекөл өзенінде табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу кезінде жануарлар және өсімдіктер дүниесін мемлекеттік бақылаудың аумақтық басқармасы қызмектерлерімен 17 браконьер ұсталынды. Алайда, осы браконьерлермен жеткізілген торларда үш кішкентай қаракөздер табылды. Балықтар – болмады!

Одан кейінгі тексеріс теңізді жалға алған «Жуалы и К» ЖШС балықтануды толық шарада өткізбейтінін көрсетті. Жыл сайын 500 мың балық орнына 10 есе аз балық жіберіледі. Нәтижесінде балық өздігінен өсіп-өне алмайды.

«Жуалы и К» ЖШС қатысты қандай шараларды қолдануға болады?

**13-есеп.**

Шетел аңшылық туризммен айналысатын «Ақ-жолы» туристік компаниясы үш Австрия азаматы үшін арқарларды аулауды ұйымдастырды.

Тікұшақты жалдап, олар компанияға 480 мың доллар төлеп 4 арқарды атып түсіреді.

Қазақстан Республикасында мұндай аңшылық мүмкін бе?

Жабайы жануарларды аулауға шетел азаматтарымен аңшылық атқарушылардың есептесу тәртібі қандай?

**14-есеп.**

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы астық дақылдарын жинау бойынша механизацияланған жұмыстар уақытында жануарлар төлін жоюмен келтірілген шығынды өтеу туралы «Заря» ауыл шаруашылық кәсіпорнына талапты аудандық сотқа береді. Аудандық сот шығынның мұндай тегін өтеу мүмкіндігін қарастырып накты құқықтық нормалардың жоғын сілтеп, өтінішті қабылдау мен істі қараудан бас тартты.

Аталған іс бойынша түсіндіру жобасын дайындаңыз.

**15-есеп.**

Мамлютка-Петропавл станциясында шұғыл тежеуді қолдануға мәжбүр болған жолаушылар поездінің машинисті темір жол төсеміне жүгіріп шыққан бұғыны басып өтпеудің алдын ала алмады. Бұғыны басып өткендіктен темір жол қозғалыстары екі сағатқа тоқтатылды, жолаушылар және тауар поездары бөгелді. Петропавл темір жол бөлімшесі аңшылық шаруашылыққа келтірілген шығындарды өтеу туралы талап қойды. Аңшылық шаруашылық темір жолдан өлген жануардың құнын өндіру туралы қарсы талап қойды.

**Істі шешіңіз.**

## Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы, құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 9, 24-25, 34-35, 44-46, 83, 85-86, 88-89

**Тыңдаушылардың өздік жұмысы – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырма:**

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2) Глоссариді толықтыру: жануарлар әлемі; аң аулау; балық аулау, су омыртқасыздары мен теңіз сүтқоректілерін табу; аң және балық аулау объектісіне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсатында пайдалану; жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелеу және эстетикалық

мақсаттарда пайдалану; жануарларға пайдалы заттар мен өмірлік іс-әрекетіне қажетті азықтарды пайдалану ; жануарлар түрін өндіру.
3) ***Схемалық*** түрде бейнелеу: «Жануарлар әлемін пайдалану құқығы түрлері».
4) Ұсынылған тақырыптардың біреуіне реферат жазу:
1. Жануарлар әлемін пайдалану түрлері.
2.Жануарлар әлемін пайдалану және қорғау саласындағы бұзушылықтар түрлері.
3. Жануарлар әлемін қорғау бойынша құқық қорғау органдарының қызметі.
4. ***Браконьерлік*** үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік.
5.***Браконьерлік*** үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік.
6. ***Браконьерлік*** үшін қылмыстық жауапкершілік.
7. Жануарлар әлемін қорғау заңнамасын бұзғаны туралы істерді соттың қарастыруы.

**Өзін-өзі бақылау мәліметтері:**

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:
1. Жануарлар әлемінің ұғымы мен негізгі белгілері.
2. Жануарлар әлемін пайдалану құқығының түрлері.
3. Аң аулауды құқықтық реттеу.
4. Балық аулауды құқықтық реттеу.
5. Жануарлар әлемі заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар**:

Дайындықты ұсынылған негізгі және қосымша әдебиетті зерттеуден бастау қажет. Жануарлар әлемі санаттарына мән беру қажет, себебі ол құқық бұзушылықтың дұрыс ***квалификациясына*** маңызды. Жануарлар әлемін пайдалану және қорғау құқықтық тәртібіне көңіл бөлу керек. Жануарлар әлемі заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті саралау.
Алған теориялық білімді тесттік тапсырмаларды орындау барысында пайдалану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 9, 24-25, 34-35, 44-46, 83, 85-89, 97-105, 114

## № 13, 16-тақырып. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау. Экологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық режимі

**40-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.
2. Экологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық режим.

**Дәріс тезистері:**

1. Атмосфералық ауа - атмосфера газының табиғи қоспасын көрсететін қоршаған ортаның құрамдауышы.

Атмосфералық ауаның құқықтық ұғымы жаратылыстанудың «атмосфера» ұғымынан ерекшеленеді. Құқықтық реттеу объектісі ретінде жалпы ауа емес, ал өмір сүрудің табиғи ортасының элементі ретінде атмосфералық ауа, оның ішінде барлық атмосфераның ауасы емес, ао жерге ең жақын оның қабаттары (тропосфера) қарастырылады. Тұрғын үй-жайларындағы ауа экологиялық заңнама нормаларымен қорғалмайды. Сондай-ақ атмосфералық ауаға баллондарда, компрессорларда табылатын ауа жатпайды.

Атмосфералық ауа басқа қорғалатын табиғи объектілермен салыстырғанда сипатты ерекшеліктерге ие болады.

Біріншіден, атмосфералық ауаны экономикалық пайдалану қазіргі уақытта күннен күнге дами бастағанымен, іс жүзінде құқықпен реттелмейді. Екіншіден, өзінің табиғи қасиеті бойынша атмосфералық ауа меншікте, мемлекет, қандайда бір ұйым, азамат иелігінде, басқаруында бола алмайды. Ауа массалары жел немесе температуралық ауытқулар әрекетімен үнемі қозғалыста табылады және бір мемлекеттің аумағынан екіншісінің аумағына ауысады. Үшіншіден, атмосфералық ауаны қорғау сандық қатынаста өзгеріссіз қалатын ауаның өзі үшін емес, ал адам денсаулығын және қоршаған табиғи ортаны, өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

Атмосфералық ауаны қорғауды құқықтық қамтамасыз етудің негізгі проблемасы аталған облыстағы арнайы нормативтік құқықтық қамтаамсыз етудің болмауы болып табылады. Бұрын бұл функцияны 2002 жылғы 11 наурыздағы «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы орындаған. Енді бұл заң ҚР Экологиялық кодексін қабылдаумен байланысты күші жойылған, алайда оның мағынасын мұқиятоқыған кезде атмосфералық ауаға біраз мақалалардың арналғаны түсіндіріледі. Заң шығарушы, шынында, климатты және жердің озон қабатын қорғауға көп назар бөлген. Алайда Жердің озон қабаты атмосфералық ауаның шамалы бөлігін құрайды. Атмосферадағы озонның негізгі массасы озоносфера – қабаты түрінде – 20-25 км биіктікте шоғырлану максимумымен 10-нан 50 км дейін биіктікте орналасады.

Қазақстан Республикасындағы атмосфералық ауаны қорғау ауа жағдайын тазалықта сақтауға және жақсартуға, халық, республика

экономикасы, өсімдік және жануарлар дүниесі үшін қолайсыз салдарлар тудыратын атмосфераға зиянды химиялық, физикалық, биологиялық және өзге әсерлердің алдын алуға және азайтуға, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғау облысындағы заңнаманы нығайтуға бағытталған іс-шаралардың жиынтығын көрсетеді.

Объективті мағынада атмосфералық ауаны құқықтық қорғау – атмосфералық ауада антропогендік дамудың зиянды салдарлардың алдын алу, атмосфералық ауаның сапасын сақтау және жақсарту бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Субъективті мағынада атмосфералық ауаны құқықтық қорғау – бұл атмосфералық ауада антропогендік дамудың зиянды салдарлардың алдын алу, атмосфералық ауаның сапасын сақтау және жақсарту бойынша шараларды бекітетін құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

Заңнамамен болған кезде оның құқықтық мағынасында ластану орны болатын белгілердің қатары бекітілген. Оларға келесілер жатады:

- ластану – бұл белгілі факторлардың әсерімен, мысалы, ластаушы заттардың шығарындыларының нәтижесінде атмосфералық ауа сапасының өзгеруі;
- ластану деп ондағы зиянды заттардың шоғырланулары мен ауаға әсер ету нормативтерінің, басқа белгіленген нормативтердің артуымен сипатталады;
- ластану сияқты құқықтық көзқарас тұрғысынан, егер нәтижесінде адамдардың денсаулығына, табиғи объектілерге зиян келтірілсе (зиян келтірудің нақты қаупі бар), ауаның мұндай өзгеруі қарастырылады;
- ластану антропогендік сипат алады, сғни адам қызметінің нәтижесі болып табылады.

Ауаны ластаудың алдын алу үшін оны қорғаудың құқықтық шараларының жүйесі анықталады. Оларға келесілер жатады: шекті рұқсат етілетін зиянды әсер ету нормативтерін анықтау, ластаушы және әлеуетті қауіпті заттардың тізімін нормативтік бекіту, шығарындылардыы реттеу (эмиссияға рұқсат алу), зиянды әсерлерді есепке алу, атмосфералық ауа мониторингін жүргізу, шаруашылық қызметтің жеке сатыларына қолданылатын экологиялық талаптарды бекіту. Аталған функциялар ҚР Үкіметімен, жергілікті өкілдік және атқарушы органдармен, сондай-ақ оған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында қолайсыз экологиялық жағдай сақталған. Арал және Семей аймақтары ресми түрде экологиялық зілзала аймағы болып жарияланды, онда табиғи экологиялық жүйенің бұзылуы, жануарлар және өсімдіктер дүниесінің азуы өтті және қолайсыз экологиялық жағдайлар салдарынан халық денсаулығына маңызды зиян келтірілді.

Экологиялық зілзала және төтенше экологиялық жағдайлар аймағының

ұғымдары 1997 жылғы 15 шілдедегі «Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР бұрынғы Заңының 68 және 69 баптарында бекітілген.

2007 жылы 9 қаңтарда қабылданғар ҚР Экологиялық кодексі 1997 жылғы 15 шілдедегі «Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР Заңымен салыстырғанда кологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық режимін өте толық реттемелейді. ҚР ЭК-де 8–баптан тұратын тұтас екі тарау қарастырылған: 23-тарау «Жекелеген аумақтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтары деп жариялау ұғымы және тәртібі» және 24-тарау «Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарындағы құқықтық реттеудің ерекшеліктері», ал ескі Заңда барлығы 3-баптан тұратын бір бап болды.

23-тарауда төтенше экологиялық жағдай, экологиялық зілзала ұғымдары өзгертілген.

«Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала» 173-бабына сәйкес төтенше экологиялық жағдай - бұл шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Экологиялық зілзала - шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

«Халықтың денсаулығының едәуір нашарлауы», «халықтың денсаулығына төнетін қауіп» ұғымдарын ҚР ЭК 173-бабына енгізу жаңа болып табылады.

Халықтың денсаулығына төнетін қауіп деп қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің артуы түсініледі.

Халық денсаулығының едәуір нашарлауы деп қоршаған ортаның ластануынан туындаған денсаулықтың өмірмен сыйыспайтын орны толмас бұзылуының, өлім себептері құрылымы өзгерулерінің және ерекше өзіндік аурулардың пайда болуының артуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің едәуір артуы түсініледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысында төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарымен аумақты тану немесе мойындамау туралы тұжырым болуы тиіс.

Аймақ 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен - аумақты

төтенше экологиялық жағдай аймағы; 2) Қазақстан Республикасының заңымен - экологиялық зілзала аймағы деп жарияланады.

Жоғарыда аталған төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала анықтамаларына байланысты төтенше экологиялық жағдай аймағы мен экологиялық зілзала аймағының анықтамасын тұжырымдауға болады:

Төтенше экологиялық жағдай аймағы – бұл шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесі.

Экологиялық зілзала аймағы - шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесі.

Сонымен төтенше экологиялық жағдай аймағы мен экологиялық зілзала аймағы ерекшеленеді:

1) экологиялық зиян дәрежесі бойынша. Экологиялық зілзала аймағында қоршаған табиғи ортаның терең қайтарымсыз өзгерістері өтті, ал төтенше экологиялық жағдай аймағында – табиғатты өзі елей алатын және өздігінен қалпына келтіретін қоршаған табиғи ортадағы тұрақты теріс өзгерістер өтті.

2) салдарлардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша. Экологиялық зілзала аймағында экологиялық зиян нақты болып табылады. Бұл халық денсаулығының едәуір нашарлауы, табиғи экологиялық жүйенің бұзылуы, жануарлар және өсімдіктер дүниесі жағдайының нашарлауы. Төтенше экологиялық жағдай аймағында мұндай салдарларды келтірудің нақты қаупі ғана болады.

3) бұл аймақтардың түзілу тәртібі бойынша. Аймақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен - аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы, Қазақстан Республикасының заңымен - экологиялық зілзала аймағы деп жарияланады.

– түзілу жүйелігі бойынша. Төтенше экологиялық жағдай аймағы өз тегінде экологиялық зілзала аймағына алдын ала, ауыспалы кезеңі болып табылады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 22, 23, 24-25, 62, 97-100, 103-105

**Сабақ 41 Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

## Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:

1. Атмосфералық ауа және оның құқықтық қорғау ұғымдары.
2. Атмосфералық ауаны қорғаудағы ҚР ішкі істер органдарының қызметі.
3. Экологиялық ***нашар*** аумақтар ұғымы.
4. Экологиялық ***жұтау*** аймағының ұғымы мен белгілері.
5. Экологиялық ***жұтау*** аймағының төтенше экологиялық жағдайлар аймағынан айырмашылығы.

## Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.
4. Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау: атмосфералық ауа ұғымы; атмосфералық ауаның ластану ұғымы мен құқықтық белгілері.
5. Екінші сұрақты дайындау барысында атмосфералық ауаны қорғаудағы ҚР ішкі істер органдарының қызметін зерттеу.
6. Үшінші сұрақты дайындау барысында экологиялық ***нашар*** аумақтардың ұғымы мен белгілерін ашу керек.
7. Төртінші сұрақты дайындау барысында экологиялық ***жұтау а***ймақтарының ұғымы мен белгілерін, оның ерекшеліктерін ашу керек.
8. Бесінші сұрақты дайындау барысында экологиялық ***жұтау*** аймақтарының экологиялық төтенше жағдайлар аймағынан айырмашылығын көрсету.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 22, 23, 24-25, 62, 97-100, 103-105

**Сабақ 42** **ТОӨЖ - 1 сағат**

## Тапсырмалар:

### 1-есеп.

Балқаш мыс қорыту зауытында желдететін және тозаң тұтатын жүйенің нашар жұмыс істеуінен тәулік сайын тозаңның 9 тоннадан астамы «құбырға ұшып жатты». Кәсіпорында атмосфераның ластануымен қатар мамандардың кіші санаулары бойынша жыл сайын тозаңмен бірге шикізаттың шамамен 70 темір жол вагондары жоғалады.

Қолданысы экологиялық заңнаманың талаптарын зауыт әкімшілігінің сақтауын қамтамасыз етуге шақырылған құқықтық әсер ету шараларын атап

өтіңіз.

**2-есеп.**

№35 маршрут бойынша жүретін автобус атмосфераға пайдаланылған газды шығару нәтижесінде өзінің артынан түтіннің тұтас сүйреткісін «сүйреп өтті». Сонымен бірге, пайдаланылған газдар автобус салонына енді және жолаушыларды қалың бұлтпен орады, кейбіреуінде көңіл күйі тез нашарлады; көздерінде шанышпа ауру пайда болды, бастары ауырды.

Қандай органдар атмосфералық ауаны қорғауды қадағалауы тиіс?

Кім жіберілген құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік артуы тиіс?

**3-есеп.**

Жол полициясының қызметкері Федоров жол полициясының міндетіне жыл сайынғы автокөлік құралдарының жағдайын мерзімдік бақылау өткізу кіреді, ал пайдаланылған газдардың бұл көліктермен ластануын тексеруді өткізу басқа органдардың (ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің органдарының) міндеті болып табылады деп санайды.

Сіз Федоровтың пікірімен келісесіз бе?

Егер жоқ болса, неліктен?

**4-есеп.**

Шымкент қаласында адам денсаулығы үшін қауіпті жағдай құрыджы. Тек қорғасын зауыты әрбір жыл сайын нормадан төрт-сегіз есе жоғары 40 мың тонна әр түрлі канцерогендер атмосферамен бөліседі; ал фосфорлық жыл бойы 17 мың тонна шығарады, бұл ШРЕШ (шекті рұқсат етілген шоғырлану) үш-алты есе көп; цементті жыл сайын адамдарды уытты тозаңның төрт мың тоннасымен «шалқақтатады». Шымкент және облыс атмосферасына барлығы қатты, газ тәрізді және сұйық зиянды заттардың 200 мыңнан астам тоннасы шығарылады.

Атмосфераны зиянды заттармен ластау нәтижесінде келтірілген зиян үшін заңды жауапкершілік туындайды ма?

Атмосфералық ауаны қорғау облысындағы қандай нормалар заңнамамен анықталады?

**5-есеп.**

Қарағанды аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасымен, Қарағанды облысының жол полициясымен және автоәуесқойлар қоғамымен «Таза ауа» атауымен рейд өткізілді. Карбюраторлық қозғалтқыштары бар жеке және қоғамдық көлік құралдары өңделген шығарындылардың түтіндігіне, ал дизельді – көміртегі тотығының шығарындысына тексеріледі. Атмосфераға көлік құралдарымен зиянды заттарды шығару шекті рұқсат етілген нормаларды бекітетін мемлекеттік стандарттардың маңызды бұзушылықтары анықталмады.

Осы органдардың әрекеттері дұрыс па?

Карбюраторлық және дизельдік қозғалтқыштардың зияндылығына шығарындыларды тексеру мәні нені құрайды?

**6-есеп.**

Қарағанды аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасына «Жезқазғантүстімет» АҚ айналасында ауа қатты газдалғаны туралы азаматтардың шағымы түсті. Азаматтар кәсіпорын әкімшілігіне қажетті шараларды қабылдау өтінішімен бірнеше рет жүгінді, алайда кәсіпорын ешқандай шара қабылдамады.

Шағымдарды тексеретін басқарма инспекторы зауыттың Қоршаған ортаны қорғау министрлігі органдарынан атмосфераға зиянды заттарды шығаруға рұқсаты мүлдем жоғын атап өтті.

Осы негізінде кәсіпорын директоры және бас инженер әрқайсысы 5 600 теңге мөлшерде айыппұлмен жазаланды. Айыппұл салынғандар зауытта шығарындылардың ШРЕШ белгіленгенін, ал атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларына рұқсаттар қажет етілмейтінін дәлелдеп айыппұл салу туралы қаулыны шағымдады.

Шағымға жауап қандай болуы тиіс?

**7-есеп.**

Республикалық мөрде келесі мазмұндағы жарияланымдар өте жиі кездеседі:

«Көкшетау – республиканың бес облысының бірі, онда ісік аурулары кең тараған. Бұл экологиялық жағдайлардың нашарлауымен байланысты. Алтынды және уран кен шахталарын өңдеу ашық тәсілмен, элементарлық технологияны сақтамай, халықтың қауіпсіздігімен және денсаулығымен санаспай өткізіледі... Көбінесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау қажет бір елді мекендерде, бір аудандарда көбісі өледі». (Кузенной А. «»Ақ өлім» аймағының құрбандары мен батырлары //Қазақстан Жаршысы. - 1994 - 20 мамыр.

«Шығыс-Қазақстан облысы ***варварлық*** шаруашылық қызметі нәтижесінде экологиялық зілзала аймағына айналды. Оның аумағының тек 7 % қолайлы, жартысынан астам топырақ ауыл шаруашылық өнімдерін өсіруге жарамсыз». (Амбарцумян М. «Заң және санитариялық қызмет» //Казахстанская правда. - 1993 - 7 сәуір).

Экологиялық зілзала аймағының басқа экологиялық қолайсыз аумақтардан айырмашылық белгілері қандай?

Экологиялық зілзала аймағы деп аумақты жариялау тәртібі қандай?

Экологиялық зілзала аумағы мәртебесінен туындайтын бірінші кезекті шаралар неден тұрады?

**8-есеп.**

Бірнеше жылдар бойы Азғыр полигонында сынақтар өткізіледі. Осы полигонда жер асты ядролық жарылыстардың газ тәрізді өнімдері өзінің жалпы радиоактивтігі бойынша (шамамен 10 млн.кюри) Чернобыль апатымен салыстырмалы. Азғырда таллийдің көбеюі шекті қауіпсіз көрсеткіштердің 120-дан 8000 дейін құрайды.

Азғыр полигонының аумағы экологиялық зілзала аймағы жариялана ала ма?

Қолайсыз экологиялық аумақтардың құқықтық режимін сипаттаңыз.

**9-есеп.**

Аралдағы Өркендеу аралында жүзеге асырылатын биологиялық қару сынақтарының салдарынан құнарлы жерлер зақымданды: енді олар зоонозды текті жұқпалы аурулардың отырғызғыштары болып табылады.

**Қазақстан Республиасының әр түрлі сынақ полигондарында сынақтар салдарынан зардап шеккен жердің құқықтық режимінде ерекшеліктер бар ма?**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

Тапсырма бойынша қорытынды шығармас бұрын, тыңдаушы даулы жағдайды талдаудан өткізіп, оның дұрыс заңды дәрежесін беруі қажет.

Келесі түрде пайымдау қажет:

1) Құқықтық қатынас құрамын анықтау.

2) Құқық бұзушылық құрамының талдауын жасау.

3) Заңды жауапкершіліктің шараларын атау.

4) Көрсетілген шығынның өтемін толтырудың тәсілдерін анықтау.

5) Істі шешу.

6) Сұраққа жауап беру, Берілген құқық бұзушылықты ескерту үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Әрине, келтірілген сұрақтар өзінің жиынтығымен барлық тапсырмаларға қолданыла бермейді, бірақ олар тыңдаушыны болған мәселені тереңінен саралап, қате шешім шығаруынан сақтайды .

Құқықтық қатынастың құрамын анықтау тыңдаушыларға мәселені шешудің кілті болады, өйткені қолданысқа жататын заңнама саласын нақты атауға мүмкіндік береді. Экологиялық қатынас әкімшілік, азаматтық және өзге де қатынастармен тығыз байланысты екендігін ескеретін болсақ, бұл өте маңызды.

Құқық бұзушылықтың құрамын анализдеу жауапкершілік шараларын анықтау үшін қажет. Бұндай анализ экологиялық құқық бұзушылықтың құрамының төрт белгісімен өткізіледі: кінә, іс-әрекетінің құқық қайшылығы,

құқық бұзушылық нәтижесімен байланысты себеп және қоршаған табиғи ортаға зиян келтірілу.

Заңды жауапкершілік щараларын анықтау тыңдаушы үшін маңызды. Құқыққа қайшылық және қоғамдық қауіп дәрежесіне байланысты құқық бұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шаралары қарастырылады . Келтірілген зиянның шығынын толтыру тәсілдері жайында сұрақ өздігінен қойылады. Біріншіден, келтірілген зиянның шығыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тәуелсіз қайтарылады, екіншіден, заңмен қарастырылған жағдайларда ол құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда өндіріледі; үшіншіден, келтірілген зиянның орнын толтыру көтеріңкі қауіп көзі иесінің жауапкершілік ережелері бойынша жүргізіле алады.

Қаулы етілген сұрақтың жауаптары негізінде берілген нақты іс бойынша шешім тұжырымдалады.

Әрбір жеке жағдайда тыңдаушыларға құқық бқзушылықты жасаудың себептеріне зерттеу жүргізу ұсынылады, экологиялық заңнаманы бұзудың ескертулері бойынша нақты шараларды анықтау.

Сабақ барысында қолданылмаған тапсырмалар тыңдаушылардың сабаққа өздігімен дайындалу барысында және жеке мәселелерді тереңірек зерттеу барысында, сондай-ақ емтиханға дайындық барысында қолдануына болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 22, 23, 24-25, 62

**Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары – 3 сағат**

**Тыңдаушыларға тапсырмалар:**

1) Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2) Глоссарийді толықтыру: атмосфералық ауа, ПДК, ПДВ, ПДУ, экологиялық зардап жерлері, төтенше экологиялық оқиғалар жерлері.
3) Кестені толтыр:
«атмосфералық ауаны қорғау туралы заң бұзылуына жауаптылық»

| Әкімшілік | Азаматтық-құқықтық | Қылмыстық |
|---|---|---|

4) Ұсынылған тақырыптардың біріне реферат дайындау.

1. Атмосфералық ауаның құқықтық қорғау обьектісі ретіндегі ерекшелігі.
2. Атмосфералық ауаны қорғауға Қазақстан Республикасының Құқықорғау органадарының қатысуы.

3. Атмосфералық ауаны қорғау аясында заң бұзылуына жауаптылық.
4. Эклогиялық зардапқа ұшыраған жерлер түсінігі, белгісі, түрлері.
5. Қазақстан Республикасы ***территориясындағы*** экологиялық зардапқа ұшыраған жерлер.
6. Төтенше экологиялық оқиғалар құру түсінігі мен факторлары
7. Экологиялық зардапқа ұшыраған жерлердің төтенше экологиялық оқиғалар жерлерінен айырмашылығы.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

Өзіндік бақылау үшін сұрақтарға жауап беру:
1. Атмосфералық ауаның құқықтық түсінігі.
2. Атмосфералық ауаның құқықтық қорғауы.
3. Атмосфералық ауа ластануының құқықтық түсінігі.
4. Атмосфералық ауаны қорғауда қолданылатын нормативтік эмиссиялар.
5. Экологиялық зардап шеккен жерлер түсінігі мен ерекшеліктері.
6. Төтенше экологиялық оқиғалар болған жерлер түсінігі мен ерекшелігі.
7. Экологиялық зардапқа ұшыраған жерлердің төтенше экологиялық оқиғалар жерлерінің салыстырмалы сипаты.

**Тыңдаушыларға әдістемелік нұсқаулар:**

Дайындықты ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді оқудан бастау қажет. Атмосфералық ауа, оның құқықтық қорғауы, экологиялық зардап шеккен жерлер белгісі, төтенше экологиялық оқиғалар болған жерлер ерекшелігіне көңіл бөлу қажет.
Алынған теориялық білімді тапсырманы шешуде қолдану қажет.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 22, 23, 24-25, 62, 97-100, 103-105

## № 14-тақырып. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимі

**43-сабақ** **Дәріс - 1 сағат**

**Дәріс жоспары:**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ұғымы және түрлері.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимі.

**Дәріс тезистері:**

1. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңының 1-бабы,

2-тармағына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақ - айырықша күзет режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендер мен объектілерді қамтитын жер, су объектілерінің және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері жатады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілерінің негізгі сипаттары келесілер болып табылады: а) жалпы ұлттық игілік объектілеріне олардың тиесілігі; б) шаруашылық пайдаланудан толық немесе жартылай тартып алу; в) ерекше қорғау режимін анықтау; г) мемлекеттік меншіктік объектілеріне олардың көпшілігін қосу; д) мәртебе алудың ерекше тәртібінің болуы (уәкілетті орган шешімі); е) республикалық не жергілікті – белгілі мәнмен беру; ж) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрына немесе мәдени мұралар объектілерінің тізіліміне (тізіміне) қосу; з) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңмен сәйкес қорғау режимі мен мәртебелі сипаттаманы анықтау; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілерінің режимін бұзғаны үшін заңды жауапкершілік шараларын анықтау.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи қорық қорын сақтау және қалпына келтіру үшін құрылады. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры деп табиғи эталондар, уникумдар мен реликтер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, оқу-ағарту, білім беру, туризм және рекреация нысаны ретінде айырықша экологиялық, ғылыми және мәдени құндылығы бар мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған ортаны қорғау объектілерінің жиынтығы түсіндіріледі (Заңның 1-бабының 9-тармағы).

Мемлекеттік табиғи-қорық қорларына келесі объектілер енгізіледі:

а) зоологиялық – жануарлардың сирек және жоғалу қаупінде табылатын түрлері, жануарлардың бағалы түрлері, жануарлардың үлгілік, бірегей және сирек топталулары;

б) ботаникалық – өсімдіктердің сирек және жоғалу қаупінде табылатын түрлері, өсімдіктердің бағалы түрлері, өсімдіктердің үлгілік, бірегей және сирек топталулары;

в) орман – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ормандары; орман дақылдарының өндірісі мен егіс даласын қорғайтын орман алқаптарының түпнұсқалық үлгілері;

г) дендрологиялық – ғылыми және мәдени-тарихи маңызы болатын жеке ағаштар немесе олардың топтары, бау-бақ дақылдарының түпнұсқалық үлгілері;

д) гидрологиялық – ерекше мемлекеттік маңызы немесе ерекше ғылыми құндылықтары болатын су тоғандары;

е) геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық – ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге құндылықтарды көрсететін жер қойнауының учаскелері;

ж) топырақты – әр түрлі топырақты аймақтардағы үлгілік, бірегей

және сирек топырақтар;

з) ландшафтты – үлгілік, бірегей және сирек ландшафтар, қол тимеген қалыпта табиғаттың эталондық қатысушылары, ерекше рекреациялық мағынасы болатын ландшафттар.

Қорғау мақсаттарына, режимдері мен пайдалану ерекшеліктеріне байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың келесі түрлері көрсетіледі:

Құру мақсаттарына және күзет режиміне байланысты республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері бөліп алынады:

1) мемлекеттік табиғи қорықтар;
2) мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар;
3) мемлекеттік табиғи резерваттар;
4) мемлекеттік хайуанаттар саябақтары;
5) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
6) мемлекеттік дендрологиялық саябақтар;
7) мемлекеттік табиғи ескерткіштер;
8) мемлекеттік табиғи қаумалдар;
9) мемлекеттік қорық аймақтары.

Құру мақсаттарына және күзет режиміне байланысты жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері бөліп алынады:

1) мемлекеттік аймақтық табиғи саябақтар;
2) мемлекеттік хайуанаттар саябақтары;
3) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
4) мемлекеттік дендрологиялық саябақтар;
5) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
6) мемлекеттік табиғи қаумалдар.

Қазақстан Республикасының заңды актілері ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге түрлері қарастырылуы мүмкін.

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің құндылығына тәуелді ерекше қорғалатын табиғат аумақтары жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға санат бойынша бөлінеді.

Сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды табиғатты қорғау мекемесін құрмай табиғатты пайдаланатын мекемелер мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бөлуге болады.

Табиғатты қорғау мекемелерінің мәртебесі олардың санаттарына тәуелсіз ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың келесі түрлеріне беріледі:

мемлекеттік табиғат қорықтары;

мемлекеттік ұлттық табиғат саябақтар;

мемлекеттік аймақтық табиғат саябақтар;

мемлекеттік зоологиялық саябақтар;

мемлекеттік ботаникалық бақтар;

мемлекеттік дендрологиялық саябақтар.

Табиғатты қорғау мекемесінің мәртебесімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар заңды тұлғалар болып табылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға тән ерекше қорғаудың құқықтық режимі табиғи процестерге кез-келген араласуға, әлдебір шаруашылық және өзге қызметті жүргізуге тыйымдар мен шектеулерді белгілі аумақтарда анықтауды болжамдайды не мұндай қызметті жартылай жүзеге асыруға жол береді. Аталған режимі бөлінеді:

1) қорық режимі;

2) қаумалдық режим;

3) шаруашылық қызметтің реттелмелі режимі (Заңның 28-бабы).

Қорық режимі (абсолютті қорықтандыру режимі) – кез-келген шаруашылық қызметтің, сондай-ақ аталған ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға табиғат кешендері мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің табиғи жағдайын бұзатын өзге қызметтің тыйымын қарастыратын режимі.

Араласу келесі жағдайларда мүмкін: 1) ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу үшін, 2) қоршаған табиғат ортасына зиянның алдын алу мақсатымен (өртпен күресу, жергілікті фаунаға қауіп төндіретін жыртқыштарды жою кезінде), 3) арнайы жолдар бойынша енжар экскурсияларды ұйымдастыру үшін. Қорық режимі қорықтар, қорық аймақтары, табиғат ескерткіштері үшін тән.

Қаумалдық режим (салыстырмалы қорықтандыру режимі) – бұл белгілі мерзімге немесе онсыз шарушылық және өзге қызметтің жеке түрлерін жыл маусымдары бойынша толық тыйым салуды немесе шектеуді қарастыратын режим. Қаумалдық режим мемлекеттік табиғат қорықтарында қабылданған.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 5, 10, 24-25, 44-46, 90, 97-100, 102-105, 114

**Сабақ 44** **Семинарлық сабақ - 1 сағат**

**Семинар жоспары:**

**Нұсқа 1**

**Викторина**

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. 7 адамнан екі топ ұйымдастыру.
2. Топ басшыларын тағайындау.
3. 3 адамнан тұратын әділқазыларды таңдау.
4. Тайм-киперді таңдау.
5. Тілші рөлінде шығатын қалған тыңдаушылар топ өкілдеріне сұрақтар дайындайды.
6. Капитандар: қарсыласына 3 сұрақ дайындау.
7. Берілген тақырыптар бойынша оқу әдебиеті мен қосымша мәліметтерді оқу, ҚР Экологиялық кодексін зерттеу, ҚР «Ерекше қорғаудағы табиғат аумаақтары» Заңы
8. Викторинаны өткізу тәртібімен танысу:
1 кезең – топтарға сұрақ.
2 кезең – капитандар сайысы.
3 кезең – топтарға қиын сұрақтар.
4 кезең – тілшілердің топтарға сұрақтары.

**Нұсқа 2**
**(сұрақ-жауап түрі, дискуссия)**

**Семинарда талқыланатын оқу сұрақтары:**

1. Ерекше қорғаудағы табиғат аумақтарының ұғымы мен құрамы :
а) Табиғат қорықтық қорғаудың ұғымы мен міндеттері;
б) Мемлекеттің табиғаттық-қорықтық қорының ұғымы, оның құрамды бөліктері;
в) Ерекше қорғаудағы табиғат аумақтарының құқықтық тәртібінің ұғымы мен ерекшеліктері;
г) Ерекше қорғаудағы табиғат аумақтарының түрлері.
2. Қорықтардың, қаумалдардың, ұлттық табиғат саябақтардың құқықтық тәртібі:
а) Қорықтардың құқықтық тәртібінің ерекшеліктері;
б)Қаумалдардың құқықтық тәртібінің ерекшеліктері;
в)Ұлттық табиғат саябақтарының құқықтық тәртібінің ерекшеліктері;
г)Табиғат ескерткіштерінің құқықтық тәртібінің ерекшеліктері.

**Тапсырмаларды орындау бойынша тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар:**

1. Тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін зерттеу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.
3. Дәріс конспектілерін дайындау және алдағы семинар сұрақтарына қысқа жауап конспектісін жазу.

4.Бірінші сұрақты қарастыру барысында келесі элементтерді анықтау қажет:қорықтық қорғаудың ұғымы мен мақсаты; мемлекеттік табиғаттық-қорықтық қорының ұғымы мен негізгі элементтері;ерекше қорғаудағы табиғат аумақтарының ұғымы мен заңдық сипаттамасы; ерекше қорғаудағы табиғат аумақтарының классификациясы.
5. Бесінші сұрақты дайындау барысында қорықтардың, қаумалдардың, ұлттық табиғат саябақтарының құқықтық тәртібін қарастырып, олардың ерекшеліктерін айыру.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** 1, 4, 5, 10, 24-25, 44-46, 90, 97-100, 102-105, 114

**САБАҚ 45** **ТОӨЖ - 1 САҒАТ**

**Тапсырма:**

**Нұсқа 1**
**Іскерлік ойын**

**Талқылауға ұсынылған оқиғалар нұсқасы:**

Азамат Асаинов ұлымен бірге жануарлар саябағына келді және қызыл қасқыр тұрған клетка маңына тоқтады.

Бала қасқырды тамақтандырғысы келді де, клеткаға қасында жатқан бір тілім етті лақтырды.

Жануарлар саябағының жұмыскері оны көрген соң, жануарлар саябағына келу тәртібін бұзуға жол бермеу үшін, Асаиновтердің аты-жөнін, мекен-жайын жазып алып, жануарлар саябағынан кетуді талап етті.

Келесі күні қасқыр ауырып қалды да, бірнеше күннен кейін өліп қалды.

Жануарлар саябағының мал дәрігері өлім уланудан болды деп қорытынды жасады.

Жануарлар саябағының әкімшілігі азамат Асаиновты қасқырды өлімге алып келген әрекет жасағаны үшін ҚР КоАП 298 бабы бойынша әкімшілік жазаға тарту туралы талаппен табиғат құқығын қорғау полициясының бөліміне келді.

Сонымен қатар жануарлар саябағының әкімшілігі Асаиновке жануарлар саябағына келтірген шығыны, ҚР қызыл кітабына енген қызыл қасқырдың өліміне байланысты орнын толтыру үшін, 600 АӨК шамасында шығнды өтеуге талап қойды.

Асаиновтердің қайсысы заңды жауаптылыққа тартылады және қандай?

**Тапсырмалар және тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар:**

Рөлдерді бөлу:
Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері:
- Қарағанды облысы бойынша ІІД табиғатты қорғау полициясы бөлімінің бастығы Бутимбаев,
Табиғатты қорғау полициясының 2-3 қызметкерлері.
- азамат Асаинов.
- азамат Асаиновтың ұлы.
- азамат Асаиновтердің қорғаушысы.
Қарағанды жануарлар саябағының әкімшілігі:
- Жануарлар саябағы директоры,
- жануарлар саябағының заңгері,
- жануарлар саябағының бухгалтері,
- жануарлар саябағының жұмыскері.
- Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі Қарағанды облыстық территориялық инспекциясы Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитетінің өкілдері. (2-3 тыңдаушылар)
- Мамандар – сараптаудың әртүрлі түрлерін жүзеге асыратын мекеме өкілдері;
- «Табиғат» ассоциациялар экологиялық одағы мен Қазақстан кәсіпорындары өкілдері- Мэлс Елеусизов бастаған 2 адам.
Журналисттер.

- 2. Азаматтық процесс қатысушыларына дәлел дайындау.
- 3. Журналисттерге азаматтық процеске қатысушыларға сұрақтар даярлау.

**2 - нұсқа**

**Тапсырмалар**

**1-есеп.**

Әкімшілік шешімі бойынша бірнеше ауылшаруашылық кооперативіне және шаруа қожалықтарына Наурзым мемлекеттік қорығының аумағында шөп шабу және шөп дайындауға орман билеттері жазылған. Қорық дирекциясының наразылықтарына қарамастан жалпы ауданы 10 га қорық аумағында шөп шабу өткізілді.

Қорық табиғатына мұндай араласу нәтижесінде табиғи қорық режимі бұзылды, осы табиғи кешеннің бірегей өсімдіктер және жануарлар дүниесі үлкен аумақта жойылды, шамамен 4 млн.500 мың теңге сомаға экономикалық және экологиялық зиян келтірілді.

Істі шешіңіз.

Экономикалық және экологиялық зияндарды өтеу тәртібін түсіндіріңіз.

**2-есеп.**

Әдемі табиғат ландшафтарын, табиғи және мәдениет ескерткіштерін сақтау үшін халықтың белсенді демалысын, туризмді, спорттың аң аулауды және әуесқойлық балық шаруашылығын ұйымдастырумен сәйкес жобалау институттарының бірімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру жобасын әзірледі. Жоба екі міндетті шешуді болмадады: табиғи ортаны сақтау және халықтың демалысы мен туризмін ұйымдастыру.

Режимі қойылған міндеттерді шешу үшін оңтайлы болатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттарын анықтау.

**3-есеп.**

Бірнеше жыл бұрын Қарқаралы қаласы жұртшылығының өкілдері Қарқаралы табиғи саябағын құру туралы мәселе бойынша қорытынды беру өтінішімен аудандық қоршаған ортаны қорғау басқармасына жүгінді.

Аталған табиғи саябақ туралы ереженің жобасына сәйкес оның құрамына енгізілген табиғи аумақ:

а/ жергілікті әкімшілік шешімі бойынша құрылады және оның жүргізуінде табылады;

б/ аймақтық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылады;

в/ коммуналдық меншік болып табылады;

г/ қорғау мен пайдаланудың әр түрлі режимдерімен функционалдық (табиғатты қорғау және рекреациялық) аймақтарға бөлінген;

д/ онда тыйым салынған кез-келген шаруашылық қызметі азаматтық қорғаныстан толығымен шығарылды.

Табиғи саябақтарды құру тәртібі мен режимін қолданыстағы заңнама талаптарымен аталған ережелер сәйкес келеді ма?

Қарқаралы табиғи саябағы туралы ереженің жобасын құрыңыз.

**4-есеп.**

Қарағанды облысы аумағында орналасқан «Тихонов қайыңды тоғайы» табиғат ескерткішін қорғау аймағы шегінде саяжай құрылысы мен бақшаның жерін бөліп беру қатары жасалды.

